

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Қолжазба құқығында

ӘОЖ 818.992.71

ЗИЯЕВА ГУЛНАРА МАХАМАТСОЛИЕВНА

**КІТАБИ АҚЫНДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА СОПЫЛЫҚ
ІЛІМНІҢ ЖЫРЛАНУЫ**

Мамандығы 6М020500-«филология»: қазақ тілі мен әдебиеті

Филология магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған
диссертация

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент С.Ергөбек _____

Түркістан
2015

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
Қ.А.ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ

Қорғауға жіберілді:
Қазақ филологиясы кафедрасының
меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент
Исаева Ж.И.

(қолы)
« ____ » _____ 2015ж

Магистрлік диссертация

КІТАБИ АҚЫНДАР ШАҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ СОҒЫЛЫҚ ІЛІМНІҢ
ЖЫРЛАНУЫ

мамандығы: 6М020500 - ФИЛОЛОГИЯ

Магистрант _____

(қолы)

Г.М.Зияева
(аты-жөні, тегі)

Ғылыми жетекшісі,
ф.ғ.к., доцент _____

(қолы)

С.Ергөбек
(аты-жөні, тегі)

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3-8
1 Ясауи сопылық ілімі мен кітаби ақындар шығармашылығындағы дәстүр сабақтастығы	
1.1 Ясауи сопылық ілімі мен Алтын Орда дәуірі әдебиетіндегі дәстүр сабақтастығы.....	9-32
1.2 XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы кітаби ақындар шығармашылығының Ясауи дәстүрімен сабақтастығы.....	32-40
2 Кітаби ақындар жырлаған қисса-дастандардағы сопылық ілімнің жырлануы	
2.1 Кітаби ақын Ж.Шайхысламұлының «Қисса Мансұр әл-Халлаж» туындысындағы Ясауи сопылық ілімі көріністері	41-57
2.2 А.Сабалұлының «Марғұба қатын» және Т.Ізтілеуұлының «Орданың хикаясы» қиссаларындағы сопылық ілім көріністері мен көркемдік ерекшеліктер.....	57-88
Қорытынды.....	89-94
Пайдаланылған әдебиеттер.....	95-97

Кіріспе

Зерттеу жұмысының өзектілігі. XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы әдебиет ерекше тоқталуды, аса ұқыпты зерттеуді қажет ететін, әр қилы көзқарасты, сан алуан бағыттарды топтастырған, көп қырлы әдебиет екені мәлім. Қазақ қоғамы бұл тұста ауыр отарлық езгіні, сонымен сабақтас әлеуметтік-экономикалық күйзелісті бастан кешті. Отарлық езгі діни рухани езгімен жалғасты. Бұл жағдай ұлттың алдыңғы қатарлы өкілдерінің, оқыған азаматтарының әр түрлі көзқараста өсіп жетілуіне әсер етті. Қоғамдық ахуалды бағалаудағы түрлі көзқарастың әсерінен, қалыптасқан түрліше дүниетаным ықпалынан әдебиеттегі сан салалы ағымдар келіп шықты. XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы әдебиет қаламгерлік құрамы, қолданған әдеби тәсіліне, ұстанған бағыт - бағдарына қарай зерттеліп келеді. Қазан төңкерісіне дейін қаншама кітаптар шығарған біраз қаламгерлердің туындылары қазіргі таңда қайта басылым көру үстінде. Еліміз егемендік алып, өз ұлтымызды өзіміз тануға толық мүмкіндік болып жатқан кезде, бұл дәуірдегі ірілі-уақты ақын, жазушылар жаңа көзқараспен қайта қаралып, дұрыс бағалана түсуі тиіс. Бұл қазақ ұлтының ұлттық идеясымен сабақтасты мәселе. Ұлттық идея мәселесі туралы Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті Н.Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мен қоғамда: «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік Ел» идеясы» десе, «Нұрлы Жол» - болашаққа бастар жол» атты 2015 жылға арналған Қазақстан халқына Жолдауында: «Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз, «Түркі жұртының мұраты – Мәңгі ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалшы ұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді» деп қадап айтты [1]. Елбасының бұл айтқан ұлттық идея ұстанымы қазақ әдебиетінің көне тарихын зерттеуге және бүгінмен сабақтастықта қарауға тікелей қатысты. Сондай жаңаша бағалап, бағамдауды қажет ететін әдеби ағым өкілдері - кітаби ақындар шығармашылығы.

Кітаби ақындар - отарлық езгі себебінен туындаған жаппай орыстандыру, шоқындыру белсенді жүргізіліп, халықтың рухани байлығына шабуыл жасалып, халықтың ғасырлардан келе жатқан сенімі шайқалып тұрған тұста, сол суық ызғарды замандастарынан күн ілгері біліп, оның зардабын жан-жүрегімен сезініп, орысшылдыққа түрікшілдікті, шоқындыруға ислам дінін қарсы қару етіп күреске шыққан ақындар. Бұл ақындарды өздері өмір сүрген кезеңінен бөліп қарауға болмайды. Олар өз дәуірінде қоғам қажеттілігінен туған, өз кезегінде міндеттерін адал орындаған ағартушы ақындар. XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетін сөз еткенде, «ағартушы», «ағартушы демократ» деген атауға бір жақты талап қойылды.

Бұл туралы ғалым Б.Кенжебаев: «XX ғасырдың басындағы ақын-жазушыларды, кітаби ақындар, ағартушы демократ ақындар деп бөлгенде, бір дәуір әдебиетін екі түрлі принциппен бөлген, жіктеген боламыз. Бұл ғылыми

жіктеу емес. Бір дәуірде жасаған ақын-жазушыларды бір принциппен ғана, яғни идеялық - әдеби көзқарастарына қарай жіктеген орынды болмақ», - дейді [2]. Ол ақындар дінді, білімді насихаттады, көпшілігі қазақ ішінде бала оқытқан молда ақындар болды. Олар білім алуды, адалдықты, адал еңбекпен мал табуды, рухани тазалықты насихаттады. Рухани тазалықтың құралы – діни исламдық мәдениет деп білді. Кеңес үкіметі ақын-жазушылардың шығармашылығын өздерінің билігін насихаттайтын саяси құралға айналдыруды көздеді және соған қол жеткізді. Осы тұрғыда мұсылманша оқып қалыптасқан діни ақын-жазушылар жаппай қудалауға ұшырады. Діни-әдеби мұрасы айналымнан алынды. Қазір бұл ақындар шығармашылығы жариялану, зерттеу-зерделену үдерісінде.

Қисса - дастан қазақ әдебиетінде ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезінде ерекше өркендеді. Оның бастауы ортағасырлық түркі сопылық әдебиетте және оның Алтын Орда дәуірінде өркендеген жалғасында жатыр. Онда түрік-ислам дүниесінің мол мұралары қамтылып, заман адамдарының зердесінде қазақ мәдениетінің мыңдаған жылдық рухани тарихы бейнеленді.

Қисса-дастан мәселесінің жалпы жағдайлары М.Әуезов (1959; 1991), С.Мұқанов (1974), Е.Ысмайылов (1956; 1968), Қ.Жұмалиев (1958), Б.Кенжебаев (1973; 1976), М.Ғабдуллин (1974), Б.Шалабаев (Әдеби мұра... 1966, 210-244), Х.Сүйіншәлиев (1986) еңбектерінде сөз болды.

Қиссашыл ақындарды әдебиетке енгізіп, ақтап алуды қарастыру талаптары проф. Б.Кенжебаев еңбектерінен бастау алады. Б.Кенжебаев Шәді, М.Жүсіп, Н.Наушабаев, т.б. шығыс сюжетіне өлең жазған ақындарды «ағартушылық бағыттағы ақындар» деп бөлу арқылы оларды, «кертарпа», «ескішіл» деген айдар тағудан ажыратып алады: «алайда, әне бір жылдары бізде ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетін менсінбеушілік жете бағаламаушылық болды. ХХ ғасыр басында бізде шын мағынасында әдебиет болған жоқ десті. Осыдан ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетін жинап, бастыру, зерттеуге тиісінше көңіл бөлінбеді», - деп жазды Б.Кенжебаев [2, 1056].

Сондай-ақ, М.Бөжеев пен З.Ахметовтің [3,586] зерттеулері осы мәселені алғаш көтеруімен құнды болды. Ә.Қоңыратбаев [4, 202-226] пен Ы.Дүйсенбаевтың [5,149] еңбектерінде жүйелене бастады. Қиссашыл ақындардың бірі Шәді Жәңгірұлының шығармашылығын Н.Келімбетов [6] арнайы зерттеу нысанына айналдырды. Сонымен қатар, Ө.Күмісбаев [7], А.Қыраубаева [8] кітаби ақындар шығармашылығын зерттеуге өз үлестерін қосты.

ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қисса-дастандарды жариялап жарыққа шығару жұмыстары жүргізіле басталды. Алғаш Ү.Субханбердина ның құрастыруымен жарық көрген «Ғашықнама» [9, 461], «Қисса-дастандар», кейін «Ғашықтық дастандар» [10, 440] және «Батырлық дастандар» [10, 371] болып қайта басылып шықты. Сондай-ақ, Б.Әзібаеваның құрастыруымен «Дастандар» [11, 1/2том, 300-318] екі томдығы жарық көрді. С.Қасқабасов,

К.С.Матыжановтар құрастырған «В.В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілерінен» бірнеше қиссалар қосылды [12]. Ш. Жәңгірұлы [6], Н. Нысанбайұлының шығармашылығына арналған диссертациялар қорғалды [13]. Майлықожа, Мәделіқожа, Молда Мұса және Н.Нысанбайұлы, Ергөбек ақындар шығармашылықтарын топтастыра сөз еткен еңбектер [14], Ақмолла, Әбубәкір Кердері, Тұрмағамбет шығармашылықтары да зерттеліп, шығармалар жинақтары жарияланды. Бұл істің көбі еліміз егемендік алғаннан кейін орындалды.

Қазақстан Республикасының Президенті бастамасымен енгізілген «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша осы салада көп жұмыс атқарылды: «Бабалар сөзі» жүзтомдығы, көне рухани мұралар жиынтығы «Әдеби жәдігерлер» атауымен жиырма том болып басылып шықты. Оның үстіне, қазір әр облыс өз жерінің өткені мен бүгінін түгендеп, рухани, әдеби туындыларын жаппай жарыққа шығару үстінде. Бұл өткен кеңес дәуірімен салыстырғанда, осы тақырыпта атқарылған жұмыстардың жемісті әрі үлкен нәтижелі жұмыс деп айтуға болады. Кезінде М.Әуезов «XX ғасыр басында олардан қалған мұра 120 поэма еді» [15, 241], - деп зерттелуі тиіс әдеби мұра ретінде ескерте кеткен кітаби ақындар мұрасы қазір ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеліп жатыр.

Кітаби ақындардың шығармашылығына арқау болған басты мәселе діни сопылық ілім болды. Сопылық ілім олардың танымында ең алдымен Ясауи ілімі мен оның хикметтерінде жатты. Сондықтан олар діни, ғашықтық, хикаялық қиссаларының қай-қайсысында болса да, Ясауи сопылық ілімімен сабақтастырып жырлап отырды. Осы тұрғыдан алғанда, «Кітаби ақындар шығармашылығында сопылық ілімнің жырлануы» атты диссертация тақырыбы өзекті саналады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Соңғы жылдары зерттеуші ғалымдар осы салаға назар аударып келеді. Солардың ішінде У. Қалижанұлының «Қазақ әдебиетіндегі діни ағартушылық ағым» [16], Д. Қамзабекұлының «Әдеби – тарихи процесс: ағымдар, концепциялар (ағартушылық кезең)» [17], А. Жақсылықовтың «Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы» [18], Ж. Камалқызының «Ақылбек Сабалұлының әдеби мұрасы» [19], Қ. Махановтың «Нұралы Нысанбайұлы және оның ақындық мұрасы» [20], Қ. Сәлімгерейұлының «Нұржан Наушабайұлының әдеби мұрасы» [21], С. Бермағамбетовтің «Діни ағартушылық және Кердері Әбубәкірдің әдеби мұрасы» [22], М. Әбіловтің «Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жыраулары поэзиясындағы діни-ағартушылық ағым» [23], Ұ. Байбосынованың «Сыр бойы ақын-жыраулары шығармашылығындағы ислам тақырыбы» [24], Э.Қансейітованың «Діни дастандардағы тарихи шындық және көркемдік уақыт. (XIX ғасыр және XX ғасырдың бас кезі)» [25] атты тақырыптағы диссертациялар қорғалды. Ә. Оспанұлының Қаратау атырабындағы шайырлар Майлықожа, Мәделіқожа, Молда Мұса және Нұралы Нысанбайұлы, Ергөбек ақындар шығармашылықтарын арнайы қарастырған зерттеу еңбек те жарық көрді [14]. Бұл аталған зерттеулердің ішінде А. Жақсылықовтың еңбегінде жалпы ислами

әдебиет жайы сөз болса, ал қалған зерттеулерде XIX-XX ғасырдағы әдебиет өкілдерінің шығармашылығы қарастырылды. Ә. Қоңыратбаев [26], А. Қыраубайқызы [27], Р. Бердібай [28], Б.Әзібаева [29], Күмісбаев Ә. [7], М. Әбдуов (Қазақтың діни эпосы) [30] сияқты зерттеуші ғалымдарымыздың еңбектерін айрықша атауға болады. Тақырыпқа қатысты қазақ әдебиетіндегі сопылық ілім және Ахмет Ясауидің діни әдеби мұрасы-хикметтері арнайы қарастырылған А.Ахметбек [31], А.Әбдірәсілқызы [32], С.Ергөбектің [33] зерттеу еңбектерін ерекше атауға болады.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы. Кітаби ақындардың өздері жырлаған қисса, хикаяларда Ясауи сопылық ілімін негізгі идеялық өзек етіп ұстануының қарастырылуы – зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы саналады. Жүсіпбек Шайхысламұлының сопы Мансұр әл-Халлаж туралы жырланған қиссасы Ахмет Ясауи хикметтерімен сабақтастықта, салыстырыла қарастырылды. Сонымен бірге кітаби ақын Ақылбек Сабалұлының «Марғұба қатын» қиссасы мен Тұрмағамбет Ізтілеуовтің «Орданың хикаясы» дастанының Ясауи негіздеген сопылық поэзия рухында жасалған туынды екені көрсетіліп, шығарманың көркемдік сипаты ашылды. Шығармалардың қазақ әдебиетіндегі мәні мен орны анықталды.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздері. А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Б.Кенжебаев, Ә.Марғұлан, Ш.Сәтбаева, Ә.Дербісәлин, Б.Ысқақов, З.Ахметов, С.Қирабаев, Р.Бердібаев, А.Қыраубаева, С.Қасқабасов, Р.Нұрғалиев, М.Мырзахметов, Н.Келімбетов, Ә.Күмісбаев, Ә.Дербісәлиев, Б.Әзібаева, М.Маданова, А.Жақсылықов, А.Ахметбек, А.Әбдірәсілқызы, т.б. ғалымдардың зерттеулеріндегі теориялық тұжырымдар мен ғылыми ойлар зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі болды.

Зерттеудің нысаны және деректемелік негізі. Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін орындау үшін, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында шығармашылық еткен діни, кітаби ақындардың қиссалары «Қисса Мансұр әл-Халаж», «Марғұба қатын» және «Орданың хикаясы» дастаны алынды.

Тақырыптың теориялық, практикалық маңызы. Кітаби ақындар жырлаған қисса-хикаялардың Ясауи хикметтерімен, оның сопылық ілімімен сабақтастықта қарастырылуы бүгінгі әдебиеттану ғылымы үшін тақырыптық-идеялық ерекшеліктерін арнайы зерттеудің ғылыми-теориялық және практикалық мәні зор.

Зерттеу әдістері. Зерттеу еңбекті жазу барысында алға қойған мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін объективті-аналитикалық, салыстырмалы сипаттау, жинақтау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Зерттеудің мақсат, міндеттері. Жұмыстың негізгі мақсаты – кітаби ақындардың шығармалығындағы Ясауи сопылық ілімінің көріністерін ашу, талдау, саралау. Осы мақсатқа сай мынадай міндеттер көзделеді:

- қазақ әдебиетіндегі кітаби ақындар шығармашылығының тақырыптық ерекшелігін саралау;
- Ислам дінінің сопылық іліміндегі ясауи тарихатының негізін салушы

сопы ақын Ахмет Ясауидің діни әдеби мұрасын зерделеу;

- кітаби ақын Жүсіпбек Шайхысламұлының «Қисса Мансұр әл-Халлаж» туындысын Ясауи сопылық ілімі, хикметтерімен сабақтастықта талдау;

- XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі хикаялық қисса-дастандардың сопылық ілімде жырлануын саралау;

- кітаби ақын Ақылбек Сабалұлының «Марғұба қатын» қиссасындағы сопылық көріністері мен көркемдік ерекшеліктерін нақтылау;

- Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Орданың хикаясы» дастанын Ясауи негіздеген сопылық поэзия рухындағы туынды екенін көрсетіп, шығарманың көркемдік сипатын ашу;

- діни кітаби ақындар жырлаған қиссалардың ғылым-білімді тақырыптық өзек етуі мен уағыздауын саралау; осы әдеби үдеріс негізінде дүниеге келген «Сұлтан патша» қиссасы, Базар жыраудың «Айна-тарақ» дастаны, сол материалдармен сабақтастықта дүниеге келген Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелік» романындағы ғылым-білімді уағыздаған сопылық ілім көріністерін анықтау;

- аталған шығармалардың осы әдеби құбылыс арқылы қазақ әдебиетін тақырыптық, жанрлық және көркемдік жағынан өсіруін, шығармалардың қазақ әдебиетіндегі мәні мен орнын анықтау.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің үлкен саласы діни ағартушылық бағытта дамыды. Бұл бағыт өкілдері мұсылманша оқыған, соған орай бүкіл шығармашылығы ислам дінімен, мұсылмандық шығыс фольклоры, классикалық әдебиетімен сабақтастықта дамыған кітаби ақындар болды.

- XIX-XX ғасырлардағы қазақ әдебиетіндегі діни ағартушылық ағым өкілдері -кітаби ақындар - қазақ жазба әдебиетінің дамуына мол үлес қосқан жазба ақындар, шайырлар, жазба әдебиет өкілдері.

- Діни ағартушылық ағым өкілдері - кітаби ақындар мұрасы - ежелгі түркі жазба әдебиетінің, шағатай әдебиетінің, ортағасырлық және алтынордалық сопылық әдебиеттің дәстүрлі жалғасы. Ислам дінінің сопылық іліміндегі ясауи тарихатының негізін салушы сопы ақын Ахмет Ясауидің діни әдеби мұрасы қазақ ақындарының әдебиеттегі діни ағартушылық бағыт өкілдері - кітаби ақындардың шығармашылығының басты тақырыптық, идеялық негізі болды.

- Кітаби ақын Жүсіпбек Шайхысламұлының «Қисса Мансұр әл-Халлаж» туындысы Ясауи сопылық ілімі, хикметтерімен идеялық сабақтастықта жырланған шығарма. Ахмет Ясауидің бірнеше хикметтерінде жырланатын сопы Мансұр әл-Халлаж оқиғасы Жүсіпбек шығармашылығында тұтастану, даралану үдерістерінен өтіп, дербес көркем шығармаға айналған.

- XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі қисса-дастандардың көркемдік идеялық қазығы Ясауи сопылық ілімі болуына орай кітаби ақын Ақылбек Сабалұлының «Марғұба қатын» қиссасы мен Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Орданың хикаясы» дастаны секілді көптеген шығармалар Ясауи негіздеген сопылық поэзия рухында жырланған туынды болды.

- XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі қисса-дастандар отарлық дәуір тынысына орай діни-ағартушылық сапада қызмет етумен қатар қазақ әдебиетінің жанрлық, тақырыптық, көркемдік жағынан өсуіне көп ықпал етті. Діни кітаби ақындар жырлаған қиссалардың біршама бөлігі ғылым-білімді тақырыптық өзек етті, уағыздады. Сол арқылы қазақ әдебиетін тақырыптық, жанрлық және көркемдік жағынан өсірді. Осы әдеби үдерістің бір көркем көріністерінің бірі - «Сұлтан патша» қиссасы, Базар жыраудың «Айна-тарақ» дастаны, сол материалдармен сабақтастықта дүниеге келген Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелік» романы.

Диссертациялық жұмыстың сыннан өтуі мен жариялануы.

Зерттеу жұмысының негізгі мәселелері мен ғылыми тұжырымдары мына басылымдарда жарияланды:

1. Алтын Орда дәуіріндегі әдебиеттің даму ерекшеліктері. “Қазақстанның қарқынды даму кезеңінде жаратылыстану-гуманитарлық білім беру және ғылымды жетілдіру мәселелері” атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы. 15-16 мамыр, 2014 жыл. Түркістан қаласы, 561-565 бб

2. Нәзиралық туынды және шығармашылық үдеріс. «Р.Бердібай оқулары-1» «Рахманқұл Бердібай және мәңгілік ел идеясы» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Түркістан, 14 қараша, 2014 жыл. 153-160 бб.

3. Қазақ әдебиеті даму үдерісіндегі сопылық ілім дәстүр сабақтастығы. «Балақаев тағылымы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Түркістан, 05 мамыр, 2015 ж. 84-91 бб.

Жұмыстың құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспе, екі тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 Ясауи сопылық ілімі мен кітаби ақындар шығармашылығында дәстүр сабақтастығы

1.1 Ясауи сопылық ілімі мен Алтын Орда дәуірі әдебиетіндегі дәстүр сабақтастығы

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ әдебиеті дамуындағы ерекше көрінген жайдың бірі – ежелгі дәстүрлі жазба әдебиеттің қайта өркендеп, Ясауи сопылық ілімі мен сол ілімді негіздеген оның хикметтері сопылық ілім тұрғысынан да, поэзиялық дәстүр тұрғысынан да кітаби ақындар шығармашылығында қисса-дастандар арқылы көрінуі еді.

«Түркі сопылық поэзиясының тұңғыш толымды үлгісі «Диуани хикметті» дүниеге келтірген Қожа Ахмет Ясауи – дарынды ақын ғана емес, қоғамды рухани жұтандықтан құтқару жолын іздеген өз дәуірінің кемел ойлы, биік мүдделі перзенті. Саналы өмірін сопылық ілімнің қыр-сырын меңгеру жолындағы ізденістерге бағыттаған Ясауи ақын өз кезегінде араб-парсы сопылық поэзиясының үздік тәжірибесін қоса меңгеріп, шығармашылығында өңдеп пайдаланған. Поэтикалық біліктілігі ақынның түркілік поэзияға ғазал, мінәжат, мадх, қытға секілді бірқатар шығыс поэзиясына тән жанрларды енгізіп, түркі әдебиетінде бұрыннан бар жанрлық түрлермен синтездеп, күрделі де көп функциялы хикмет жанрын қалыптастыруына септігін тигізді. «Диуани хикмет» арқылы іргесі қаланған аталмыш жанр кейінірек түркі халықтары әдебиетінде бірқатар жаңа жанрлардың дербес түр ретінде бөлініп шығуына негіз болды. Ясауи поэзиясының бүкіл болмыс-бітімінен автордың өзі сусындап өскен байырғы түркі әдебиетінің дәстүрлерін жалғап, дамытып, жаңа сатыға көтергені айқын аңғарылады. Бір шығармашылық аясында көрініс тапқан қос үдерістің – дәстүршілдік пен жаңашылдықтың өзара тоғысуы жанр мәселесінде ғана емес, Ясауи негіздеген Орта Азиядағы ақындық мектептің қалыптасуы мен дамуы барысында да шешуші роль атқарды» [32], - деп ясауитанушы ғалым А.Әбдірәсілқызы бағалағандай, Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы, сопылық ілімі дербес мектеп болып қалыптасып, ғасырларға жалғасты. XII ғасырлардан бастап Алтын Орда, қазақ хандығы дәуірлері әдебиетінде, жыраулар поэзиясында өзінің дәстүрлік өрнегі жалғасын тапты. Сондай-ақ, бүгінгі әдебиеттану ғылымында «отарлық дәуір» аталатын XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің зар заман сарынында ерекше көрінді. Әсіресе, Ясауи сопылық ілімі XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында қатты өркендеген кітаби ақындар шығармашылығында діни қисса-дастандар сипатында көрініс берді.

XI-XII ғасырларда жасаған атақты түркі сопысы, кемеңгер ойшыл, дарынды ақын Ахмет Ясауи Исфиджаб (Сайрам) қаласында дүниеге келген. Ахмет Ясауидің қай жылы дүниеге келгендігі жайында ғалымдар арасында көптеген пікірлер бар. Мәселен, К.Эраслан оны 1083 жылы туылды десе [34], М.Жармұхамедов 1103 жылы туылды дейді [35], А.Ахметбек 1093-94 жылы туылды десе [31], С.Дәуітұлы 1040 жылы туылды дейді [36].

Исфиджаб - Тарым өзеніне қарасты, Шахир өзеніне құятын маңдағы Жібек жолының бойында орналасқан кішкене қалашық. Осы бір қала 840 жылы Нұх бин Әсәд басшылығымен Самани әскері жаулап алғандығы және халқы көп ұзамай, ислам дінін қабылдағандығы тарихи жазбаларда кездеседі. Кейін бұл

қала қарахандықтардың қол астына өткен, Иыған Тегін Сүлеймен Бұғра хан Талас немесе осы Исфиджабта туылған. Аталмыш қала қарахандықтардан кейін Хорезмшах құрамына, одан кейін Шыңғысханның иелігіне өтті.

Әл-Мақсиди өз заманындағы Исфиджаб (Сайрам) қаласы туралы былай деп кеңінен мәлімет береді: “Исфиджаб үлкен сауда орталығы, ол әсіресе киім саудасымен танымал. Бұл қалада төрт есікті мешіт орналасқан және мешіттің әр есігінің алдында қонақжай шатырлар бар...”

Исфиджаб қаласы өзінің жеміс ағаштарымен атақты, мұнда жеміс ағаштарының түрлі-түрлісі өсіріледі. Ал халқы көп ұлттан құралған. Исфиджаб халқының жүректері (көңілдері) қатты, мәзһабтарына (діндеріне) берік, оларда жамандық, жақсылық бірдей кездесіп отырады”.

XI-XII ғасырлардағы Исфиджаб қаласында сопылық тариқаттар мен теккелер де пайда бола бастаған көрінеді. Себебі, Ахметтің әкесі - Ибраһим Исфиджабтың ең атақты шейхтарының бірі болған. Шейх Ибраһим орынбасарларының бірі - Мұса Шейхтың қызы Айша Хатунға (Қарашаш ана) үйленген, одан Гауһар Шахназ деген бір қызы және Ахмет деген бір ұлы туылған (Насабнамада келтірілгендей Ибраһимнің Ахметтен басқа Исмаил ата деген тағы бір ұлы болған екен.)

Ахмет Ясауидің ата тегі туралы ғалымдар арасында түрлі көзқарастар болғанымен Алматы кітапханасында табылған “Насабнама” бойынша Ахмет Ясауидің ата тегі оның 15-інші атасы - Хазіреті Алиге барып тіреледі, яғни Ахмет Ясауидің тегі хазіреті Алидің әйелі ардақты Пайғамбардың қызы Фатимадан емес, хазіреті Алидің кейінгі әйелі Ханифадан туған Мұхаммед Ханифадан тарайды. Ахмет Ясауидің үлкен ғұлама болуына әкесі Ибраһимнің еңбегі зор дей аламыз. Тарихи мәліметтерге қарағанда, Ахмет анасынан жастай айрылған, әкесі Шейх Ибраһим де Ахмет жеті жаста болғанда қайтыс болған. Ахметтің одан кейінгі өмірі әпкесі Гауһар Шахназдың қамқорлығында қалды [37].

Ахмет жастайынан зерек, ислам ілімдіріне ерекше ықыласты болып өскен. Ол кішкентай кезінде бізге беймәлім бір себеппен әпкесі екеуі Ясы қаласына көшіп келген. Осыған байланысты өз атына қосымша “ясылық” деген мағанадағы “Ясауи” деген атауға ие болған. Түрік аңыз бойынша Оғыз ханның астанасы болған Ясы қаласы батыс пен шығысты байланыстыратын Жібек жолының бойындағы сауда орталығы болған. Бұл қаланың ескі аты “Шауғар” (Шавгар). Кейін бұл қаланың орталығы Ясыға ауысқан, осы бір кезеңнен бастап қаланың аты Шауғар емес, “Ясы” деп атала бастаған. Қожа Ахметтің заманында бұл қаланың аты Ясы деп аталса керек. Ахмет Ясауи Ясыға көшіп келгенде бұл қалада сопылық жол кең жайылған болатын. Оған аңыз бойынша Құмшық ата деген сопы мен қазіргі кездегі оның теккесі (дерғаһ) дәлел бола алады. Сонымен қатар бұл қалада Арыстан баб есімді мәшһүр шейх құрған сопылық жол да бар болатын. Жас Ахмет Ясы қаласында осы Арыстанбабқа қол беріп, оның заһири (сыртқы), батыни (ішкі) ілімдерін үйренеді. Мұны халық арасындағы аңыздар да қуаттайды және Диуани Хикметте:

Жеті жаста Арыстанбабқа қылдым сәлем,
Хақ Мұстафа аманатын қылғын анам.

Арыстан баб қайтыс болғаннан кейін Қожа Ахмет сол заманның ғылым, білім ордасы болған Бұхараға сапар шеккен. Аталмыш қалада ясылық шәкірт атақты шейх – Қожа Жүсіп Хамаданиге қол береді (дәріс алады). Ахмет Ясауидің үлкен ұстазы Жүсіп Хамадани (толық аты: Әбу Яқуб ибн Әййуб ибн Юсуф ибн әл-Хаман ибн Уахра Хамадани әл-Бүзенжири) Хамадан ауданындағы Бүзенжир қалашығында 1049-1050 жылы дүниеге келген. Өскеннен кейін ол Бағдат қаласына барып, Шейх Әбу Исқақ Ширазимен кездеседі де, одан шарифат (фықһ) ілімдерін үйренеді. Сосын Бағдат, Исфахан, Самарқанд қалаларындағы ұлы мұхаддистерден (хадисші) хадис ілімін үйренеді. Одан кейін Жүсіп Хамадани сопыларға тән өмірді қалап, әйгілі Шейх Әбу Али Фармедиге қол беріп, одан сопылық ілімді үйренеді де өмірінің қалған бөлігін көңілін тәрбиелеумен өткізеді [35].

Жүсіп Хамадани жүннен және үнемі жамалған киім киіп, дүние істеріне аса мән бермей, патшалардың, үлкен кісілердің үйлеріне бармайды екен. Жүсіп қолында не бар болса мұқтаждарға таратып беріп, ешкімнен ештеңе алмайтын болған. Ол 75 жыл бойдақ жүріп соңында үйленген. Сондай-ақ хамадандық Жүсіп ислам бойынша 700 шығарманы жатқа білген, 213 Шейхпен кеңес құрып, 8000 бұтқа табынушыны ислам дінін қабылдауына себепкер болған адам. Ол христиандар мен отқа табынушылардың (Мәжуси) үйлеріне барып, исламның ұлылығын түсіндіретін болған. Меккеге 37 мәрте қажылыққа барған. Жүсіп Хамаданидің өмір сүріп тұрған кезінде Сельжұқ империясының сұлтаны Сұлтан Санжар Жүсіп Хамаданиді қатты құрметтеген. Тіпті Хамаданидің теккесі қаражаты үшін, 50 000 динар жіберген екен дейді. Қазір Жүсіп Хамадани мен Сұлтан Санжардың қабірі Мерв (Мары) қаласында.

Жүсіп Хамаданидің қартайған шағында оның өзге 3 шәкіртімен бірге Қожа Ахмет халифалық дәрежеге жоғарылаған. Жүсіп Хамадани қайтыс болғаннан соң, Ахмет оның алғашқы екі халифасы - Қожа Абдуллаһ Берки мен Қожа Хасан Андакидан кейін біраз уақыт Бұхарадағы Хамадани теккесін басқарады. Бірақ біз оның қанша уақыт Хамадани теккесін басқарғанын білмесек те, ясылық ғұлама барлық шәкірттерін 4-ші халифа - Қожа Абдухалық Гыждуаниге тапсырып, өзі Ясыға оралғанын білеміз [38, 28].

Ислам дәруіштері тәрізді Хорасан, Сирия, Ирак өлкелерін аралап, Ахмет кезбелік өмір кешкенін Диуани Хикметтегі мына өлең жолдарынан білеміз:

Дариға, не істемекпін ғаріптікке
Шын сорлы кезбе болып шықты міне.
Хорасан, Шам, Ираққа барып, тіпті,
Қанғудың көп қадырын ұқты міне

Қайтеміз Құдай салса, бұған белмен
Қынғаннан-Жүсіпті ол қуған-ды елден.
Мүбәрәк Түркістаным - туған жерге,

Тасқа ұрып бауырымды келді міне.

Түркі халықтарының ортақ пірі ясылық Ахмет кіндік қаны тамған берекелі мекеніне білім сыпырасын (софра) жайған. Оның берекелі софрасында көптеген шәкірттер ақиқат шуағымен азықтанған, түркі жұртының көңілдеріне Аллаһ нұрымен иман ұрығын еккен. Халық арасындағы аңыздарға қарағанда ұлы бабамыз 99 000 мүридін жетілдірген, оның 12000-ы шейхының жанында дәріс алады екен. Өзіреті Сұлтанның рухани софрасында (дастархан) ақиқат нұрымен сусындаған мүридтері ұстазының нұсқауымен түркі әлемінің түкпір-түкпіріне жөнелтілгені халық арасындағы аңыздарда кереметтей етіп баяндалады [39, 29].

Ахмет Ясауи - ардақты пайғамбарымыздың сүннетін қатты ұстаған адам. Сондықтан пайғамбар жас - 63 жастан кейін, теккесінің жанынан жер астына өзіне орын қаздырып, өмірінің қалған бөлігін сонда өткізген.

Таң сәріде дүйсенбі күн жерге кірдім,
Мұстафаға қайғы тұтып кірдім міне
Алпыс үште сүннет деді естіп білдім
Мұстафаға аза тұтып кірдім міне.

Кемеңгер түркі сопысы өз қол еңбегімен, ағаштан қасық, ыдыс-аяқ жонып күнелткен адам, осы кәсібін қылу етте де жалғастырған, Аллаһқа құлшылық жасаумен, ораза тұтумен, зікір айтумен, «Диуани Хикмет» жазумен айналысқан және сонда дүниеден озған. (Ахмет Ясауидің неше жыл өмір сүріп, қайтыс болғаны туралы ғалымдар арасында түрлі пікірлер бар. Мәселен, М.Ф.Көпрүлү оны 120 жыл өмір сүріп, 1166-67 жылы қайтыс болған десе, М.Жармұхамедов оны 125 жыл жасап, 1228 жылы қайтыс болған дейді, ал К.Эраслан 83 жыл жасаған десе, Х.Сүйіншілиев 73 жыл жасаған дейді. Ал Хисамиддин Сығнақи оны 130 жыл өмір сүрген дейді.)

Халық арасындағы аңыздарға қарағанда, Қожа Ахметтің мәйітін жуған және жаназасын шығарған атақты “Қарабура ата” көрінеді. Кемеңгер бабамыздың мүрдесі осы бір берекелі қонысқа жерленуіне орай Ясы қаласының одан сайын гүлденуіне жол ашылды, қарт Түркістан түркі дүниесінің астанасы, қасиетті қалаға айналды. Тіпті, Ахмет Ясауидің “Пір Түркістан”, “Өзіреті Түркістан” (түркі елінің пірі, шейхы) деп аталуына байланысты оның мүрдесі жатқан қала “Түркістан” деген атауға ие болды.

Аңызға қарағанда, Ахмет Ясауидің Ибраһим атты бір ұлы болған. Бірақ Қожа Ахметтің тірі кезінде-ақ баласы қайтыс болған екен. Ахметтің одан басқа Гауһар Шахназ және Гәуһар Хошназ атты қыздары болған. Бірақ кейбір мәліметтерде Ахметтің бір қызы болған деп көрсетсе, кейбірінде екі қызы болған деп көрсетеді. Яғни, бұл жөнінде ғалымдар арасында түрлі пікірлер бар.

Кезіп бір, кентіне кеп тұрақтады,
Мазар болып, Түркістанда қалдым міне.
Ясауи шығармасының «Диуани хикмет» аталуына байланысты Көпрүлү

Х ғасырдағы діни-сопылық шығармаларды “хикмет” деп атағанын айтады. Ал бүгінгі «хикметтер» Ахмет Ясауидің өлеңдері қамтылған жинақтың атауы.

Осы есім Ахмет Ясауидің шығармасына ХҮІ ғасырдан бастап Ясауи жолын қуушылары тарапынан қойыла бастаған деген пікір айтқан ғалымдар да бар. Өйткені олар сол заманда өмір сүрген Фазлуллаһ бин Рузбиханның Ясауи кесенесінде оқылатын хикметтердің басында «Диуани Хикмет» деген сөзді кездестірмегенін дәлел ретінде келтіреді.

Өйтсе де Ясауи жолындағылар осы шығарманы Құран Кәрімдегі Нахл сүресінің 125 аятындағы Аллаһ Тағаланың: “*Адамдарды Раббыңның жолына хикмет (даналық) және көркем үгіт арқылы шақыр*”, - деген бұйрығы бойынша, халыққа ислам дінін даналықпен (хикмет) шақыру мақсатында Ясауидің әйгілі шығармасын «Диуани Хикмет» деп атаған. Өйткені оның өлеңдерінің әрбір сөзі шеберлікпен жазылған даналық (хикмет) болып табылады.

«Диуани Хикмет» шығармасы - түркі тілінде исламға дейінгі түркі жырауларының сөз саптау, өлең пішімдерін қолдана отырып діни-сопылық оймен жазылған алғашқы шығарма, яғни ислам-түркі әдебиетінің “Құтты біліктен” кейінгі ең ескі шығарма үлгісі.

Ислам дінінің негіздерін, шарият үкімдері мен Әһли сүннет (сүнни) сенімін ислам дінін қабылдай бастаған түркілерге үйрету, сопылықтың мәнісін, тариқаттың әдебі мен негіздерін мүридтеріне түсіндіру Ахмет Ясауи хикметінің басты мақсаты болып табылады.

Ф.Көпрүлүнің айтқаны сияқты хикметтердің мазмұнын діни-сопылық элементтер, ал пішімін ұлттық элементтер құрайды. Бұл шығармада ислам діні, түркі сопылығы мен Ясауи тариқатының негіздері, сенімдер мен нанымдар, ахлақ т.б. тақырыптар қамтылған. Сонымен қатар аталмыш шығармада мінәжәт, мадақ өлеңдер, Аллаға деген ғашықтық, Аллаһтың бірлігі, оның шексіз қалауы мен күдіреті, Хазіреті Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбарға деген сүйіспеншілік, Хазіреті Пайғамбардың сүннеті, нәпсі тәрбиелеу, зүһд (дүние рахатынан аулақ жүру) пен тақуа (Алладан қорқу), құлшылық, ислам ахлағы, ислам аңыздары, ахирет өмірі, қиямет жағдайы, жәннәт-жәһәннәмды (жұмақ-тозақ) суреттеу, алдамшы өмірден шағымдану, дәруіштердің артықшылықтары, жалған сопылар, мұсылман сопыларының қиссалары, зікір мен қылуат сияқты Ясауи тариқатының әдептері мен негіздеріне байланысты тақырыптар қамтылған.

«Диуани хикметте» Мұхаммед, Зәкәрия, Исмаил, Мұса, Әйюб, Жүсіп сияқты пайғамбарлар, Әбу Бәкір, Омар, Осман және Али сияқты сахабалар, Махмұд, Зүннун Мысри, Шибли, Әдхам, Баязит, Мансұр сияқты атақты сопылар, Ләйлә-Мәжнүн, Жүсіп-Злиха сияқты ғашықтар баяндалады.

Ахмет Ясауи «Мирату-л-Құлуб» еңбегінде де жалпы сопылық ілімнің өзегін құрайтын «көңілдің көзін ашу», «рухани жетілу» басты мәселе ретінде қаралады. Ондағы мол ұшырасатын сопылық дүниетанымдық категориялар Ясауидің ой-пікірін тұжырымдаудың кілті ретінде қызмет еткен. Еңбекте сопылық әдебиетте жиі кездесетін «Нұр-ы Мұхаммедия», «үммү-л-әруах» категориялары, сондай-ақ адам рухының жоғарғы сапалық тазалық категориясы

– «қалб-ы сәлим», дәрежелік өту сатылары – «дариялар» мәні таратыла айқындалған. Көңілдің (рухтың) тазалыққа, кемелдікке жетудегі ең негізгі шарттары мен қағидалары әдістемелік теориялық деңгейде түсіндірілген.

Енді сопылықтың шығу тегіне келсек, ғалымдар арасында түрлі-түрлі пікірлер бар:

1. Мұхаммед пайғамбардың Мединедегі мешітінің жанында отыратын, жақындары, үй-күйі жоқ қайыршы сахабалар болған екен. Осы сахабаларды “әһли сұффа” немесе “асхабы сұффа” деп атаған. Олар тек қана Аллаға құлшылық етумен, Хазіреті Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбарға қызмет жасаумен шұғылданған. Осыған байланысты кейінгі замандарда сол сахабалар (әһли сұффа, асхабы сұффа) сияқты өз нәпсісін тәрбиелеген, Алланы әрдайым ойлайтын адамдарды “сұффа” сөзін өзгертіп, “суфи” деп атап кеткен дейді.

2. Тағы бір көзқарас бойынша сопылардың Алла Тағаланың ризашылығына лайық амал істегендеріне байланысты “суфи” деген сөз, ахиретке Алла алдында “алғашқы қатарда болатындар” деген мағынадағы “саф әууәл” сөзінен шыққан.

3. Суфи сөзі “Бәни сұффа” дейтін араб тайпаларындағы бір әулеттің атынан шыққан дегендер бар. Бұл әулет Қағбаның барлық қызметтерін сауап үшін өз мойындарына алған екен, кейінгі кезеңдерде өзін Алла жолына бір жола берілген адамдарды “суфи” деп атап кеткен дейді.

4. Суфи деген сөз “бет бұру” деген мағынаға келетін “сауф” сөзінен шыққан дейтіндер бар. Өйткені сопылар дүние рахатынан Аллаға бет бұруына байланысты, “бет бұру” деген мағынаға келетін сауфтан суфи сөзі шыққан.

5. Суфи грек тіліндегі “софос (даналық)” деген сөзден шыққан деген пікірлер бар.

6. Суфизм “жүн” деген мағынаға келетін “суф” сөзінен шыққан дейтіндерге қарағанда, әдетте сопылар жүннен тоқылған шапан киіп, көз тартар әсем киімдерді киюден тартынған және тек денелерін жауып тұратын жүннен тоқылған киімдер киген. Сондықтан оларды суфи немесе тасаууф (жүннен киім кию) деп атап кеткен. Хазіреті Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбар да кейде жүннен киім киген екен. Асхабы сұффалардың да киімдері жүннен болған. Хасан Басри 70 сахаба көргенін, олардың барлығы жүннен киім кигендігін айтады. Сондықтан суфизмді ислам терминологиясында “тасаууф” (жүннен киім кию), ал сопыны “мұтасаууф” (жүннен киім киюші) деп атайды [39; 40; 41; 42; 43].

Сопылықтың ішкі мәнін толық түсіну өте қиын, әрі күрделі ізденісті талап етеді. Өйткені сопылық адамның ішкі дүниесінде болатын көңіл тәрбиесі. Ал көңілді, адамның ішіндегі жағдайын өзінен басқа ешкім білмейтіні белгілі. Сондықтан сопылардың ішкі жағдайын өзінен басқа ешкім білмейтін болған және олар өзінің жағдайын ешкімге сол қалпында жеткізіп бере алмаған. Себебі, ішіндегі жағдайын сыртқа шығарып, адамдарға сопылықтың не екендігін түсіндіруге олардың тіл байлығы жетпеген. Тек астарлап қана сөйлеген. Сол себепті сопылық жолдағы адамның әрекеті мен сөздері, бұл дүниеге деген көзқарасы қалыпты жағдайдағы адамнан өзгеше болады. Тасаууф немесе суфизм сөзі ҮІІІ ғасырдан бастап қолданысқа ене бастағанмен, сопылық

жол Мұхаммед пайғамбардың заманынан бастау алады. Бірақ Пайғамбардың дәуірінде сопылық жолды “тасаууф” емес, “ихсан” деп атаған екен.

Бір күні бір кісі хазіреті Пайғамбардың мәжілісіне келіп, Пайғамбарға: “Ей Аллаһтың елшісі! Иман дегеніміз не?” - деп сұрақ қойыпты. Пайғамбар оған иманның мәнін түсіндіргеннен соң, әлгі адам қайтадан: “Ей Аллаһтың елшісі! Ихлас (Ықылас) дегеніміз не?” деп сұрапты. Пайғамбар оған ихластың мағынасын баяндап береді. Әлгі адам тағы да: “Ей Аллаһтың елшісі! Ихсан дегеніміз не?-дегенде хазіреті Пайғамбар: “Ихсан сен Аллаһты көріп тұрғандай құлшылық етуің. Сен оны көре алмасаң да ол сені көріп тұр”, – деген екен. Міне, сопылықтың мән-мағынасы осы.

Осы Хадис Шәрифке сай, ардақты Пайғамбардың дәуірінде де, одан кейінгі кезеңдерде де көбінесе құлшылық жасап, дүние рахатынан өзін аулақ ұстайтын адамдарды “абид (құлшылық жасаушы)” немесе “заһид (дүние рахатынан аулақ жүруші)” деп атаған, кейін олар “мұтасаууыф” (жүннен киім киюші) деген атаққа ие болады.

Сопылық жолға түскен сопылардың өздері тасаууф туралы былай анықтама берген.

Тасаууф – ақиқаттарды алу, адамдардың қолындағы нәрселерден үміт үзіп, бет бұру. (Маруф әл-Кәрһи)

Тасаууф дегеніміз сол, құлдың басынан өткізген оқиғаларын Хақтан басқа ешкім білмейді. Ол әрдайым Хақпен бірге. (Әбу Сүлейман әд-Дарани)

Тасаууф – қолыңдағыны беру, басыңа түскен қиыншылыққа шағымданбау. (Әбу Әмір Исмаил ибн Нүжейд)

Тасаууф – Нәпсінің бүкіл қалаулары мен құмарлықтарын тастау. (Әбу-л-Хусейн ән-Нури)

Тасаууф – Хақтың сені сенен өлтіріп, өзімен қайта тірілтуі. (Жүнейд әл-Бағдади)

Тасаууф – Аллаһты заты, есімдері және сипаттарымен, есім мен сипаттарының көрінісімен білу, ілімнің ақиқаттарын ақиқаттың тек Хақиқатқа қалай қайтатынын білу. (Ферид Қам)

Тасаууф жайында тағы бір анықтама да былай: Тасаууф дегеніміз кәрілікті тастау (Жүнейд әл-Бағдади), яғни адамның мойын ұсынуы мүмкін өткінші дүние ләззаттарынан аулақ жүруі деген сөз [39;40;41;42;43].

Сопылықтың мақсаты - Алланың ризашылығын алу, ол үшін құдайға шексіз ғашық болу, оның көрсеткен жолымен жүру, нәпсіге құл болу емес, керісінше оны өзіне құл ету, көңіл, жүрек кірлерінен арылу және жақсы мінезді болуға тырысу. Сондықтан бір сопы: ”Тасаууф – Аллаһтың мінезімен мінездену (кішіпейілдік, жомарттық, қанағатшылдық, ақкөңілдік, сабыр т.б.) ” немесе тасаууф – “көңіл тәрбиесі”, - деп анықтама берген.

Демек, сопылық жол бойынша адамның жақсы мінезді болуына баса назар аударылады. Ал жақсы мінезді болудың ең көрнекті үлгісі - ардақты Мұхаммед пайғамбардың асыл мінезі. Осы тақырып бойынша ардақты пайғамбар бір сөзінде былай деген: “Мен жақсы мінезді (ахлақ) толықтыру үшін жіберілдім”. Сондықтан, сопылық дегеніміз ешкімді ренжітпеу және

ешкімге ренжімеу, барлық адамға көмектесіп, үмітті адамдардан емес, Хақтан күту екені айқын.

Алланың ризалығын алу және мәңгілік бақытқа жету үшін сопылық жол бойынша нәпсісін өзіне құл ету, ішкі және сыртқы дүниесін нұрландыру және оны күшейту арқылы адам “инсан камил (кемел адам)”, “мүршид камил” дәрежесіне жете алады. Ал бұл - ең биік рухани жетістік.

Сопылық жолға біржола өмірін арнаған адамды үңгірлерде, тау-ормандарда өмір сүретін немесе ел кезіп жүретін кемтар адамдар деп түсінбеген жөн. Өйткені олар материалдық жағынан сырттай әлсіз, бейшара көрінгенімен рухани дүниесі, көңілі бай. Аллаға ғашық болғанына және көңіл тәрбиесіне мән бергеніне байланысты оларға бүкіл дүниенің мәні жоқ. Керісінше, олар үшін ең маңыздысы - Алланы тану, сосын Алламен бірге болу, Аллаға қауышу. Сопылық жолға өзін арнаған адамды қараңғы, қапаста, бұл дүниемен байланысын үзген адамдар деп түсінбеген де жөн, керісінше ахиретін де дүниелік істерінде қатар ұсатаған адам нағыз кемел адам, сондықтан дәруіштерге “екі қолы істе, көңілі мен жүрегі Аллаһта болған адамдар”, - деп анықтама бергеніміз нақтырақ. Әрине, сопылар материалдық дүниеге қарағанда, рухани дүниеге көп көңіл бөледі. Бірақ дүниелік өмірінен де мүлдем қол үзіп кетпей, өмір сүрулері үшін, еңбек еткен. Мәулана Желаледдин ар-Румидің “Месневи” атты еңбегінде мынандай тамаша бір мысал келтіріледі: “кеменің жүзуі үшін су керек. Бірақ, кеме тесіліп, оның ішіне су кірсе оны батырады”. Сол сияқты адамның өмір сүруі үшін де дүние пайдалары керек. Ал дүниенің соңына түскен жағдайда, ол да адамды құрдымға жібереді.

Сопылық хазіреті Мұхаммедтің дәуірінде “суфизм” немесе “тасаууф” деп аталмағанымен, дүниелік істерден өзін аулақ ұстау, Аллаға жақындауға тырысу, көңілін тәрбиелеу сияқты сопылықтың негізгі шарттары бар болатын. Оған Пайғамбардың жасаған құлшылықтары мен оның көңіл тәрбиесі, мінезі куә. Хазіреті Мұхаммедтің өмірі пәк болатын, таза киініп, таза жүретін, ол рухани байлығымен, адамгершілігімен тек өзінің үмметтеріне ғана емес, бүкіл адам баласына үлгі болған. Ол түнімен егіле жылап, құдайға құлшылық жасайтын. Құлшылық жасағанда: “сенің келер, өткен күнәларың кешірілмеді ме?” – дегендерге: “шүкір еткен бір құл болмаймын ба?”- деп жауап беретін. Мұхаммед пайғамбар әрдайым ахиретті ойлайтын: “Қарыз ақшамнан басқа, Ұхұд тауындай алтыным болса, үш түн өткенше ол ақшадан жаныма біреуін де қалдырмайтын едім” - деп, дүние рахатынан өзін аулақ ұстайтын.

Ардақты Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбар ешкімнің көңілін қалдырмайтын, өте кішіпейіл, еңбекқор, көңілі пәк, ешкімді ренжітпейтін адам болған екен. Мұхаммед пайғамбардың ахлағы (мінезі) жайлы Әбу Сайд әл-Хұдри: “Расулуллаһ түйені байлайтын, оған жем беретін, үй сыпыратын, аяқ киім тігетін, киімін жамайтын, қой сауатын, қызметшісімен бірге ас ішетін, ұн үгітіп шаршаған қызметшісіне көмектесетін, базардан зат алып үйіне әкелуге арланбайтын, бай-кедей барлығының қолын қысатын, алдымен өзі сәлем беретін, шақырған адамның бетін қайтармайтын, бір құрмаға бола шақырған жерден қалмайтын. Оның мінезі жұмсақ, адамның көңілін таба білетін, жылы

жүзді еді. Қарқылдап күлмейтін. Қарапайым, жомарт, нәзік жанды адам болатын. Әрдайым тәфәккүр (ой жүгірту) ішінде болатын, мейрімді болатын. Ешқашан тоя жеп, кекірмейтін, ашкөздік етпейтін”, – деп суреттейді. Демек сопылық жол ҮШ ғасырда емес, Пайғамбардың заманында басталған. Бірақ, тасаууф ол заманда адамның көңілін тәрбиелейтін жеке бір жол болып қалыптаспады.

Мұхаммед пайғамбар қайтыс болғаннан кейін, оның өміріндегі іс-әрекетін, мінезін өнеге еткен сахабалар (пайғамбармен сұхбат құрған серіктері, пайғамбарды көріп, оған иман еткен адамдар) да көңіл тәрбиесіне көңіл бөліп, тақуалық өмір сүруге тырысты. Әсіресе сахабалардың ішінде жейтін тағамы, киетін киімі, жататын баспанасы жоқ “асхабы сұффа” немесе “әһли сұффа” деп аталатын қайыршы сахабалар сопылық тарихында “сопы” деп аталмағанымен, алғашқы тақуалар болып табылады. Олар да ардақты пайғамбар сияқты дүние рахатынан аулақ жүретін, көбінесе уақыттарын құлшылықпен өткізетін.

Сахабаларды көрген, олармен сөйлескен, сұхбаттасқан “табиин” (Пайғамбарды көрмесе де, сахабаларды көрген адамдар) дәуірінде де, мұсылмандар арасында өмірлерін тақуалықпен өткізетіндер болды. Алайда сахаба, табиин дәуірлерінде ислам өлкелері кеңейіп, мұсылмандар зор байлыққа кенелуіне байланысты, дүниелік ләззатқа мән бергендер, мол байлық жинағандар және дүние тіршілігіне көңіл бөлгендер де көбейе бастады. Осылармен қатар кейбір адамдар пайғамбар, сахаба дәуіріндегі тәрізді дүниелік істерге аса мән бермей, ахиретті, Алланы ойлағандар, көбінесе уақыттарын құлшылықпен өткізетіндер де болды. Міне, осы кезден бастап, жеке бір рухани жол ретінде сопылық жол қалыптаса бастады.

Аббаси халифалығы дәуірінде көптеген медициналық, астрологиялық, философиялық білім кітаптары грек, сүрияни, паһлауи (ескі парсы тілі) тілдерінен араб тіліне аударылған. Нақ осы дәуірде философиялық көптеген ағымдар мен қауымдастықтар пайда болды. Олардың арасында пікірталастар басталып, исламда бидғат ағымдар шыға бастады. Сонымен бірге кәламшылар (мүтәкәллим, теолог), мұсылман хұқықшылары (фақиһ), мұсылман философтары (фәйләсуф) т.б. ақыл арқылы (ижтиһат) ислам өркениетінің бір шетінен негізін қаласа, екінші шетінен көңіл тәрбиесін негізге ала отырып, сопылық ағым да гүлдене дамыды. Ислам әдебиетінде әсіресе, парсы тіліндегі сопылық поэзияның іргесі қаланды.

Сопылық жол пайда болысымен ислам өлкелерінің түкпір-түкпірінен қолдау тапты, тіпті әрбір мешіт пен медресенің жанынан сопылар жиналатын теккелер кездесетін болды. Алғашқы сопылар “абид”, “заһидтердің” жүрегінде Аллаға деген қорқыныш ұяласа, бұл бірте бірте Алланы сүйуге ұласты. Алғашқы дәуірлерде “сопы” деп аталмағанымен, зүһд, тақуа, Алладан қорқу т.б. жағынан танымалдары Зейне-л-Абидин, Хасан Басри мен Радеуийе-и Адеуийелер болатын.

Суфизм тарихында алғашқы “суфи” деген атаққа ие болған адам - Әбу Хашим әл-Куфи (ө. Һ.150ж./м.767ж.). Ал оның алғаш құрған теккесі Сирияның Ремль қаласындағы “Әбу Хашим” теккесі екен.

Һижри II ғасырда сопылық жолы ерекше даму сатысына көтерілді. Бұл ғасырда сопылар “зүһд”, “тақуа”, “құлшылық”, “Аллаһтың бірлігі” (тәухид) жайлы тақырыптарға тоқталса, һижри III ғасырда “Уахдет-і Вүжуд” деп аталатын жаңа бір діни-философиялық ілім қалыптасты. Осылай дами түскен сопылық жолмен бірге сопылардың саны да жылдан-жылға арта түсті.

ҮШ ғасырдың орта тұсынан бастап, ислам өлкесінің орталықтары Басра, Куфа, Бағдат, Шам, Хиджаз, Мысыр мен Хорасанда сопылық теккелер (мектеп) ашыла бастады. Сопылық теккелерде мүрид бір шейхқа байланып, сол тариқаттың белгілі бір жолымен жүретін болды. Сопылықтағы осы қағиданы Баязит Бистами (ө. 245/м.859): “Шейхсыз мүридтің шейхи шайтан болады” – деп, одан ары бекіте түсті [41].

Сопылық алаңда “илаһи хақиқат” концепциясының негізін салған Сери әс-Сақафи (ө. h.253/м.867) болатын, Яхя бин Муаз ар-Рази (ө. h.258/м.871) Алланың бірлігі жайында дәріс беретін. Әбу Хамза әл-Бағдади (ө.h.269/м.882) халыққа сопылық жолды дәріптеп жүрді. Сопылық жайлы категориялар мен олардың түсіндірмелерін алғаш ортаға тастаған Жүнейд әл-Бағдади (ө. h.298/м.910) болды.

Осылай даму жолына түскен сопылық жол Ғазалидің шығармаларынан кейін ислам өлкелеріне кеңінен танымал болды. Өйткені Ғазали сопылықтың ислам негіздерімен аралары жақын екендігін еңбектерінде дәлелдеп берді.

Исламның алғашқы жылдарында адамдар арасында бір шейхқа байлану, сұхбаттасу, біреуден сабақ алу деген нәрселер жоқ болатын. Әр адам өзінше ахиретті ойлап, құлшылық жасайтын. Алайда һижри III-IV ғасырларда халық арасында өзінің зүһд, тақуалығымен, ахлағымен үлкен абыройға ие болған сопылардың айналасына адамдар топтаса бастады. Халық сол сопының уағыз-насихатын тындады, айтқан сөздерін, мінезін адамдар өздеріне үлгі тұтып, солай өмір сүруге тырысты, яғни бір сопыны ұнатқан адам оған рухани байланды. Осыдан келе бір сопының (шейх) қалыптастырған тәртіп-қағидаларының нәтижесінде сопылық тариқаттар қалыптаса бастады және көбінесе құрылған тариқаттар құрушының атымен аталатын болды.

Сопылықтағы рухани өмірді суреттейтін және оның мәнісін түсіндіретін алғашқы шығарма Мұхасибидің (ө. h.243/м.837) “ар-Риаийе” еңбегімен басталып, Ансари ибн әл-Арифтің еңбегімен жалғасын тапты. Кейінгі жазылған сопылық шығармалар сопылықтың мақамдарына тоқталды. Мәселен Серраждың (ө. м.378/м. 988) “Китабу-л-Лума” атты еңбегінде тәубе, уара, зүһд, фақр, сабр, тәуәккүл, рыза мақамдары баяндалған. Осы тақырыпта Әбу Саид ибн әл-Арабидің (ө. м.341/м.952) “Табақату-н-Нуссах” атты шығармасы, Әбу Хамид әл-Хилдидің (ө.348/959) “Хикаяту-л-Әулие” атты шығармалары һижри IV ғасырдың басында жазылды [44;45].

Сопылық тарихында халық арасында атағы жайылған Зү-н-Нун Мысриді, Ибраһим Әдхамды, Халлаж Мансұрды т.б. айта аламыз.

Сопылықта “әхуал”, мақамат” дейтін тек сопылардың өзіне ғана мәлім ұғымдар бар. Бұл хал немесе мақамға ұшыраған сопының сөзі тек өз араларындағы сопылар ғана түсінетін болған. Ал шеттен келген, сопылықтан

бейхабар адамның оны түсінуі қиын. Өйткені сопылар хал мен мақамға ұшырағанда, өзінің ішкі дүниесіндегі халді сөзімен дәлме-дәл түсіндіруіне күші жетпейтін болған. Олар тек ішіндегі халдерін жабық не астарлы мағынада ғана сөйлеген. Осындай халдегі сопылардың берген анықтамалары кейде ислам сенімдері мен негіздеріне қайшы келіп отырды. Сондықтан сопылық түсініктен бейхабар, тек заһири (сыртқы) мағынаға маңыз беретін мұсылман хұқықшылары мен сопылар арасында түсініспеушілік туып отырған. Осындай түсініспеушіліктің нәтижесінде алғашқы кезде мемлекет басшылары атақты сопыларды қуғын-сүргінге ұшыратқан. Бағдад қаласында ханбалилер мен сопылар арасында қайшылық туған, атақты сопы Халлаж Мансұр “әнә-л-Хақ” (мен құдаймын) деген астарлы мағыналы сөзі үшін дарға асылды, Зүн-Нун Мысридi мутазилалықтар қамауға алды, Мұхасибиді Куфада сүргінге ұшыратты, Ибн Керрамды абақтыға қамады және Сәһл Түстериді Басрада сүргінде өлтірді.

Сопылық ағым Иран арқылы алдымен Хорасан өлкесіне енді, сол заманда Хорасан сопылық ағымның басты орталықтарына айналды, тіпті алдыңғы қатарына шықты. Орта Азияға сопылық жол Иран, Ираннан Хорасан арқылы таралған. Хорасанның Герат, Нишапур, Мерв, Балх қалалары VIII-IX ғасырларда сопылар мен шейхтардың софрасына айналса, IX-X ғасырларда Орта Азияның Бұхара, Самарқанд, Ферғана сопылық жолдың негізгі ошақтарына айналды. Дегенмен, аталмыш қалаларда Ирандық сопылықтың әсері басым болатын. Осы кезеңдерде Хорасанмен қарым-қатынас жасап тұратын түркілер арасынан Мұхаммед Машұқ Туси, Әмір Али Әбу Халис сияқты сопылар шыға бастады. Қарахан, Селжұқ мемлекеттеріндегі абыройлы, ұлы адамдардың қолдауымен Бұхара, Самарқанд сияқты гүлдене өркен жайған қалаларда сопылық теккелер мен дергаһтар көптеп ашыла бастады. Аталмыш қалаларда жетілген сопылар мен дәруіштер әлі мұсылмандықтан хабарсыз көшпелі түркі тайпалары арасында мұсылмандық пен сопылықты насихаттады. Дәруіштер мен сопылар көркем, биязы мінезімен халықтың ерекше құрметі мен ілтипатына бөленді. Тіпті, көшпелі түркі тайпалары дәруіштерді өздеріне жақын тарта өз әкесі, атасы сияқты сезініп, “ата”, “баба”, “дәдә” деп атай бастады. Мәселен: Әулие ата, Хорасан ата, Арыстан баб (баба), Ысқақ баб (баба), Укаша ата, Ибраһим ата, Сунақ ата (Хисамеддин Сығнақи) т.б.-лар Қожа Ахметке дейінгі түркі сопылығының негізгі өкілдері болған. Халық арасындағы аңыздарға қарағанда, Ахмет Ясауиге дейін Хазіреті Пайғамбар сахабаларының бірі болған Арыстан баб ислам дінін насихаттау мақсатында түркі еліне келген. Сонымен қатар Әбу Бәкір халифамен кездескен және исламды қабылдаған ақын-жыраулардың бірі - мәшһүр Қорқыт ата мен Шопан ата, сондай-ақ исламның ұлылығын насихаттау мақсатында Орта Азияға келген Ахмет Ясауидің ата-бабасы - Ысқақ баб, Абду-л-Жалил баб және Абду-р-Рахман бабтар түркі жұртына мұсылмандықты уағыздаған алғашқы әулиелер екені айқын. Ахмет Ясауидің әкесі - Ибраһим ата да аталмыш әулиелердің қатарына жатады. Ал Ахмет Ясауидің түркі сопылығы тарихында алатын орны ерекше. Кеменгер бабамыздың орынбасарлары мен жолын қуушылары түркілердің

құрған мемлекеттер мен империялардың рухани пірі болғандығы тарихи мәліметтерде алтын әріптермен жазылған. Тіпті түркі дүниесі бойынша құрылған сопылық тариқат – осы ясауилік тариқаты [39, 43].

Ясауи сопылық ілімін төмендегіше таратып айтуға болады.

Аллаға ғашық болу. Ясауидің сопылық дүниетанымында Аллаға бағынуға, оны тануға көп мән берілген. Себебі, Алланы тану – көңіл көзін ашудың негізгі кілті. Сондықтан сопылық жолдың кезек күттірмейтін басты өзегі – Алланы тану (мағрифату-л-лаһ). Сопылық дүниетаным бойынша әлем мен әлемдегі барлық жаратылыстарды Алла ғашықтығының әсері ретінде қарау және сүю негізгі мәселе ретінде қарастырылады. Құран Кәрімде: *“Шын сенгендерге жер жүзінде көптеген ишараттар (белгілер) бар. Тағы да өз болмыстарыңда белгілер бар. Еш көрмейсіңдер ме?”* - деп, адамның болмысы, дене құрылысы Құдайдың бар екендігін, осы тәріздес жаратылыстар әлем иесінің кемшіліксіз көрінісі екендігін дәлелдейді.

Құдайдың құдіреті мен шеберлігі кездеспейтін ешбір дене, мақұлық жоқ. Сондықтан жаратылған барлық болмыс құдайдың жаратқан өрнегі, Алланың ауызбен айтып жеткізуі мүмкін емес шеберлігінің белгісі болып табылады. Құран осы ақиқатты былай деп түсіндіреді: *“Қайда қарасаң Аллаһтың жүзі (рақымдылығы, қайрымдылығы, құдіреті) сонда”* (Бақара-115).

Ахмет Ясауи - осы ақиқатты түсінген ұлы ойшыл. Оның пікірі бойынша әлем мен әлемдегі бүткіл жаратылыстар ұлы Жаратушының құдіреті шексіз екендігін көрсетеді. Ұлы бабамыздың көзқарасы бойынша дүниедегі барлық жаратылыстар Алланың ұлы, кеңпейіл, мейірімді де рақымды екенін дәлелдейді. Жаратылысқа өмір берген де, бейне берген де тек ол ғана. Ол - шексіздік (мұтлақ) қайнары.

Белгілі ғой сенің барлық істерде,

Сен кемелсің, сен мейірлі, О, Ғафур.

Кемелсің ғайыптан пайда болған,

Сен кемелсің, сен мейірлі, О, Ғафур.

Тағы:

Ғайыптан ол жоқтан бар жаратты,

Он сегіз мың ғалам түгел қайран болар.

«Қалу бала» деген құлдарға үлес таратты,

Бейғам құлдың діндері ойран болар.

Хақ Тағала иман сыйлап берді бізге,

Ол Мұстафа Хақ елшісі деді бізге.

Мадақ айтсаң қуат берер дініңізге,

Өйтпесе қылғандарың жалған болар.

Міне, осылай әлемнің жаратылысына ой жүгірте отырып, Алланы танығаннан кейін, оған ғашық болуға жол ашылады.

Мұсылмандық сопылық дүниетанымы бойынша жаратылыстың жаралуына “ғашықтық” себеп болған. Осы тақырып бойынша ардақты Пайғамбардың бір

құдси хадисінде ұлы Жаратушымыз былай дейді: *“Мен құпия бір қазына едім, білінуді қаладым (ұнаттым), мені білсін деп әлемді жараттым”*.

Жоғарыдағы құдси хадисте баяндалып отырған ғашықтық (ұнату, қалау) Құдайдан бастау алған және бүкіл әлемнің жаралуына себеп болған. Хақтан (құдай) бастау алған ғашықтық пен сүйіспеншілікті ұғынған кемеңгер бабамыз әлемнің иесіне осы жолмен қайта қауышуды таңдаған.

Сонымен қатар мына әлем және ондағы бүткіл жаратылыстар мен мақұлықтар өте әсем шеберлікпен жаратылған, әрі бүткіл жаратылыстар мен мақұлықтардың және адамдардың өздеріне тән әсемдігі, сұлулығы бар. Демек, сұлудан сұлу жаратылатыны сияқты және мұсылманның атақты ойшылы Мұхиддин әл-Араби: *«Біз Аллаһты сүйеміз, өйткені ол сұлу»*- демекші, өте көркем, асқан сұлу мына әлемді, ондағы жаратылыстар мен мақұлықтарды жаратқан Алла сұлу, көркем. Сондықтан ғашық болуға, әрі құл болып табынуға лайық тек - Алла.

Аллаға ғашық болу – нәпсілік қалауларды тәрбиелейді және көңіл кірлерінен арылтады, адамның көңіліне жақсылық, сұлулық, нәзіктік ұрығын себеді, жүрек көзін ашады және көңіл сарайын кеңейтеді. Махаббат адамның менмендігін, ішіндегі қатыгездігін, кек пен жек көрудің тіпті қалдықтарына дейін күлін көкке ұшырып, нәзіктікке, сүйіспеншілікке, рақымдылыққа, әділдікке бастайды.

Кел, достар, Алла атын дәйім айтқын,
Алла аты көңіл кілтін ашар, достар.
“Астағфиралла», «истиффарды» тынбай айтқын,
Шайтан малғұн тәннен шығып қашар достар.

Шайтан малғұн сізге дұшпан, әзір болғын,
Кеште Алла, күндіз Алла айтып өлгін.
Тар лахатқа кірер кезде нұрға толғын,
Періштелер Алла нұрын шашар, достар.

Алла нұры қабір ішін жарық қылғай,
Періштелер өңірінен сәуле құйғай.
Мұсылмандар оны көріп қайран қалғай,
Бұл ғаламның жарығынан безер, достар.

Ұлы ойшыл бабамыздың көзқарасы бойынша Аллаға деген ғашықтығы мен сүйіспеншілігін жүректеріне, көңілдеріне және ақылдарына тоқымаған адамдар - құрғақ сенім мен құлшылықта жасағанмен рухани жетіле алмаған адамдар. Тіпті аталмыш адамдардың имандары да жоқ деп түсіндіреді.

Абид болма, заһид болма ғашық болғыл,
Ғашықсыздың жаны да жоқ әрі иманы.

Түркі ойшылы өзінің Аллаға деген ғашықтығын былай суреттеген:
Ғашық қылды шейда мені, жұмле әлем білді мені,
Қайғым сенсің түні-күні, маған сен-ақ керек сен.
Сөйлесем мен тілімдесің, көздесем мен көзімдесің,
Көңілімде һәм жанымдасың, маған сен-ақ керек сен.
Ғалымдарға кітап керек, сопыларға мешіт керек,
Мәжнүндерге Ләйлә керек, маған сен-ақ керек сен.
Надандарға дүние керек, ақылдыға ұқба керек,
Уағызшыға мінбе керек, маған сен-ақ керек сен.
Қожа Ахмет-дүр менің атым, түні-күні жанар отым,
Екі жиһанда үмітім, маған сен-ақ керек сен.

Тағы да ғашықтық жайлы:

Ғашық жолында пана болар құдай бар,
Не қылсаң да ғашық қылғыл, пәруәрдігер.
Қолым жайып, дұға қылам, уа, Жаббар,
Не қылсаң да ғашық қылғыл, пәруәрдігер.

Ғашық болсаң күйдіреді жан мен тәнді,
Ғашық болсаң ойран қылар дүние, малды.
Ғашық болмай танып болмас, Алла, сені,
Не қылсаң да ғашық қылғыл, пәруәрдігер.

Ғашық жыры сыймас достың көкірегіне,
Барлық ғашық жыйылып барғай хұзырына.
Жеті тозақ мүрсат бермес қас қағымда,
Не қылсаң да ғашық қылғыл, пәруәрдігер.

Шын ғашығың көрмес маған риза болай,
Өліп- өшіп Зәкәриядай зікірші болай.
Әййюбтай келген бәлеге сабыр болай,
Не қылсаң да ғашық қылғыл, пәруәрдігер.

Ғашық дертін көтердім, дәрменім жоқ,
Ғашық жолында жан бергеннің арманы жоқ.
Осы жолда жан бермеске амалым жоқ,
Не қылсаң да ғашық қылғыл, пәруәрдігер.

Қайдан табам, ғашық еттің амалым жоқ,
Алланы мақтап күні-түні қоярым жоқ.
Дидарыңнан өзге жерге барарым жоқ,
Не қылсаң да ғашық қылғыл, пәруәрдігер.

Ғашық базары ұлы базар, сауда харам,

Ғашық жанға сенен өзгені ойлау харам.
Ғашық жолына берілгенге дүние харам,
Не қылсаң да ғашық қылғыл, пәруәрдігер.

Ғашықтықты дауға салып жүре алмадым,
Нәпсіден безіп әмірінді қыла алмадым.
Надан болдым, Хақ бұйрығын қыла алмадым,
Не қылсаң да ғашық қылғыл, пәруәрдігер.

Құл Қожа Ахмет ғашықтан өткен бәле болмас,
Боянғанмен ғашық дертіне дауа болмас.
Көз жасыңнан өзге ешкім куә болмас,
Не қылсаң да ғашық қылғыл, пәруәрдігер. (27-х.)

Ахмет Ясауидің көзқарасы бойынша Алла адамның көңілінде, жанында орын тепкен. Адамның көңілін Алла үйі Қағбаға теңеген Қажы Бекташ Уәли де Қожа Ахметтің осы пікірін қуаттайды. Қажы Бекташ Уәли “Алла үйі Қағбаға аяғымен қажылыққа барған адамға Құран жолдас, ал адамның көңіліне тәңір жолдас” дей отырып, Құранның: “*Біз оған (адамға) күре тамырынан да жақынбыз* (Қаф-16), - деген аятын назарымызға ұсынады және аталған түркі дәруішінің жоғарыда баяндалған ойы Қожа Ахметтің мына бір өлең жолдарымен сабақтасып жатыр:

Алла, Алла жаным Алла, ділім Алла,
Сенен өзге қорғаушым жоқ Олла, Билла.
Жылап келдім дерғаһыңа байлығым Алла,
Достар қоғам мені пендем дегей ме екен.

Ықылас. Құран Кәрімде баяндалған: “*мен жындар мен адамдарды тек маған құлшылық қылсын деп жараттым*” аятына сәйкес, Алла Тағала адам баласын өзіне құлшылық жасау үшін жаратқан. Сондықтан біздің бұл дүниеге келуіміздің себебі – Алла Тағаланың барлығын, бірлігін мойындай отырып, оған құлшылық жасау, оған құл болуға өзімізді ұсыну.

Түнде жатпай, күндізі ораза болғыл,
Шын үмметің сарғайып сабан болар.
Сүннеттерін бекем тұтып, үммет болғыл,
Күндіз-түні мадақ айтып үлпәт болғыл.
Нәпсіні тыйып мехнат шексең, рахат білгіл,
Бұл ғашықтың екі көзі төрт болар. (65-х)

Кез келген құдай үшін жасалынатын ізгі ниеттегі амалдар ниетке немесе көңілге байланысты, яғни ықыласпен орындалатын амал жемісті болмақ. Ықылас - “шын пейілмен”, “шын жүрекпен” зейін қою, ниет ету немесе бір нәрсені жүзеге асыру деген сөз. Алла Тағала Құран Кәрімде: “*Сен Аллаға құлдық және ықыласпен бағын*” (Зүмер-39) – деп, барлық құлшылық пен

амалдарды тек Алла ризашылығы үшін, яғни ықылас арқылы жасауды ұсынған. Ал оның қарама-қайшысы “біреу мені көрсін, мақтасын” деген оймен мақтаныш, мансап үшін орындалатын ғибадат “рия” болып табылады. Белгілі бір дүниелік пайдаға, немесе мақтанышқа бола орындалатын амалдың ешқандай сауабы жоқ, керісінше – орны толмас күнә, қылмыс, тіпті “шіркке” жатқыза аламыз. Осы тақырып бойынша ардақты Пайғамбардың хадисінде былай делінген: *“Көрсету үшін ораза тұтқан, намаз оқыған, иман еткен адам – Аллаһқа серік қосқан адам”*.

Ықылас керек, ей ізденушім, ғашық болсаң,
Жаннан кешіп, бейнет тартып, садық болсаң,
Онан кейін Хақ алдында лайық болсаң,
Лайық болмай, дидарын көрсе болмас. (81-х.)
Қырық екімде шәкірт болып, жолға кірдім,
Ықылас қылып, жалғыз Хаққа көңіл бөлдім.

Ал риякерлерді сынай былай дейді:

Ораза ұстап, халыққа рия қылғандарды,
Намаз оқып, өтірік тәспі алғандарды,
Пірмін деп, алдап мақсат құрғандарды,
Өлерінде иманынан айырдым.

Адам сүйіспеншілігі. Адам жер бетіндегі кемелденіп жаратылған жаратылыс. Барлық нәрсе адам үшін, адам игілігіне пайдалану үшін жаратылған және адам жер бетіндегі Алланың халифасы (орынбасары) екендігі жайлы Құран аяттарында орын алған. Сондықтан адамдарды адам үшін сүю дініміздің негіздерінде жатыр. «Бір-бірінді сүймейінше - дейді, Мұхаммед пайғамбар, - нағыз мұсылман бола алмайсыңдар».

Құран Кәрімде “Аллаһтан басқаға құлшылық қылмаңдар, әке-шешеге жақсылық істеңдер, жақындарға жетімдерге, міскіндерге, қамқорлық жасаңдар” (Бақара-177), деген Алланың бұйрығына сай, мұсылмандық мораль қағидаларындағы әке-шешем, балалармен, көршілермен, туған-туыстармен жақсы қарым-қатынас жасау, үлкендерді құрметтеп, кішілерді сыйлау, әлсіздер мен мұқтаждарға көмектесу, жетімдерге пана болу сияқты негіздер адам сүйіспеншілігіне жатады. Ардақты Пайғамбардың: «адамдардың ең қайырлысы, адамдарға пайдасы тигендер» немесе «қайрымды болғандарға Алла да қайрымдылық жасайды» - деген сөздеріне қарай отырып, мұсылмандықтағы адам сүйіспеншілігінің орны ерекше екендігін аңғару қиын емес.

Иманды адам дүниеге қатыгездікпен емес, сүйіспеншілікпен және мейрімділікпен қарайды. Имандылық жол - бауырмалдық, өзара түсіністік, бір-бірінің көңілін сұрау мен бір-біріне көмектесу жолы, осы жолмен Хақты іздеуге шыққан адам құдайды табары анық. Осы мәселе бойынша ардақты Мұхаммед пайғамбардың бір күдси хадисінде былай делінген: *«О дүниеге барғанда Алла тағала айтады екен: Ей адам баласы! мен ауырып жаттым,*

сен келіп көңілімді сұрамадың деп, Адам таң қалып: Уай раббым хақ, сен бүткіл әлемнің иесісің, мен сені қалай көремін дейді емес пе?! Сонда Алла тағала : түгенше ауырып жатқанда сен оған бармадың, барғанда ғой соның алдынан мені көрер едің. Ей, адам баласы! өзің ауқаттандың, бірақ мені шақырмадың. Адам тағзы да дал болып: Уай раббым, сен бүткіл әлемнің падишасысың, мен сорлы сені тамаққа қалай шақырамын – дейді. Сонда Алла Тағала айтады екен: Түгенше деген пендем бір нәрсеге қатты мұқтаж боп, алдыңа барғанда сен оның меселін қайтардың. Егер келген шаруасын бітіргеніңде мені тапқан болар едің – деп. Міне бұл – мұсылмандық жол. Демек пенденің адамдарға қарасу, оларға көмектесу арқылы Алланы табары хақ. 1 хикмет

«Біссімлә» деп баян еттім хикмет айтып,
Шәкірттерге дүр мен гауһар шаштым міне.
Жанды жалдап, қайғы шегіп, қандар жұтып,
Мен «Дәптер сәни» сөзін аштым міне.
Сөзді айттым кімдерге де етсе талап,
Ашық сөйлеп жақын жанды жанға балап.
Ғаріп, пақыр, жетімдердің басын сипап,
Діні қатты халайықтан қаштым міне.
Қайда жүрсең көңілі жұмсақ, сыпайы болғыл,
Көре қалсаң мүсәпірді сырлас болғыл.
Менменсіген халайықтан қаштым міне.
Ғаріп, пақыр, жетімдерді Расул білді,
Сол кеште Миғраж шығып, дидар көрді.
Қайтып түсіп, ғаріп, пақыр халін білді,
Ғаріптердің жайын ұғып келдім міне.
Үмбет болсаң, ғаріптерге жақын болғыл,
Аят, хадис айтқандарға құлақ салғыл.
Ырзық берсе, тағдырға қанағат қылғыл,
Қанағат етіп, сауық шарабын іштім міне.
Мәдинеге расул барып, болды ғаріп,
Ғаріптікте азап тартып, сүйді жанып.
Жапа тартып, жаратқанға келгені анық,
Ғаріп болып ауыр жолды бастым міне.
Ақылға ерсең ғаріптерді мейріммен сүй,
Мұстафадай елді кезіп, жетімді жый,
Дүниеқоңыз, пасықтардан бойыңды тый,
Бойым тыйып дариядай тастым міне.

Ақылды болсаң, жарандарға қызмет қыл,
Дінге шақырғандарға ізет қыл,
Дұрыс жолға салғандарға қызмет қыл,
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Құлды көрсем, қызмет қылып құлы болсам,
Топырақ сипат жол үстінде жолы болсам,
Ғашықтардың күйіп сөнген күлі болсам,
Серік болып жер астына түстім міне.

Өмір сүр – Мұстафа айтты бауырласып,
Үмметтер бірге тұрындар қауымдасып,
Жақсылар ертең ұшпақ тауын асып,
Жамандар сазайын бір тартар достар.

Діни төзімділік. Жер бетіндегі адамзат баласы бірдей етіп жаратылған кемел жаратылыс екендігі жоғарыда баяндалған, бірақ құдіретті құдай адамзатқа сенім еркіндігін берген. Сондықтан қазіргі жер бетіндегі адамдар әртүрлі нәрселерге сенеді, олардың бірі - мұсылман, бірі - христиан, бірі - буддист, тіпті бірі құдайға сенбейді. Ал біздің міндетіміз - адамдардың арнамысына, азаматтық хұқығына қол сұқпау, оларды дініне қарай бөлмеу, алаламау және кемсітпеу, керісінше адам баласы кемелденіп жаратылған жаратылыс болғаны үшін сыйлауға, құрметтеуге міндеттіміз. Ал ол кәпір ме, мүшірік пе, мұсылман ба сол құл мен Аллаарасындағы өзара мәселесі. Міне бұл «діни төзімділікке» жатады. Құран Кәрімде: *«дінде зорлық жоқ»* - дегені сияқты әрбір сенім иесіне ақыл-кеңес берумен шектелу міндеттелген.

Ахмет Ясауи де исламдағы діни төзімділікті жақсы ұққан сопы. Оның пікірі бойынша жақсы мұсылман адам, бүкіл адам баласының кез келген қырынан ең кемелі болуы тиіс. Оның көзқарасы бойынша кәміл мұсылман адам ұлы Аллаһтың барлығына, бірлігіне иман етіп қана қоймай, барлық адамды бақытты қылатын турашыл, кемел, үлгі болатындай адам болуы керек. Діни төзімділік әдісті ұтымды қолданған кемеңгер бабамыз қандай нәсілде, қандай дінде, қандай ұлтта болса да барлығына Жаратушының пендесі ретінде қараған, тіпті діни төзімділікті Мұхаммед пайғамбардың сүннеті деп білген.

Сүннет екен кәпір де болса берме зарар,
Көңілі қатты тіл азардан құдай безер.
Алла атынан ондай құлға тозақ даяр,
Бұл сөзді даналардан естіп айттым міне.

Ер мен әйел теңдігі. Алла алдында ер мен әйел тең хұқылы, екеуіне де ақыл, көңіл, жүрек беріп, бірдей дәрежеде жаратқан. Бірақ, ислам діні әйелдің өз жаратылысына, нәзіктігіне, ердің өз жаратылысына, оның табиғатындағы қуаттылығы мен төзімділігіне байланысты өздеріне лайықты біршама міндеттерді белгілеген.

Әйел дегеніміз - ана, адамның алғашқы ұстазы, әрі Алладан кейінгі ең жақын қамқоршысы. Сонымен бірге *«жәннәт аналардың табанының астында»* - деген Пайғамбардың хадисіне орай ислам діні әйел затына қаншалықты құрмет көрсеткенін байқау қиын емес. Ардақты Пайғамбар: *«әрбір ер мен әйел мұсылманға ғылым іздеу парыз»* - деп, екеуінің хұқығы исламда тең екендігін көрсеткен.

Исламға дейінгі түркі халықтарында да әйел қоғамда маңызды рөлдерді

ойнаған. Тіпті, әйелдер қоғамдағы саяси мәселелерге араласып, елін қорғау үшін қолына найза алып, ерлермен бірге соғыстарға да қатысқан. Оның үстіне көшпелілер арасында әйел мен ерді бөлек ұстау мүмкін емес. Ахмет Ясауи түркілердің осы әдетін жалғастыра отырып, өзінің зікірлері мен сұхбаттарына әйел мен ерді бірге қатыстырған. Әрі бұл әдіс сопылық жол бойынша таптырмайтын нәпсі тәрбиелеу әдісі болып табылады.

Ахмет Ясауидің бұл әрекетіне заманындағы ғалымдар қарсы шыққан екен. Диуани Хикметте сол ғалымдардың бірі Баба Машын жайлы былай делінген:

Есітті Баба Машын сол заманда,
Ахмет атты бір шейх шыққан екен Түркістанда.
Сұхбат құран қыз-келіншекпен онда,
Тыйым салғалы Түркістанға келді достар.

Халық арасындағы аңыздарға қарағанда Ахмет Ясауидің софрасында ерлермен қатар әйел де бірге отырып сұхбаттасады деген қауесетті естіген Хорасан мен Мәуреннәхрдің ғалымдары Ясауидің бұл қылығын дұрыс деп таппай, Ясы қаласына сапарға шыққан екен. Қожа Ахмет те өзінің жоғарғы рухани қабілетімен олардың келе жатқанын сезіп, бір мүридіне аузы жабылған бір сиясауытты беріп ғұламалардың алдынан шығарады. Ахмет Ясауиді сынамаққа келе жатқан ғалымдар алдынан шыққан адамнан сиясауытты алып, аузын ашып қараса, сиясауыттың ішінде шоқ және шоқтың үстінде бір мақта тұр екен. Бірақ не шоқ сөнбеген, не мақта жанбаған екен. Ғұламалар Қожа Ахметтің «егер әйел мен ер Хақ жолында бір жерге топтасса, Алла олардың көңілдеріндегі жаман сезімдерді жояды» – деген ғибретін түсініп, Ахмет Ясауиден кешірім сұраған екен, тіпті көпшілігі оған шәкірт болыпты.

Адал еңбек ету. Әрбір мұсылман ешкімге жүк болмай, Құран Кәрімдегі *«дүниедегі несібеңді де ұмытпа»* (Қассас-77) - аятына сай табан ақы маңдай терімен еңбек етуге міндетті. Әрине, мұсылмандық жол бойынша Алланы, ахирет күнін ойлау маңызды орында, дегенмен, бұл дүниелік тіршілігін де ұмытпаған жөн. *«Сендердің қайырлыларың, - дейді, Хазіреті Мұхаммед (ғ.с), - тіршілігі үшін ахиретін тастамаған, әрі ахиреті үшін тіршілін де ұмытпаған, екеуіне қатар құлшыныған және басқаларға ауырпалық салмағандарың».*

Ал көңіл жолы арқылы Хаққа сапар шеккен құдайдың пенделерін *«екі қолы істе, көңілі мен жүрегі Алланта болған адамдар»*, - деген сөз орынды айтылған. Тіпті түркі сопылығының іргесін қалаған ясылық Ахметтің қылуәттік өмірінде ағаштан жонып қасық, ыдыс-аяқ жасағанын халық арасындағы аңыздардан білеміз.

Ахмет Ясауи Аллаға тек ғашық болу арқылы қауышуға болатынын түсіндірсе, мұның жанында “ғаріптік” арқылы жетуге болатынын да айтады немесе Аллаға ғашық болған пенде ғаріптікті сезіну керек. *«Дүниеде ғаріп не жолаушы бол»* - деген ардақты Пайғамбардың сөзіне орай Ахмет Ясауи ғаріптікті сүннет деп білген.

Мәдинаге Расул барып, болды ғаріп,

Ғаріптіктен азап тартты күйіп жанып,
Жапа тартып, Жаратқанға болды жақын,
Ғаріп болып, ауыр жолдан астым міне.

Сондықтан Диуани Хикметте орын алған “ғаріптік”, “топырақ болу” - Аллаһқа жақындаудың тура жолы және бұл – көңіл тәрбиелеудің бір жолы болса керек, тіпті өзін де ғаріп, топырақ ретінде көреді.

Ғаріппін ешкімім жоқ, бишарамын һәм пақыр,
Сенен өзге кімім бар, рақым ет сен (Аллаһ) таң сәріде.

- деп өзінің бейшаралығын сезініп, рақымды тек Алладан ғана күтеді. Өйткені оны Алладан басқа шын ұғатын, қолдайтын ешкім жоқ. Оны ғаріп қылып, жалғыздыққа итермелейтін күш – Алла ғашықтығы, махаббаты.

Міне, Ясылық ұлы бабамыз Аллаға ғашық болу, өз нәпсісін тәрбиелеп, өзін ғаріп, топырақ санау және пақыр, жетімдерді қолдау арқылы, инсан камиль (кемелденген адам) болу жолын көрсеткен.

Сопылық философия бойынша кемел адамдар (инсан камиль) болмағанда әлем жаратылмас еді. Әлемнің тіршілігі мен жауапкершілігі осы кемел адамдарға байланысты. Кемел адамдар қоғам руханиятының кепілі. Ал осы сопылық кемелдікке жеткендерге «өлместен бұрын өлгендер» дейді.

Сопылық дүниетанымда өлімнің өзіндік ерекше орны бар. Ясауи түсінігінде өлім ешқандай жоқ болу, жоғалу сияқты қорқынышты нәрсе емес. Оған Ғаззалидің: *«өлімнің ақиқатын түсіну үшін, өмірдің мәніне жету керек, ал рухты білмей отырып, өмірді тани алмайсың»* - деген атақты сөзін келтіруге болады.

Ясауи ілімінде нәпсі жамандықтың, ал рух болса жақсылықтың қайнар көзі болып табылады. Жақсылық пен жамандықтың бірге болуы мүмкін болмағаны сияқты, нәпсі мен рухтың қатар өмір сүруі де мүмкін емес. Екеуінің бірі ғана өмір сүруі керек. Ал рухтың өмір сүруі үшін, нәпсінің өлуі шарт. Өйткені өмірдің мәні рухтың тазалығында, яғни көңіл айнасының ашылуында жатыр. Рух тазалығынан мақсат, ғашық мәртебесіне ұласып, Хақ дидарын көру болып табылады.

Орталық Азия, Оңтүстік Сібір, Орта Азия, Каспий, төменгі Еділ жағалауында ежелден тіршілік еткен түркі халықтарының қоғамдық өмірі мен тарихында XIII-XIV ғасырда Шыңғысхан жорығымен байланысты үлкен әлеуметтік өзгерістің болғаны Алтын Орда мемлекетінің құрылуымен байланысты. Алтын Орда билігінің ислам дінін қабылдауы XIII ғасырдың екінші жартысында Берке хан тұсында басым жүргізілді. Бұл мәселеде Мысырдың ықпалы зор болды. Берке хан ислам дінін қабылдаған соң Сарай Бату, Сарай Берке қалаларына бұрынғы бұлғар мемлекеті жерінен, Үргеніштен, Бұқарадан, Сырдарияның төменгі ағысынан қолөнершілер, суретшілер, ғалымдар мен ақындар секілді мәдениет өкілдері келе бастады. Олар мәдениеттің өркендеуіне, түркі тілді халықтар мен тайпалардың осы жаңа орталықтарының қалыптасуына зор ықпал етті.

Өзбек хан билігі дәуірінде елде мұсылман діні ықпалы онан әрі күшейді. Сонымен бірге Алтын Ордаға мәдениет өкілдері – зиялы қауымның ағылуы күшейді. Алтын Орда қалаларында ірі құрылыс жұмыстары жүргізілді: мешіттер мен медреселер, сарайлар салынды. Алтын Орданың Мысырмен байланысы бұрынғыдан да күшейді. Өзбек хан тұсында бірінші рет тарихи еңбектерде «өзбектер» аталады. XIV ғасырдағы парсы тарихшысы, географ Х.Казвини Өзбек ханның 1355-56 жылдары Азербайжанға жасаған жорығы кезінде оның жауынгерлерін «өзбектер» деп айтады. Алтын Орданы «Өзбектер мемлекеті», «Өзбектер елі» деп атайды. Егер парсы тілді тарихшылар Алтын Орданы Өзбек ханның есімімен немесе «өзбектіктердің» мемлекетімен байланыстырып, оны бүкіл мемлекеттің халқына арнап «Өзбек мемлекеті» атаса, Ақ Ордада бұл этноним жинақтық мағынадағы рулық-тайпалық атауға айналды. Осыған байланысты ХҮІІ ғасырдағы автор тарихшы Әбілғазының бұл атауды бүкіл Алтын Ордаға қолданғанын айта кетуге болады.

Алтын Орда жерінде болған араб және парсы тарихшылары Алтын Орда жерінің көптеген ғылыммен және әдебиетпен айналысқан ғалымдар, жазушылар, дінтанушылар мен ақындар жайында айтады. Қазіргі табылған материалдық және рухани ескерткіштер Алтын Орданың орталықтарында биік мәдени дамудың болғанының айғағы. Мұнда ғалымдар, ақындар, жазушылар араб, парсы және түркі тілдерінде бірдей дерлік шеберлікте өз еңбектерін жазды. Мемлекеттің астанасы – Сарай Берке XIV ғасырдың бірінші жартысында Өзбек хан билігі тұсында (1312-1340) және оның ұлы Жәнібек (1342-1357) тұсында өте қатты өркендеді. Араб тарихшысы Ибн Батутаның айтуы бойынша, Сарай Берке ортағасырлардағы өте сұлу қалалардың бірі болды.

Алтын Орда саяси-экономика жағынан, әскер күші жағынан ерекше өсіп, елдің мәдени, сауда қарым-қатынастары Өзбек ханның тұсында жақсы дамиды. Ал Алтын Орданың құлдырауы Жәнібек ханның (1342-1357) тұсында байқалған. 1360-1380 жылдары Ордада 25 хан ауысқан.

Алтын Орда мемлекеті - кеңес тарихшылары жазғандай варварлық, тағы тобыр болған жоқ, өз заманының тарихи дамуы мен мәдениетін бойына сіңірген, шаруашылығы өркендеген, саудасы қанат жайған алып мемлекет болды.

Алтын Орда мемлекеті өзіне тән мәдениеті, өркендеуі мен құлдырауы бар мемлекет болды. Оның ажырамас бір бөлігі ретінде түркі халқы да, бүгінгі қазақ халқының құрамына енген ру-тайпалар да тарихи күрделі кезеңді басынан кешірген.

Алтын Орда дәуірі кезеңінде түркі рулары мен тайпалары жартылай көшпелі, жартылай отырықшылық тұрмыс құрды. Отырықшы елді мекендер, қалалар қай заманда болмасын, неғұрлым сулы аймақтарда, өзен, көлдердің бойында шоғырланды. Ал, атам заманнан бері қыпшақтар Қырым жағасы, Сыр бойы, Талас-Шу аймағы, Жетісу өлкесі тәрізді сулы жерлерді мекендеген. Бұл өлкелер ежелден мемлекеттің сауда айналысының қан тамырлары іспетті болды. Темірден түйін түйген ұсталар, өрнекшілер жан-жақтан келтіріліп, іші-

сыртын қыштан қиюластырып, ою-өрнекпен безендірілген әсем сарай, мешіт-медресе, мазарлар салынды. Мысалы, «Берке сарайы қаласында Кавказдан, Египеттен, Византиядан, Русьтен келген шеберлер жұмыс істейді», - деп жазады Алтын Орда әдебиетін зерттеуші ғалым А. Қыраубаева.

Белгілі кезеңдегі халықтар арасындағы байланыстың әдебиетке игі әсері мол. Қай кезең әдебиеті болмасын өзіне дейінгі әдебиетпен және әлемдік мәдениетпен байланыста өркендейді, томаға-тұйықтық пен провинциализм кемел келешекті өнерге жараспайды деген арнада ой өрбіткен әдебиеттанушы Ш. Сәтбаева көркемдік дамудың, әдеби процестің маңызды бір заңдылығы - әдеби байланыстар - әдебиет әлеміндегі тоғысулар, қарым-қатынастар, рухани байлықтар алмасулары қоғамның прогресс жолымен дамуы қажеттілігінен туған мәдени, әдеби байланыстардың өзіндік мол тарихы, бай мазмұны бар деп ой қорытады [46, 3].

XIII-XIV ғасырдағы түркі әдебиеті - оған дейінгі әл-Фараби, Сағди, Фирдоуси, Низами, Юсуп Хас Хаджип, Ахмет Ясауи тәрізді ғұламалардың шығармашылығымен ұштастықта, солармен жалғастықта, дүниежүзі мәдениетінің табыстарымен үндесе туған әдебиет.

Алтын Орда әдебиетін зерттеуші ғалым А. Қыраубаева кезең әдебиетін екі бағытта қарастырады. Бірінші бағытқа аударма - нәзіралық шығармаларды, атап айтқанда: Құтбтың «Хұсрау уа Шырынын», Сайф Сараидың «Гүлстанын», Әлидің «Қисса Жүсібін», Рабғузидің «Қисас-и Рабғузиін», Махмуд бин Әлидің «Наһж ул Фарадисін» («Жұмаққа апарар жол»), Хусам Катибтың «Жұм-жұмасын», тағы басқа туындыларды жатқызады. Екінші бағытты – тың тума әдебиет, оның жарқын мысалына Хорезмидің «Махаббатнама» дастаны деп көрсетеді.

Ғалым М. Жолдасбеков: Алтын Орда немесе Қыпшақ дәуірінің (XIII-XIV ғғ.) үлгілеріне: «Қысса-сұл-әнбия», «Кодекс-куманикус», «Мұхаббат-наме», «Нахж уль-Фарадис», «Жүсіп-Зылиха», «Гүлстан», «Домбаул», «Қисса Наурыз», «Тарих-Қыпшақ», «Дастан Әмет» тағы басқа да шежірелер, тарихи мұралар, дастандар еруге тиіс дей келіп, аталған дәуірдің ерекшелігі - бұл тұста негізгі тіл қыпшақ тілі болды, әдебиет, негізінен, қыпшақ тілінде дамыды [47, 15],- деп атап көрсетеді.

Қазіргі араб тарихшысы әрі филолог Амин әл Холи ибн Арабшах еңбектеріне сүйеніп, Берке, Өзбек, Жәнібек т.б. орда билеушілерінің жанында болған көптеген ғалымдарды атайды. Сонымен бірге, мәдениетке олжа болып қосылған олардың көптеген еңбектерін де атап өтеді. Амин әл Холидің айтуы бойынша, Ніл мен Еділ өзендерінің мәдени және ғылыми байланыстарының негізі Сарайдың жоғары дәрежелі шығармашылық ойы болғандығын атап көрсетеді [48, 5-8].

XIV ғасырда Алтын Орда әдебиеті жақсы дамыды. Орданың мемлекеттік тілі қыпшақ тілі болды. Алтын Орда жерінде Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметтері» мен «Рабғузи қиссалары» кең таралды. Кейінгі жылдардағы археологиялық қазба жұмыстары Алтын Орда жерінде «Құтадғу білігтің» де кең тарағанын көрсетіп отыр. Алтын Орда астанасы Сарайдың байлығы – ақын-

жазушылар шығармаларының тек діни тақырыпта қалып қоймай, көптеген өзге тақырыптарда жырлағанын көрсетеді. Низамиден нәзіралық дәстүрде жырланған «Хұсрау-Шырын» поэмасы, Құтбтың Низами шығармасын шығармашылықпен қайта қорытып, оған Алтын Орда хандарының дәстүр-салттарын, сарай өмірінің ерекшеліктерін енгізе жырлаған. Құтбтың «Хұсрау-Шырыны» дін тақырыбында емес, сүйіспеншілік тақырыбындағы алғашқы шығарма болып табылады. Құтб поэмасымен қатар, Хорезмидің «Мухаббатнамасы» осы дәуірде дүниеге келген шығармалар қатарында аталады. Кезеңнің ерекше шығармаларының бірі – «Наһжу-л-фарадис» - мың бетке жуық мәтіннен тұратын шығарма, діни туынды. Араб әдебиетіндегі Мұхаммед Пайғамбардың өмір жолын тақырып ететін сира жанрының шығармасы. Шығарманың бірінші жартысы тұтастай Мұхаммед Пайғамбардың өмір жолына арналған. Келесі жартысы Оның төрт шариарына – төрт халифке, Мұхаммед Пайғамбардың қызы Фатима, оның ұлдары Хасан, Хүсейін және төрт шейх Абуханифа, Имам Шафи, Имам Мәлік, Имам Ахмед Ханбалдардың өмірі мен қызметтеріне, түрлі діни қағидаларды сөз етуге арналады. Яғни Алтын Орда дәуірінде діни тақырыпты арқау еткен «Қиссасу-л-әнбия» секілді шығармалардың мол болғаны көрінеді. Ғалым А.Қыраубайқызы Алтын Орда дәуірі әдебиетінің өркендеуін түрік Оянушылығы – Ренессансы ретінде таниды: «... Сарай, Сарайшық қалалары да осы дәуірдегі өзіндік өркениеттің белгілеріне жатады. ... Қала мәдениетінің дамуы, әдебиет пен ғылымдағы ұлы тұлғалар Фараби, Ясауи, Баласағұни, Қашқарилердің, Әли, Рабғузи, Құтб, Құсам Катиб, Хорезмилердің шығармашылығы Х-ХІҮ ғасырлардағы әдебиетте жан-жақты өсу үрдісінің болғандығын көрсетеді деген ойдамыз. Осындай даму үрдісі өз ішінде түрік Оянушылығын туғызды. Әдебиеттегі түрік Оянушылығының белгілері біздіңше, екі үлкен жаугершіліктен кейін көрініп отырады. Х-ХІІ ғасырда Баласағұни «Құтты білікте» державалық түрік мемлекетінің төрт құбыласы тең үлгісін жасағанда, «Өтүкен бектері», «Білге қаған», Күлтегін, Тонкөктер құрған ұлы түрік қағанатын елестете отырып жазса, Махмұд Қашқари түрік елінің бай мәдениетін, тілін жан-жақты сипаттап, түрік рухын ірілендіре түсті... Жүсіп Баласағұнидің көне антика әдебиетінің принциптеріне сүйенетіні, ежелгі грек ойшылдарын дәріптеуі; Ясауи және оның ізіне ерген Иүгінеки, Бақырғани, Хакім аталардың гуманизм идеяларын ту етуі; Нәзира дәстүріндегі қиссалардың ежелгі сюжеттерді қайталай жаза отырып, адамгершілік, түріктік мәселелерді көтеруі; ақындардың шығарманы ана тілі – түрік тілінде жазуы, сөйтіп түрік тілінің мәртебесін көтеруі... Бұл түрік-қазақ әдебиетінде Алтын Орда әдебиетінің кезінде негізгі әдеби үрдіске айналды [49, 112-114].

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетінің тарихында кітаби ақындық және оның басты шығармашылық дәстүрі – нәзирагөйлік Ясауи, Бақырғани шығармаларынан бастау алып, Алтын Орда дәуірінде ұлы Ұлыстың мемлекеттік рухани қазығы ретінде мұсылман дінін берік бекіту, ұлыстың түрік жұртының ислами өркениетін қалыптастыру мүддесімен қабыса келіп туындады. Кітабилықтың кейінгі кезеңі орыс отарлығына қарсы қолданылатын

рухани қару, діни, әдеби, жалпы өркениеттік, бүгінгі тілмен айтқанда, діни ағартушылық қозғалыс ретінде XIX ғасырдың екінші жартысында қайта туып өркен жайды. Сондықтан да олар жырлаған басты тақырып дін болды. Ал кітаби ақындардың өзге тақырыптарға баруы: «Мың бір түн», «Кәлилә мен Димнә», «Тотынама», «Шаһнама» желілерін дербес нәзиралық туындылар етіп жырлауы діни тақырыптың өскен, өркен жайған, әдеби үдеріс ретінде даму көрінісі деуге болады. Өйткені олар жырлаған әр туындыда дерлік діни, діни-гуманистік, діни-фәлсафалық сарын шығарманың ішкі өзегіндегі тіні, арқауы болып өріліп жатады. Бұл бұрынғы діни фәлсафалық-сопылық, кейінгі діни ағартушылық бағыт екені анық.

1.2 XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы кітаби ақындар шығармашылығының Ясауи дәстүрімен сабақтастығы

Ғалым Д.Қамзабекұлы: «Кез-келген қоғам үшін діннің орны ерекше. Рухани құндылықтар, адами мәдениет тек дінмен суарылады. Біздің мың жылдан астам тарихымыз, әдебиетіміз өзіміздің хақ дініміз – дәстүрлі ислам құндылықтарымен біте қайнасып жатыр. Қазақтың елу-алпыс пайыз сөздерінің өзі дін арқылы енді. Сабыр, зейін, әділет деген сөздерді тарқатсаңыз, аржағынан бәрібір ислам ұлықтайтын жақсы дүниеге алып келеді», - деп алаш әдебиеті өкілдерінің шығармашылығында да дін және діни танымның орны ерекше болғандығын айтады. Мұстафа Шоқай, Шәкәрім, Ғұмар Қараш шығармаларын мысал етіп ұсынады [50].

Дәстүрлі жазба әдебиеттің негізгі өкілдері кітаби ақындар еді. Олардың басты шығармашылық жанры - қисса-дастандар, бағыты - діни-ағартушылық, негізгі тақырыбы дін және мұсылмандық шығыс, шығармашылығы сопылық іліммен, ой-идеямен өрілген діни, қаһармандық, ғашықтық, хикаялық нәзиралық туындылар болды. Шығармалары «Құран» сюжеттері, «Мың бір түн», «Тотынама», «Шаһнама», «Кәлилә мен Димнә» ертегілерін өзек етті. Кітаби ақындар шығармашылығы – ежелгі дәуір әдебиетінің, орта ғасырлық сопылық әдебиеттің XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында қайта өркендеуінің көрінісі. Қазақ әдебиетінің тарихындағы ежелгі дәуірлерден келе жатқан жазба әдебиеттің дәстүрлі жалғасы. Көне жазба әдебиет дәстүрінің қайта тууына осы кезеңде қазақ даласында мектеп, медреселердің көбеюі, мұсылманшылық оқу, ғылым-білімнің күшеюі көп себеп болды. Осы кезеңде орыс отарлығының күшеюіне байланысты бүгінгі ғылымда діни-ағартушылық аталып жүрген сапада дін, діл, тіл сақтау жолында шығармашылығы діни қайраткерлікке ұласқан қаламгерлер шығармашылығы дәрежесінде көрініс берді. Олар орыс отарлығының күшеюі негізінде қазақ еліне, әдебиетіне еніп жатқан орыс мәдениетінің ықпалына қарсы күресті шығармашылық етті. Кітаби ақындар орыс отарлығы, большевиктік орыс саясаты ықпалымен әдебиет майданынан шегінуге мәжбүр болған әдеби дәстүр қаламгерлері еді. Кезең әдебиетіндегі әрі қазақтың ежелгі жазба әдеби дәстүрін XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында өркен жайып жатқан жаңа жазба әдебиетімен ұштастырып, сол жаңа жазба әдебиетінің қалыптасуына мол үлес қосқан,

ұстанған өзіндік саяси бағыт-бағдары бар әдеби құбылыс кітаби ақындар шығармашылығы болды. XX ғасырдағы кеңестік әдебиет үстемдігіне дейін жаңа жазба әдебиеттің дамуына мол үлес қосқан кітаби ақындар саясаттан толық жеңіліс тапса да, олардың шығармашылық сілемі ауылдық жерлерде сақталып келген.

Қазақ кітаби ақындары әдеби мұрасының ежелгі дәуірлердің жалпы түркілік, шағатайлық әдеби нұсқалармен байланысты дамуын, ежелгі әдеби үлгілердің XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында қайта түлеуін, жырлануын А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышында» айтылған жазба әдебиеттің тууы туралы ойларымен сабақтастықта қарастыруға болады: «Жазу әдебиет деп жазылған шығармаларды айтамыз. Жазылған шығармалар қазаққа жазу тарай бастағаннан бері қарай шыққан сөздер. Қазаққа жазу дінмен бірге келген. Қазақ ішінде молдалық қылып, дін үйретушілер, бала оқытушы қожалар, ноғай молдалар болған себепті жазба сөзді шығарушылар да бастапқы уақытта солар болған» [51, 261]. Пікірде нақты аталған кезеңдегі жазба әдебиеттің даму діни шығармалардың қазақ даласында кең тараған уақытына байланысты болған деген ойлар бар деуге болады. Ал, жазба әдебиеттің, мәдениеттің сілемі қазақ даласында әр кез болғаны анық. Оған «Қадырғали Жалайридің «Жамиғат тауарифы» мен Өтеміс қажының «Шыңғыснамасы» секілді еңбектердің және М.Әуезовтің «Әдебиет тарихындағы» XIX ғасыр ақындарының көпшілігінің жазба дағдыны ұстанғаны жөніндегі айтылған ойлары дәлел болса керек. С.Сейфуллин де: «Қазаққа хат үйреткен - Мұхаммед діншілері, шеттен келген мұсылман саудагерлер, ноғай молдалар, өзбек ишандар. Сондықтан қазақтың көркем жазба әдебиеті туғанда, сол үйретушілеріне тартушы молдалардан, ишандардан тараған «Сопы алдияр», «Сыпатын ғажизин», «Хикмет» тәрізді өлең-жыр кітаптар барлық қазақ ауылдарында әптіектен соң оқылатын «үлгі», «ғибрат» кітаптары болды» [52, 48] деп қазақ даласына тараған әрі діни, әрі ортағасырлық, шағатайлық әдебиет үлгілерінің жаңа жазба әдебиеттің тууына ықпал еткен мұра ретінде атап айтады. Сонымен бірге, бұл пікірден қазақ даласында Ясауи хикметтері мен сопылық ілімінің кезең әдебиетінің дамуына кітаби ақындар арқылы еткен үздіксіз ықпалын аңғаруға болады. Кітаби ақындардың шығармашылық ерекшелігі және қисса-дастан жанрының дамуы жөнінде ғалым Ө.Күмісбаев XIX-XX ғасыр басындағы әдебиетте XIII-XIV ғасырдағы қисса дастандарда әділ патшаны, тәуелсіздікті, адамшылықты, шынайы сүйіспеншілікті аңсау арналары ары қарай жалғасын тапты дей келе, «Осындай Шығыс шығармаларын, сюжеттерін, варианттарын қазақ топырағына әкелуші қиссашы, дастаншылар жалғыз қиссаны ғана қуып кетпей, өздері де ірі білімпаздар болып, сан алуан тақырыптарға қалам тербеді, халықты өнер білімге шақырды. Ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаушы, аудармашы, бастырушы және жырлаушы болды», - деп үлкен баға береді [7, 290]. Қазақ қисса-дастандарын жүйелеу мәселесінде Б.Әзібаева оларды үш топқа бөліп қарастырады: 1. Ислам дінін уағыздайтын дастандар: «Сал-сал», «Сейітбаттал», «Зарқұм» т.б. 2. Ертегілік-аңыздық және ғашықтық дастандар: «Сейфулмәлік», «Бозжігіт», «Абдулхарис»,

т.б. 3. Шығыс сюжетіне жырланғанымен қазақтың төл туындысы болып кеткен дастандар: «Мұңлық-Зарлық», «Шәкір-Шәкірат» [29, 25]. Ө.Күмісбаев «Қиссалар және кітаби ақындар» деген зерттеуінде төрт топқа жіктейді. Бірінші - дидактикалық-лирикалық дастандар: «Ләйлі- Мәжнүн», «Жүсіп-Зылиха», «Мұңлық-Зарлық» т.б. Екінші - діни бағыттағы дастандар: «Сал-сал», «Сейітбаттал», «Жұмжұма», «Зарқұм» т.б. Үшінші - қиял-ғажайып, фантастикалық шығармалар: «Шаһмаран», «Абушаһма», «Шәкір-Шәкірат». Төртінші - батырлықты, ерлікті жырлайтын дастандар: «Үрістем-Дастан», «Ескендір», «Қисса Бахрам», т.б. [7, 290]. А.Қыраубаева «Мың бір түн», «Тотынама» желілері, «Шахнама» желілері және Орта Азиялық желілерге жазылған қисса дастандар» деп бөліп сөз етеді [27].

Қазақ әдебиетіндегі шығыстық қисса дастандар туралы көп еңбек еткен ғалым А.Қыраубаева мынадай пікір білдіреді: «Бодандық бұлты қоюланған ХІХ ғасырдың ІІ жартысынан былай қазақтың ұлттық оянушылығының бір көрінісі ретінде ХІІІ- ХІV ғасырлардағы назира дәстүрі қайтадан жедел дами бастады. Назиралық әдеби тәсіл мен машықтың негізгі жанры қисса дастандар болып жалғасты. Ұлттық оянушылықтың жан-жақты дамуының бір басында Абай бастаған, ұлттық сананы жаңаша дамытудың бағыты тұрса, екінші жағында қазақ салт-сана мен имандылықтан айырылып қалмаудың жолын ескілікті дәстүрлерден іздеген ақындар тобы жинақталды. Олар қазақтың ең ежелгі жазба әдеби үрдісін жақсы білетін, мифтік сюжеттермен, құран хикаяларын, «Қиса Жүсіп» пен «Қисас-ул анбияны» оқып көрген, «Мың бір түн», «Тотынама», «Шахнама» оқиғаларын жаттап өскен ақындар еді. Үлгі алған, оқыған мектебі дәстүрлі классикалық түрік, араб, парсы әдебиеті болған» [27, 187].

Кітаби ақындардың пайда болуы туралы ғалымның бұл пікірі бостандыққа қарсы шыққан «ұлттық оянушылықтың көрінісі» деген жаңа да құнды пікір. Шындығында бұл дәстүр - түрік халықтар әдебиетіндегі ежелден келе жатқан дәстүрлердің бірі. Осы дәуірде бұл дәстүр қоғамдық қажеттілікке айналды. Кітаби ақындар немесе діни ағартушы ақындар тек қазақ әдебиетінде басталған жоқ, түрік халықтары әдебиетінде етек алды. «Шиһабуддин Маржанидың ХІХ ғасырдағы діни схолостиканың түн түнегімен тоң-мұзын шайқалтқан реформалық үні Орал таулары мен Еділ-Жайық ормандарынан асып, қазақ даласына да жетті. Демек, бұл жырларда Ақмола мен Абай, Қажом Насри мен Ы.Алтынсаринді шығарған экономикалық, әлеуметтік хәм тарихи себептер татар, башқұрт және қазақ халықтарына ортақ болған. Атақты Ғ.Ибрагимовтің сөзімен айтқанда, «Ақмолланы және оның пікірлес замандастарын «тарихи ділгірлік һәм лажсыздық» майданға шығарады [53]», - деген С.Құдаш пікірі бұған дәлел. Қазақ кітаби ақындарын осындай күллі түрік жұртында болып жатқан ағартушылық қозғалыстың өкілдері деп атауға болады.

Кітаби ақындар шығыс әдебиетіндегі түрлі тақырыпты қамтыған шығармаларды назира дәстүрінде жырлаумен қатар, төл фольклорлық, түрки-шағатайлық әдеби туындыларды да қайта жырлап жатты. Сондықтан да олардың көпшілігі қазақ арасына кең таралып, қазақ әдебиетіне сіңісті болып,

фольклорлық дәстүрлермен ұштасып, төл туынды дәрежесіне жетіп жатады. Сондай сипаттағы шығармалардың бірі - «Шәкір-Шәкірат» дастаны. Шығарма адалдыққа, табандылыққа үндейді. Жырда ағалы-інілі екі жетім баланың бір-біріне қайырымдылығы, толып жатқан қиындықтармен азап көрсе де, ізгілік жолдан таймай, ақыры екеуі екі елге патша болып, мұратына жеткені баяндалады. Шәкір мен Шәкірат - адамға жақсылық жасаушы, кемкетік кедейлерді талай ауыр мехнаттан құтқарушы, баянды іске бастаушы ерлігімен халық сүйген жандар. Шығармада әкесінен баласын айырған өгей шешенің аярлығы мен залымдығы; ынжық патшаның туған баласын өлімге қиған пасықтығы; өліп қалған Шәкірді қайта тірілткен кемпір мен шалдың адал тілегінің орындалуы; Шәкіраттың айдаһардың аузынан балықшы шал мен кемпірдің қызын құтқаруы; мал үшін, атақ үшін адал жандарға жәбір көрсетуші ел билеушілердің, уәзірлердің, саудагерлердің зұлымдық-жауыздық әрекеттері шебер суреттелген. Халықтық сипатта жырланған «Шәкір-Шәкірат» поэма-дастанының басты идеясы - адам өмірін жақсарту, тұрмыста кездесетін қиыншылық, ауыр азаптан құтылуда адамның күш-қуаты, ақыл, парасаты бәрінен де зор екендігіне мол сенім артуын жырлауы сопылық іліммен сабақтасып жатқаны даусыз. Сондай шығармалардың қатарында адал жардың өмірін арқау еткен «Марғұба қатын», «Орданың хикаясы» қиссаларын ерекше атауға болады. Шығармалардың түп негізі Алтын Орда дәуірі әдебиетінің классикалық жәдігері «Қисса-ул анбиядан» бастау алады. Шығарма желісі Рабғузи қиссаларында былай беріледі: «Бір кісінің сұлу әйелге көзі түседі. Әйелді алғысы келеді, әйел көнбейді. Еркек: «Егер көнбесең, куә табамын да маған зина қылды, алдады деп қазыға алып барам», - деп қорқытады. Әйел оған да көнбеген соң, әлгі кісі бірнеше кісіні куә қылып, әйелді алып, Дәуіттің алдына келеді. Арыз айтады. Дәуіт: «Куәң бар ма?» - дейді, Еркек куәларын көрсетеді, Олар қоштайды. Дәуіт: әйелді жазаға бұйырады. Сонда Сүлеймен: «Ата, асықпай тұра тұр мен куәлармен сөйлесейін», - дейді. Куәларды бір-бірлеп оңаша шақырып алып: бұл оқиға күндіз болды ма, кешке болды ма, сыртта ма, үйде ме?» - деп сұрайды. Біреу күндіз, біреу кешке, бірі сыртта, бірі үйде деп әрқайсысы әр түрлі жауап береді. Өтірік екенін содан білген Сүлеймен куәлармен арыз айта келген кісіні жазаға беріп, әйелді қоя бергізеді [54, 35]. Демек, Ясауи шығармашылық дәстүрі мен сопылық ілімі өзінен кейінгі ғасырлар поэзиясына Алтын Орда дәуірі әдебиетіне, онан қазақ әдебиетіне өтті. Осы дәстүр сабақтастығының Алтын Орда дәуірі әдебиетіндегі көріністері ретінде Рабғузидің «Қисасу-л-әнбия», Махмуд Кердерінің «Наһжу-л-фарадис», сопы ақын Исламның «Муғин ул-Мурид», авторы Шәрәф немесе Уафаи деп беріліп жүрген «Раунақул-ислам» секілді еңбектерді атауға болады. «Қисасу-л-әнбия» шығармасы «Сансыз хамді сәнәлар, барша мақтауларға ие ол мейірімді Алла Тағала құдыретімен бізді адам (етіп) жаратты, мал (етіп) жаратпады. «Уәләқад кәррәмнә бәни әдәмә» («Расында біз адам балаларын ардақты еттік»), - деп басталатын Алла Тағалаға әлсіздерге Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.)ны пайғамбар етті. ... Мадақ пен тахият, салауат пен ғибадат әділ сөзді, сұлу жүзді... Зікірі мәртебелі, үмметіне шапағатшы» секілді сөздермен Мұхаммет

пайғамбарды ұзақ мадақтай келіп, соңында «сүйіншілеуші, пайғамбарлар туысы, сопылар жетекшісі – Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.)», - деп барып, пайғамбарға мадақ өлең жолдарын арнайды:

Дін шариғат амалын биік қылған Мұстафа,
Күпір, зұлмат тауларын жерге көмген Мұстафа.
Ол ата-анасын арттырып үммет үшін,
Жалынып Хақтан шапағат сұрап алған Мұстафа.
Қауымы назын көтере алмай көкке ұшқан Иса ол,
Үмметіне болысып жерде қалған Мұстафа.
Ол жиырма үш жыл еңбектеніп, көрмеді күні-күн ұйқысын,
Күнәһар үммет күнәсін Хақтан сұраған Мұстафа.
Ол қиямет күнінде, шапағат қаруын бойға асып,
Жалбарына тұрып, жалына күнәлі болған Мұстафа.
Елшілер миграж түнінде Бәйт Макдисқа келіп,
Әр шапағат өтерде басшы болған Мұстафа.
Түсер екен Мұстафаны қолынан тұтып Жебірейіл,
Жоқтағанда Жебірейілді жолда салған Мұстафа.

Мұхаммет пайғамбарды жырлаған бұл өлең жолдары Құл Қожа Ахмет Ясауидің Алланың елшісіне арнаған хикметтерімен толық үндесіп жатқанын аңғару қиын емес. Мысалы, 23-хикметте:

Он сегіз мың ғаламға даңқы шыққан Мұхаммед,
Отыз үш мың сахабаға басшы болған Мұхаммед.
Жалаңаштар мен аштарға қанағат болған Мұхаммед,
Кемтарлық көрген үмбетке шапағат болған Мұхаммед.
Түнде жатып көз ілмей тілейтұғын Мұхаммед,
Ғаріп пенен жетімге құрмет қылған Мұхаммед.
Жолдан азған күнәһарға қамқор болған Мұхаммед,
Күні түссе әркімге пана болған Мұхаммед.
Әбу Жәһіл, Әбу Ләһәбқа саясатшыл Мұхаммед,
Көңіл кірін жуатын сау-саламат Мұхаммед.
Намаз, ораза тұтқанға рахымы мол Мұхаммед,
Тынбай тәспі тартқанға ілтипатшыл Мұхаммед.
Малғұндығын шайтанның әшкере еткен Мұхаммед,
Шариғаттың жолына жәрдем еткен Мұхаммед.
Тариқатқа бастаушы, адал болған Мұхаммед,
Хақиқаттың ақ жолын бастап берген Мұхаммед.
Жамандыққа жақсылық жасайтұғын Мұхаммед,
Ынсап берген залымға даңқы шыққан Мұхаммед.

Сәжде қылған иіліп, жалбарынған Мұхаммед,
Дұғалары қабыл боп, қанағат еткен Мұхаммед.
Бес уақыт намазға имамдық еткен Мұхаммед,
Мифраж асып барғанда құдіретті көрген Мұхаммед.
Ғарсы-күрсі базарына қамқор болған Мұхаммед,
Сегіз пейіш бәріне ие болған Мұхаммед.
Міскін Ахмет құлына мұра болған Мұхаммед,
Жетім, пақыр, ғаріпке пана болған Мұхаммед.

Насируддин Бурхануддин Рабғұзи Ясауидің сопылық жолын танытатын хикметтерімен үндес бұл жолдардан кейін өзінің де рухани жағынан Ясауидің сопылық ілімін жалғастырушылардың бірі, бірегейі екенін көрсететін мына жолдарды жазады:

«Әммә бә'д (сонымен), бұл кітапты жазған, құлшылық жолында төзген, күнәһарлық даласын кезген, азығы жоқ, күнәсі көп Рабат оғызының қазысы Бұрхан ұлы Насируддин ұрпағы, (*Сатараллаһу 'әләйһи әссаләмәтә уә рахимә шиябәһу*) былай дейді. (*Әжәлл ут-таж ул-'умара уә мухйббул-'улама*) бектер ұрпағы, жігіттер сардары, ұлы атты, құтты затты, ізгі мінезді, ислам сауытты, моғол текті, мұсылман дінді, адамзат сүйеніші, мүміндер қуанышы, беделі ұлы, ақылы теңіз бегіміз Насируддин Тоқбұға *саббатуллаһу 'әлә динил-исләм уә сәләмуһу*» - өзінің діни-сопылық жолын қара сөзбен бере келіп, өзі шығармасын арнап жазып отырған бекке мадақ жолдарын өлеңмен жолдайды, бұл өлең жолдары да сопылық іліммен сабақтасып жатқандығы анық. Өлең жолдары Ясауидің, автордың Мұхаммет пайғамбар жолын жырлауымен қабысып жатыр.

Насируддин Тоқбұғабектің мадағы:

Дұрыс арман, тура қылық,
Пәк, таза шектен аса
Көктен ұлырақ беделі.
Мұрасы бектік дінінде,
Сұрар оны ұстап жаға,
Қуанышы ақырет мүлкі.
Әсілі моғол екен текті,
Ислам үшін тұтты жаға,
Болды Расулдың үмметі.
Құлшылық етер түн-күндізі,
Алар сабақ мұсхафқа қарап,
Құран оқу әдеті.
Тәспі тартарда қуанып,
Инжу болар жасы ағып,
Есітілсе Құран аяты.
Еретін шексіз барша,
Тура сөйлер сөзді ұға,
Артық қажетті жолы.
Раббыдан сый болып оған,

Хақ береді құтты баға,
Көрікті сұлу бейнесі.
Ізгі амалмен жүріп,
Дос қызығар, дұшпан қарап,
Артар баршадан құрметі.
Күндіз оқыр, түнде тұрар,
Құлшылық етер кірер мешітке,
Арыстан жүзді сәулеті.
Жасы кіші, жолы ұлы,
Заты анық бек Тоқбұға
Ол Насируддин көनियाсы.
Ел билесін, жүз жасасын,
Болып бағынышты Жаратушысына,
Бұдан артар жақындығы [55, 8-10].

Насируддин Рабғұзи еңбегінің соңында Ясауи хикметтерінің дәстүріндегі өлең жолдарымен соңғы сөз жазады. Онда өзінің кітапты жазу барысындағы еткен еңбегін, еңбек арқылы жеткен жетістігін, шығарманың пайғамбарлар туралы қиссалар жиынтығы екенін және оның құрылымдық жүйесі жөнінде Адам Ата пайғамбардан бастап, Мұхамметке және оның ұрпақтарына дейін жүйеленіп жазылғанын, қай уақытта басталып, қашан біткенін сопылық сарынмен жырлайды. Жырдан сопылық ілім атрибуттары мен символдар тізбегін көруге болады: «Бақ қопардым», «шешек», «жемісі хикмет, кемел аятты хабар жұлдызы», «Қан құрғату», «жан шаршату», «кен шығарып тас қазу», «Сап қызыл алтын тізбектеп безедім бұл жер жүзі(н)» т.б.

Міне, біттім бұл кітапты, ей, жарандар, жер жүзі халқы,
Бір жыл ішінде өтті оның жазы-қыс, жаз-күзі.
Ұйқы бұздым, өзімді үздім, сөзім түздім түнде мен,
Ерте тұрдым, қалам ұрдым, еңбектендім түн-күндіз(і).

Бақ қопардым тал ағашты жас жапырақ ол шешек,
Жемісі хикмет, кемел аятты хабар жұлдызы.

Қан құрғаттым, жан шаршаттым, кен шығардым тас қазып,
Сап қызыл алтын тізбектеп безедім бұл жер жүзі(н).

Ой жемісін ектім перде ішінде түймедей,
Жасырдым әркімнен тимесін деп жат көзі.

Көркі артты күнде жетті, көз-құлаққа дейін асып,
Киіндім түрлі тауардан Рум, Қытай әтілес, чузы

Шебер жаран мейірі түсті, мейірін берген баршасы,

Мейірімімен қалды аман, жоқ бойында еш міні.

Барып істедім Насируддин Тоқбұғабек қызметіне,
Сұрай ма, сұрамай ма белгілі білсін өзі.

Аяты хабар әсілі оның, өзінің аты «Қисас» (Қиссалар),
Бая-аяғына түгел қарасаң барша пайғамбарлар сөздері.

Бұл безелген жауһар ішінде Мұстафа жалғыздай,
Қыздары төрт, екі немере (уғлан), әйел еді тоғызы.

Әуелі Адам атамыз, ақыры соңғы Расул,
Осы тәртіппен түзілді әмбие-мүрсәл сөзі.

Төртеуі атты сахаба, екі сиқыр, екі әйел,
Соңында өлім зікірімен толды қисса тоғызы.

Өзгелер көп әлем мойыншақ тізді ел кезіп,
Мен гауһар, дүр, інжу тіздім, кезбедім дала-жазы (н).

Жеті жүз он екі жылда жазылды бұл кітап,
Туған еді сол уақытта құт, бақыт жұлдызы.

Күн шығыстан күн батысқа, қане, жетсе сөздерім,
Есіткеннен дұға сұрадым міскін Насыр Рабғұзи.

Алтын Орда дәуірі әдебиетіндегі Рабғузидің «Қисасу-л-әнбиа», Махмуд Кердерінің «Наһжу-л-фарадис» секілді шығармалармен қатар сопы ақын Исламның «Муғин ул-Мурид», авторы Шәрәф немесе Уафаи деп беріліп жүрген «Раунакул-ислам» секілді еңбектерді ерекше атауға болады. Бұл шығармаларда ислам діні, шариғат жолы, мұсылмандық бес парыз т.б. тұтастай өлеңмен жырланған. Мысалы, «Муғин ул-Мурид» (муридке-шәкіртке көмекші) шығармасы атынан көрініп тұрғандай-ақ мұсылман дінінің қағидаларын оқу құралы ретінде өлеңмен жырлайды. Кітаптың алғашқы бөлімінде дәстүр бойынша Алла мен Оның елшісіне мадақ, одан кейін шариғат шарттары, сопылық сыры, соңында кітаптың жазылу тарихы мен себебі жырланады. Олар мынадай тақырыптармен беріледі: «Имам туралы бап», «Әдеп туралы бап», «Сұхбат баяны туралы бап», «Шариғат, тарихат және хақиқат туралы бап», «Жүрек пен нәпсінің баяны туралы бап» секілді. Ал «Раунакул -ислам» (Исламның шырағы) кітабы дәстүрлі Алла Тағалаға, Пайғамбарға арналған мадақ жырларынан соң «Алла тағаланың отбасы баяны», «Иман баяны», «Шариғат үкімдерінің баяны», «Намаздың парыздар баяны», «Ораза баяны» секілді көптеген баптарға жіктеліп жырланған. Барлығы отыз бап.

Айтылып өткен жайлардан аңғарылатын мәселе – Ясауи сопылық ілімі мен оның ақындық мектебінің дәстүрі Алтын Орда дәуірінде жалғасқаны діни әдебиетке ұласқаны көрінеді. Осы дәстүр XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында ерекше дамыған дәстүрлі жазба әдебиетке және оның өкілдері-кітаби ақындар шығармашылығына ұласқаны Ясауи хикметтері мен Рабғұзи қиссалары көптеген діни ғашықтық, хикаялық қиссаларға бастау болғаны анық көрінеді.

Оқу үлгісін

2 Кітаби ақындар жырлаған қисса-дастандардағы сопылық ілім көріністері

2.1 Кітаби ақын Ж.Шайхысламұлының «Қисса Мансұр әл-Халлаж» туындысындағы Ясауи сопылық ілім көріністері

Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілімінің, өмірлік ұстанымының негізін танытатын хикметтері қазақ ақындары тарапынан ғасырлар бойы жырланып келді. Сопы ақын хикметтерінің мәні мен маңызы қазақ ақындары жырлаған дәуірлер тынысына өзек боп өрілді. Жыраулар поэзиясы өкілдері шығармаларында көрініс беретін мұсылман діні, мұсылманшылық туралы ойлары Ясауи ілімімен, Бақырған шығармаларымен, Алтын Орда дәуірінде өркендеген мұсылмандық өркениетімізбен сабақтасып жатады. Әсіресе отарлық дәуір аталатын ХІХ ғасыр ақындары шығармаларындағы зарлы әуен, зар заман сарыны Ахмет Ясауидің дәуір, дәуір тынысына орай құбылған адам болмысы туралы өрілген ойларымен тығыз сабақтастықта жырланды десек артық болмайды. Зар заманның ұлы жыршылары деуге болатын Дулат, Шортанбай, Мұрат шығармалары, Кердері Әбубәкір толғаулары Ясауи толғаған заман жайымен үндесіп жатты. Себебі Ахмет Ясауи заманында қараханидтер мемлекетінің ыдырауы, ішкі тартыс, қырғи қабақ алауыздық негізінде елді, жерді қара қытай-қидандардың басып алуы, халықтың ауыр езгіге түсуі ақынның өмірлік ұстанымы мен сопылық іліміне әсер етті. Бұл әсер, ықпал оның жырларында-хикметтерінде көрініс тапты. Ғалым А.Ахметбек осы жайларды айта келіп: «Йассауи бұл аласапыранның басы, тудырушы себебі болып мұсылманшылықтың тапталып, халықтың дінсізденуі деп білді. Ислам дінін ресми дін ретінде қабылдаған Қарахан мемлекетінің ыдырауы да азғындыққа салынған әкім-билеушілердің кесірі деп ұғынды», - дейді [31, 24]. Ахмет Ясауидің:

- Ей, достар, ақырзаман болды көріңдер,
Дінсіз кәпірлер бұл әлемге толды көріңдер,
Хақ құлдығын қойып, барша пасық болды,
Оның үшін Қаһар ашу қылды көріңдер.
Ақырзаман нышаны ол дүр әуелі қайыр кетті...
Ислам зағип болып, қолдан кетті көріңдер.
Ораза, намаз, иман қолдан кетті...
Бұл дүниені қараңғылық басты көріңдер –

деген хикмет жолдары қазақ халқының отарлық дәуірі және оны суреттеген, терең толғаған зар заман ақындарының толғауларымен толық сәйкес келеді. Бұл жайт олардың мұсылмандық оқуында Ясауи хикметтері үлкен орын алғанын, үлгі-өнеге болғанын көрсетеді. Қазақтың отарлық дәуірі әдебиетіндегі бұл мәселе Ясауи сопылық ілімі мен дәстүрі тақырыптық, көркемдік тұрғыда Абай поэзиясына онан Шәкәрімге ұласты деуімізге болады: «Түркі жұртының, соның ішінде қазақ даласының діни жолында сопылықтың алар орны үлкен. Алысқа бармай-ақ хәкім Абайдың, Шәкәрімнің, Мәшһүр Жүсіптің шығармашылық мұрасына сәл ғана ден қойсақ, олардың өмір тіршіліктеріне сопылық дүниетанымның қаншалық әсері болғанын байқаймыз. Қазақтың ділін

жан-жақты зерттеп жүрген академик Ғарифолла Есім еңбектерінің бірінде Абай шығармаларында сопылық әдебиеттің белгісі мен дүниетанымының көріністері де байқалатын тұстары баршылық екенін айта келе, Мұхтар Әуезовтің 1945–1946 оқу жылында университетте абайтанудан оқылған лекциясында айтқан: «Шығыс ақындарының шығармаларында үлкен орын алған үлгі – сопылық» деген пікірін дәлелге келтірген.

Сопылықтың мақсаты діннің талаптарын жоғары деңгейде орындату болғандықтан, рухани кемелденуді мақсат еткен әрбір мүрид, шәкірт бірінші кезекте шариғат білімімен сусындаған болуы керек. Қожа Ахмед әзірет сұлтан шариғатсыз тариқаттың болмайтындығын, тариқаттың бар мәселесі шариғатсыз шешілмейтідігін, тариқатқа кірудің алғышарты – шариғат білімі екенін айрықша атап көрсеткен:

*Айтпақ үшін тариқаттың ең талаптарын,
Әуел қадам шариғатқа қоймақ керек.
Шариғаттың шешімдерін тауысқан соң,
Содан кейін, сол шешімді қылмақ керек.
Шариғатсыз шешім болмас Тариқатта,
Тариқатсыз шешілмейді Хақиқат та.
Үшбу жолдар айқындалар шариғатта,
Барлығын да шариғаттан білмек керек.*

Әбу Бәкір Кердері де өз кезегінде сопылық жолдың ауыр екенін, сопы болу үшін, ең әуелі, көп оқыған ғалым болу қажеттігін қадап айтқан:

*Сопылық жол ауыр жол,
Ұстансаң оны тәуір жол.
Ұстансаң егер сопылық,
Оқығаны көп ғалым бол».*

Шариғатты білмеген адам тариқатқа кірсе, орта жолда шатасып, жарты жолда жалығып, аяғында адасып кетуі, шайтанның ермегіне айналуы бек мүмкін. Кейбір зерттеушілердің сопылық ілімді сынға алуына осындай білімсіз сопылық қылушылар себеп болса керек. Әйтпесе сопылық атаулы мұсылмандарды қараңғылық түнегіне бастамаса керек. Данышпан Абай бірінші қара сөзінде қалған өмірін қалай өткізу тұрғысынан өзіне мынадай таңдау нұсқасын қояды: «Сопылық қылып, дін бағу. Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көңілінде, не көрген күнінде бір тыныштық жоқ, осы елде, осы жерде не қылған сопылық?». Сопылық жаман болса, хәкім атамыз оны өмірлік маңызы бар іс ретінде ойға алар ма еді?! Ал тариқат шейхтары өзіне рухани ем қабылдап, ақиқатқа сапар шегуге бел буып келген мүридтерінің әр қайсысының жеке жағдайына, табиғи мінезіне, бойындағы аурына қарай Алла елшісінің мыңдаған хадистері мен шариғат қағидалары ішінен оған қажетті

дәрісін тауып емдеуге тырысады. Міне, осылайша дәруіштің қолынан ұстап, ақиқат межесіне қарай рухани сапарға жол бастайды [56].

Айтылған жайлар Ясауи ақындық мұрасы мен сопылық ілімінің қазақ жыраулық және ақындық поэзиясына еткен зор ықпалын танытады.

Ахмет Ясауи поэзиясы ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басында ерекше өркендеген дәстүрлі жазба әдебиет өкілдері-кітаби ақындар шығармашылығына айрықша әсер етті. Өздері мұсылманша оқып өскен, қалыптасқан, соған орай бүкіл шығармашылық тақырыбы, әдеби дәстүрі ислам дінімен, мұсылманшылықпен байланысты дамыған, сол арқылы қазақ мұсылмандық қиссалық әдебиетті қалыптастырған кітаби ақындар жырлаған басты тақырып – дін мәселесі болды. Олардың осы шығармашылық жолында Ясауи сопылық ілімі мен оны негіздеген хикметтері олардың діни ағартушылық және діни-әдеби шығармашылықтарына басты бағыт-бағдар болған. Олай дейтініміз, Қожа Ахмет Ясауи өзінің сопылық ілімін хикметтерінде жырлағанда басты-басты тақырыптары мыналар болды: Алланың бірлігі мен барлығы және Алладан қорқу, Хақ дидарына ғашық болу, мейірімділік, қайырымдылық, төзімділік, адал еңбекті үндеу, білім мен ғылым.

Дәстүрлі жазба әдебиет өкілдері – кітаби ақындардың негізгі шығармашылық жанры қиссалар болды, сонымен қатар назым, дастан, хикая секілді жанрлық атауларды қолданып отырды. Бірақ ең көп қолданған жанрлық атауы қисса болды. Бұл туындылар мұсылмандық, діни сопылық әдеби дәстүрге орай көп жағдайда Алла Тағалаға мадақ, хамд, сәнә жырлаумен басталып отырды. Осыдан кейін Мұхаммед пайғамбардың пайғамбарлық қызметі, дін жолындағы қайраткерлік еңбегі ерекше жырланды. Сонан соң төрт шарияр, дін жолында қызмет еткен сахабалар мадақталды. Осы жолдардан кейін қисса авторы өзі жайлы, шығармашылық мақсаты туралы діни ойларын, өзі жазып отырған нәзиралық туындының түп негізі туралы мағұлматтарды да жасырмай көрсетіп отырды. Бұл - өзінше кітаби ақындарда шығармашылық дәстүр болып қалыптасқан ерекшелік. Бұл шығармашылық дәстүрдің бір бастау арнасы Ахмет Ясауи хикметтерінің жырлану үрдісінде жатыр. Кітаби ақындар сопы ақынның хикметтерінің жолымен Мұхаммед пайғамбарды, төрт шариярды, сахабаларды жеке-жеке қиссалар етіп жырлаған. Сондай шығармалардың бірі – Қожа Ахмет Ясауи өз хикметтерінде көп жырлайтын, мадақтайтын, жұртқа сопылықтың үлгісі ретінде ұсынатын Мансұр әл-Халлаждың сопылық жолын жырлайтын «Қисса Мансұр әл-Халлаж» туындысы еді. Туындының нәзиралық авторы – кітаби ақын Жүсіпбек Шайхисламұлы. Шығарма «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 11-томында 2005 жылы басылып шыққан. Онда туындының Қазан қаласында 1889 жылы Ш.Хұсайынов баспасынан кітап болып басылып шыққаны айтылады. 1904, 1912 жылдары қайта басылып шыққан шығарманың нәзиралық туынды екені анық. Бұл жөнінде автордың өзі:

Бұ қисса бұрын нәшір парсы еді,
Бір күні назым бопты хорезм тілді.
Қазақи-түркімен жазайын деп,

Жүсіпбектің көңіліне және келді, - дейді.

Келтірілген үзіндіден туындының қолдан-қолға, елден-елге өткен сапар жолы көрінеді. Түп төркіні пасылық қара сөзді шығарманың бір уақыттарда түркі өлең сөзді шығармаға айналғаны аңғарылады. Жүсіпбектің сол нұсқадан қазақша сөйлетіп отырғаны анық көрініп тұр. Бұрын жырланған шығарма желісімен жүріп отырса да, Жүсіпбек нәзиралық туындысына өз тарапынан көп нәрсе қосқандығы байқалады. Шығарма алғысөзі ретінде көлемі елу жолдық діни сопылық өлең берілген. Онда ақын дәстүр бойынша Алла Тағаланы, Мұхаммед пағамбар нұрын, төрт шариярды жырға қосады. Бұл мұсылмандық әдебиетке тән дәстүр болғанымен, кітаби ақын жырын дүние жаратылысымен, бүгінгі өмірмен, адам табиғаты, иман мәселесімен сабақтастырып отырады:

Бисмиллаһир, рахманир рахим
Бастайын бір Алланың атыменен,
Түзеткей өз құдірет затыменен,
Бейхамдулла, біздерді қылды инсан,
Жайлар біздей құлдар хатыменен, - деп ақын Алла Тағаланың адам етіп жаратқанына шүкіршілік ете отырып шығармашылық ететінін айтады.

Алланың заты- пәк, әуелі жоқ,
Интаһа – ахирының өлшеуі жоқ,
Біздерді адам қылып иман берді,
Шүкір Алла, бұл жері көңілге тоқ, -

деп Алла Тағала пәктігін жырлай отыра адам етіп жаратып, иман бергеніне шүкіршілік қылады. Өйткені саналы адамзат баласының өмірлік тірегі – иман, иманды өмір деп біледі ақын.

Бір қатра нұр жаратты Тәңірім бұрын,
Сол деп айтар білгендер дост нұрын.
Ошал нұрдан жаратқан бұ ғаламды,
Өзі айтпаса кім білер Құдай сырын, -

деп Алла Тағаланың алдымен Мұхаммед пайғамбар нұрын, содан бұ ғаламды жаратуын, сол нұрдан тамған терден төрт шаһарияр жанының, иманының т.б. жаратуын жырлайды. Кітаби діни ақын Жүсіпбек өз кіріспесінде Имам Ағзамнан бастап, Шафиғи, Имам Ахмет, Имам Мәлік, Әбу Жүсіп, Ыдырыс имам, сүннет, жол, мазһаб туралы айта келіп:

Бұ қисса шейх Мансұр хикаяты
Мекені - Мысыр шаһары, уәлаяты.
Жүсіпбек сөз қозғасын ер Мансұрдан,
Алланың болса әгәр ғинаяты, -

деп негізгі тақырыпқа көшеді.

Кітаби ақын қолында Мансұр сопы жайлы жырланған, өз сөз еткен кітаптардан бөлек, ең алдымен, Ахмет Ясауи хикметтері болды деуге болады. Өйткені қиссаның көп жерінде айтылған ойлар мен оқиға желісі Ясауи хикметтерімен сәйкес келеді.

Ахмет Ясауи хикметтеріндегі Мансұр әл-Халлаждың жырлануын ғалым А.Ахметбек былай береді:

«Сюжетті хикметтердің ең көлемдісі ретінде 108-хикметті атаймыз. Бұл шығарма жиырма жеті шумақтан тұрады. Хикметтің мазмұнына Йассаuidің арқа адамы сопы Мансұрдың аңызға айналған өлімі арқау болған. Хикметте тарихта болған екі сопының аты аталады. Әл-Халлаж Әбу-л-Муғис әл-Хусейн бн Мансур (шамамен 858-922 жж.) өзінің сопылық оқуын ашық уағыздап, ресми дін басыларының қуғынына ұшырап, сот үкімімен өлім жазасына кесілген адам. Кейіннен өлім жазасының орнына сиқыршы ретінде үш күн дар бағанаға байланып, масқараланады. Аңыз бойынша, өз оқуынан бас тартпай қайсарлық танытып, бағана басында “әнә-л-Хақ” (мен Хақпын) деген атақты сөзін айтады. Бұл сөз мәнін күпірлік деп таныған қожа-молдалар Мансурды кәпір ретінде жазасын тартуды талап етеді. Мансур қалған өмірін қамауда өткізеді.

Ал Зу-н-Нун әл-Миссири Әбу-л-Файд Саубан бн Ибрахим (шамамен 796-860 жж.) алғашқы сопылардың бірі. «Мақамдар мен ахуалдар» оқуының негізін салушы, суфизм атасы ретінде танылады. Бұл екеуі өмірде бір-бірімен кездеспеген. Бірақ Ясауи фантазиясында Зу-н-Нунның оқу жалғастығын Мансурмен көрсету үшін Зу-н-Нунды Мансурдың пірі деп таныстырады (Мұндай байланысты өзінің Арыстан Баб арқылы Мұхаммедтің тікелей ізбасары ретінде беру тәсілін қайталауда көреміз). Яғни, уақыттың оқуға білімге күші де, заңдылығы да жүрмейтінін тағы да белгілегендей. Сөйтіп, Зу-н-Нун алғашқы сопылар қатарын құрса, Мансур осы қатарды жалғастырушы екенін, екеуі бір дүниенің құрылысын салушылар екенін таныту бар. Сондықтан дастан-қиссада Зу-н-Нун Мансурдың пір болып, оның қолдаушысы, әрекетіне тура да, әділ баға беруші ұстаз образында бейнеленген [31, 81].

Ғалым А.Ахметбек Ясауидің Мансұр әл-Халаж оқиғасын арқау еткен бір ғана 108-хикметін атаса, шын мәнінде, хикметтердің кейінгі түрлі басылымдарында олардың реттік саны ауытқып отырады. Мәселен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының шығаруымен 2000 жылы басылған [57] нұсқасында 9, 22, 76, 79, 88, 89, 123, 142-хикметтерінде Мансұр оқиғасы, ілімі жырланады. Үлкен орын беріліп, сюжетті өлең үлгісінде жырланғандары - 9, 22, 89-хикметтері.

Махаббат жолында ғашық болып Мансұр өтті,

Белін байлап Хақтың ісін мекен тұтты.

Жәбірлеу, қорлауды да көп есітті,

Ей, мұсылман, мен де Мансұр болдым, міне.

Ғашық Мансұр “Әнә-л-Хақты” тіліне алды,

Жәбірейіл келіп, “Әнә-л-Хақты” бірге айтты.

“Әнә-л-Хақтың” мағынасын білмес надан,

Дана керек бұл жолдарда таза мардан.

Ақылды құлдар Хақ жолын жадына алған,

Жаннан кешіп жаратқанды сүйдім міне.

Шах Мансұрдың “Әнә-л-Хақы” бекер емес,

Жолды тапқан біз сияқты тобыр емес.

Оңбағандарға бұл сөздер керек емес,
Қандар жұтып мен де куә болдым міне, -
деген секілді Ахмет Ясауи хикметтерінен аңғарылатын жайт – Мансұр әл-Халаждың сопылық ілімін оның өте жоғары бағалағаны, оның ісін, өлімін сопылық, шын ғашықтық жолындағы ерлік деп танығаны, өзіне өмірлік, діни ілімдік сопылық жолында үлгі-өнеге етіп ұстанғаны көрінеді.

Шындығында, сопылық ілім тарихындағы атақты сопылардың бірі Халаж Мансұрдың сөздері мен аңыздары мұсылман халықтары мен сопылық шығармаларда өшпес із қалдырғаны анық. Сопылық жол осы Халаж Мансұр ілімі арқылы жаңа бір кезеңге өткен. Оның бүгінге дейін аты өшпеуі “әнә-л-Хақ” (мен құдаймын) деген атақты сөзіне байланысты. Бұл сөздің тура мағынасы ислам сенім негіздеріне қайшы келгенімен, сопылардың түсіндіруі бойынша түсінуге қиын, бірақ түпкі мағынасы дұрыс айтылған сөз. Халаж Мансұрдың сөзіне түсінбеген замандастары оны өлім жазасына кескен.

Халаж Мансұрдың атақты осы сөзін Имам Ғаззали жақтап, оны былай түсіндіреді: *“Егер бір шыны ыдысқа кез келген реңдегі сусын құйсаң, шыныдан шынының бейнесі емес, сусынның реңі көрінеді. Міне осы сияқты жүрегіндегі Аллаһтың көрінісін көрген сопы, өзін емес, Жаратушысын көреді. Сондықтан ол өзін “әнә-л-Хақ” деп жар салуы мүмкін.”* (Сопылықтағы Уахдет-і Ужуд).

Кітаби ақын Жүсіпбек Шайхисламұлының «Қисса Мансұр әл-Халаж» шығармасы 1509 өлең жолдан тұрады. Алғашқы 50 жолы шығарма кіріспесі ретінде жырланған. Соңғы 36 жол соңғы сөз ретінде берілген. Шығарма мазмұндық тұрғыда іштей жіктелген екі бөліктен тұрады деуге болады: алғашқы жартысы сопы Мансұр әл-Халаждың сопылық өмір жолы және сол жолда опат болуы болса, екінші бөлігі Мансұр мәйітінің суға шашылған күлінің көбік болуынан Алла Тағаланың құдіретімен жаралған шығармада әкесі Мансұрдың сопылық ілімін жалғастырған баласы сопы Насим оқиғасы.

Мансұр оқиғасының бастауы оның қарындасы Әнал туралы аңызды өзек етеді. Әнал оқиғасы Ясауи хикметтерінде жырланбайды. Мансұрдың аңыз бойынша сопы болып қалыптасуына Әнал оқиғасы себепкер болды делінсе де, оның бұл оқиғаға дейін де Хақ жолын берік тұтынған жас жігіт екендігі айтылады. Оны ақын былайша жырлайды:

Шейх Мансұр жас жігіт,
Көзге жастау болса да,
Ақыретке бас жігіт.
Дайым Хақтан қорқады,
Екі көзден жаз төгіп,
Тағат қылу Аллаға,
Қағба сарбас қойып.
Тағаттан ғапыл қалам деп,
Ұйқысы келсе әгәрда,
Басына жатар тас қойып.

Осыдан кейін қарындасы Әнал оқиғасы сөз болады. Оның да өте діндар

болып өскен адам екендігі айтылады. Әрдайым дін жолына, шілтендерге қызмет етіп, шілтендермен қосылып сопылық шараба таһур шарабын ішіп жүрген қыз екені айтылады. Қыздың ішкі діни рухани мекемедігімен бірге оның сыртқы сымбат сұлулығы да ерекше жырланады:

Жүзін көрсен мысал хор,
Заманында бітпеген,
Неш пендеге ондай түр.
Қараңға түнді жарық қып,
Инесін тауып алады,
Жарқыраған жүзі нұр...
Жүзін көрген Әналдың
Шұғыласына жарқ еткен,
Ұялып көзі талады.

Мансұрдың осылайша суреттелген сұлу қарындасына жігіттің барлығы оның сұлулығын аңыз етіседі. Ол жігіттердің ішінде патша мен бектердің балалары да болады. Қыздың түнде тауға жасырын барып, шілтендерге қызмет қылып жүрген сәттерінде оның ізіне түсіп аңдысады, бірақ үнемі адасып қалып отырысады. Сондықтан қыз жаман жолда жүр деген қорытынды жасасады. Бәрі жиылып келіп Мансұрға айтады. Ол түнде тауға беттеген қарындасының соңына түседі. Қарындасы жеті қабат таулардан асып, бір бітеу тастан соққан үйге кіріп кетеді. Қыз шілтендерге қызмет қылады. Ағасы сыртта қалады. Бірақ шілтендер бөтен кісінің келгенін сезіп қояды. Қыз сыртқа шығып, ағасын көріп, жетім бала келіп тұр екен деп ішке алып кіреді. Шілтендер Әналдың оған да шарап беруін ұсынады. Мансұрдың несібесі болып бір кесе шарап артық қалады. Қыз мұның бәрін ішке ауырлық қылар деп өзі ішіп азғантай қалдырып береді. Мансұр кесе түбінде қалған бір ұрттам шараптың өзіне есінен танып қалады. Ғалым А.Әбдірәсілқызы Ясауи хикметіндегі «шарап» сөзін сопылық мәнде былай түсіндіреді: «Сопылық поэзиядағы тұрақты символдардың бірі – *шарап*. Жаратылыстың хикметін, Алла мен адам бірлігін бар болмысымен, рухымен сезінуден туған экстаз хәліндегі күйді сопылардың мастық хәлмен шендестіріп, оны “*уахдат* (болмыстың бірлігі) *шарабынан*” мас болу деп сипаттаған. Сопылық тәжірибедегі мұндай халге рухани ұстаздың жанқиярлық жолбасшылық еңбегінің арқасында ғана жету мүмкін болып саналады. Сондықтан «*Пірмұған*» – шарап құюшының, яғни рухани ұстаздың символы болып табылады» [32, 236].

Қиссада шілтендердің шарабының әсерін ақын:

Ішкен соң жалғыз ұрттам ақыл танды,
Оттайын іші-тысы күйіп жанды.
Не айтып, не қойғанын бірін білмей,
«Һуа Хақ» деп ізімен қайта салды...

Мансұр айтты: - Әналым ақ екен,- деп,
Қызметі бір Аллаға нақ екен, - деп.
Олай болса, мен де ақпын, - деп айтады,

Һәрқашан аққа Құдай жақ екен, - деп.

Бү сөзге қосып айтты: «Әнал-әл-Хақ»,
Өзін-дағы қосады «мен – әл-Хақ», - деп.
«Қай жерде, қай пенденің ісі ақ болса,
Һәрқашан сол пендеге Құдай жақ», -

деп, Мансұрға өзгеше бір кейіпке түсіргенін, сопылық, дәруіштік сипатқа ие болғанын суреттеп береді. Қиссадағы бұл сәт - кейіпкер Мансұрдың шын сопылық билігіне көтерілгенін көрсетіп, діни қиссаның тақырыптық идеясын ашатын тұсы. Осыдан кейін Мансұр елді, шаһарды аралап дәруіш болып, аралап жүреді. Оның бұл жаңа сипаты былайша бейнеленеді:

«Әнә-л Хақ» деп айтады көкке бағып,
Қызарып екі көзі көксің қағып.
Ақыл-һұшын білмейді дуана боп,
Бұрқырап ауызынан көбік ағып.
Әнал да Хақ, мен де Хақ, әдет болды,
Мансұрдың іші-тысы нұрға толды.
Түнде ұйқы көрмеді, күндіз – күлкі,
Тоқтаусыз кезіп жүрді шаһар-елді.

Мансұрдың бұл ахуалын, айтып жүрген сопылық әуенін молдалар естиді. «Әналменен екеуміз тәңірміз» дегені қалай? – деп өзін-өзі кәпір қылғаны деп шешеді. Олар Мансұрды ортаға алады. Олай сөйлемейін талап етеді. Айтқандарын тыңдамаған Мансұрдың алдына үш жүз молда жиылып келіп құран ашады, бірақ Мансұр айтқан әуенінен қайтпайды. Мансұрдың айтқан сөзін, ұстанған сопылық жолын нәзиралық шығарма авторы дұрыс деп таниды. Молдалар оның сөзінің шын сырын түсінбеді деп береді. Шығармада:

Білмеділер молдалар,
«Әнә-л-Хақтың» мәнісін...
Зар қылып Хаққа зарлайды,
Өзі ғашық Тәңірге...

Кереметсіз надандар
Хақ сырды қайдан танысын
Жұртқа теріс болса да,
Мансұрдың көңілі Хаққа шын, - деп Мансұрдың сопылық жолын қуаттап жырлайды. Шығарманың осы сәттері Ахмет Ясауи хикметтерімен үндесіп жатыр.

22-хикметте Ахмет Ясауи сопы Мансұр халін былайша суреттеп жырлайды:

Тынбай ғашық, үһлеп деп Құдайына жалбарынып,
Жүрер ондай ғашықтар күндіз-түні сарғайып.
Зар жылатар ғашықты, ғашық жолында Құдайым,
Ғашық жолында маламат, оны көрер мұнасіб, -

деген үзіндіден Мансұрдың халі шын сопылық, ғашықтық деп бағаланып отыр. Осы хикметте айтылған Мансұр оқиғасы қисса оқиғасымен сабақтасып жатыр, мұнда да:

Мансұр бір күн жылады, жарандардан рақым келді,
Шілтен шарбат ішкізді, Мансұрға мейірін салып.
Мансұр айтар: «Ана ал-Хақ», еранлар ісі бір Хақ.
Молдалар айтар: «Нахақ» көңіліне иман алып.
Айтпағыл «Ана ал-Хақ» деп, кәпір болдың, Мансұр деп,
Құран ишара болды дер олар көптесіп, -

деп Мансұр оқиғасы баяндалады. Сопы ақын Мансұр ілімін қолдап:

Білмес еді молдалар «Ана ал-Хақтың мағынасын,
Хал ақылына Хал ілімін Хақ көрмеді мұнасіб, -

деп түйеді. Бұл жолдар кітаби ақынның «Кереметсіз надандар Хақ сырды қайдан танысын» деген ойларына жалғасып жатыр.

Үш жүз молда жиылып өздерінің дегеніне көнбеген Мансұрдың үстінен патшаға арыз айтады. Патша Мансұрды алдына алдырады. Өзі сынап көреді, бұл хақиқат ғашық деп түйеді, бірақ молдалар Мансұр діннен шықты оны жазалау керек деп тұрып алады. Осы сәтте алғашында дұрыс шешім жасаған патша молдалар талабын орындауға мәжбүр болады.

Патша айтты: - Олай десең, өздерің біл,
Һәрқайсың көңіліңе келгенін қыл.
Дарға асып өлтіріп тастаңыздар,
Күнәһ, сауап тапсаңдар, өзіңнен біл, -

деп молдалардың Мансұрды жазалауымен келіседі. Солайынша молдалар Мансұрды дарға асады. Бұл сәт қиссада:

Тартқанында майысты дар ағашы,
Жылады жердегі шөп, таудың тасы.
Дар-дағы айтты: «Әнә әл-Хақ» деп,
Құданың күдіретіне қарасаңшы.

Мансұрға әуен қосты дар мен арқан,
Дарға Жаппар Егем қылды пәрмен.
Ол менім ғашық құлым зарар қылма,
Мас болып өз нұрыма жүрген дарқан, -

деп беріледі. Үзіндіден Мансұрдың ұстанған сопылық жолының ақтығы тағы да көрінеді. Мансұр сопы осы дарда жеті күн, жеті түн тұрады. Молдалар күніне

үш рет келіп, көріп кетіп жатады. Бірақ Мансұр өлмейді. Бұған барша жұрт таңқалады. Молдалар патшаға қайтадан барады, болған жайды айтады. Сонда патша оны дардан алып, дарбазаға байлап қоюды ұсынады. Арлы-бері өткен әрбір жан таспен ұрып өтсін дейді. Сөйте тұра, патша молдаларды қолдамайтындығын айтып, оларды залым атап отырады. Әйтсе де, олардың талабына патша болса да, көнеді. Бұдан Мансұр сопы өмір сүрген уақыт талабы көрінеді. Қақпада ол тағы да жеті күн тұрады. Өткен-кеткен жұрт ұрып өтсе де, оған еш әсер етпейді. Себебі Алла Тағаланың өзі құдіретімен оған залал етпейтін етіп қояды. Бір күні Мансұрдың ұстазы, тірі шейх Зуннун жанынан өтеді, күзетшілер одан да Мансұрды ұруын талап етеді. Ол қолындағы гүлімен ақырын ғана жайқап өтеді, ұстазының бұнысы Мансұрға өте қатты тиеді. Яғни, сопының шын сырын, Аллаға ғашықтығын ұқпаған надан жұрттың таспен ұрғаны әсер етпейді, ұстазының Мансұр сырын танып-түсініп ұрғаны ауыр тиеді. Бұл да сопылық ілімге байланысты айтылған болуы мүмкін. Ол тағы да жеті күн тұрады, бірақ өлмейді. Қиссада «жол білмеген ғалымдар, сырын білмес залымдар, ұлық-кішік ахундар» деп аталған молдалар патшаға тағы барысады. Патша оның денесін отқа күйдіріп, түйдіріп желмен ұшырып жіберуін үкім етеді. Мансұр осы сәтте өзінің өлетінін мойындайды. «Піріме арыздасып кетейін» деп ұстазын шақыртады. Оған өзінің сүйектерін көлге тастауын ұсынады. Бас сүйегін сақтап қоюын өтінеді, өйткені көл тасып дария болады, сонда майдаланған бас аүйегін шашса, жұрт суға кетпей көл дарияға айналады. Мансұрдың айтқаны орындалады. Оның бас сүйегі шашылған көл дарияға айналады, содан былай ол көл дария Ніл деп аталған дейді.

Ясауи хикметтерінде бұл сәт өзгеше жырланады. Көл суы тасып, ел, шаһар жұрты тұтас суға кететін болады, патша сасып бір әулие бар ма деп жар салады. Патша да, халық та қатты сасады. Сол сәтте шейх Зуннун Мансұрдың бір уыс күлін «Я, Мансұр» деп Мансұрдың өзінің айтуы бойынша дарияға тастайды. Хикметтерде көл айтылмайды – дария деп беріледі және ол көктемде емес қыста тасиды. Мансұр мәйітінің күлінен дария тасығанын қояды. Патша да, уәзірлер де сопы шайх Зуннунға тағзым етеді, ізін сүйеді. Патша разылықпен ел-жұртымды, шаһарымды сізге берейін, жалғыз қызым сізге күң болсын дейді. Сол сәтте ұстаз сопы өзінің дүниеден тойып болған жан екенін айтып, бәрінен бас тартады.

«Диуани хикметте» Йасауидің ұстаз-пірі саналатын Арыстанбаб пен тылсым өмірі тағлымды аңызға айналған Мансұр Халлаж бейнелері өзге образдардан дараланып тұрады. ...Осы санатты толықтыратын үшінші бір тұлға (Ясауи сомдаған қаһарман кейіпкерлер – Мұхаммед пайғамбар, Арыстанбаб, Мансұр Халаж) – тарихат ерендерінің ең көрнектісі саналатын Мансұр Халлаж образы да хикметтерде үлкен құрметпен және құлшыныспен кейіптелген бейне. Атақты «Мансұр хикаясы» тәрізді тарихаттар тарихында елеулі маңызы бар оқиғаны қайта жырлай отырып, Йасауи ақын оны тек баяндап қана қоймайды, бағасын да береді. Хақ дидарын көру үшін жаннан кешіп, басын берген Мансұр тұлғасын да ақынның қаһармандық биіктен көретінін, тындаушыны сол ұстанымға ұйытқысы келетінін аңғару қиын емес. Оқиға соңы кейіпкер

өлімімен аяқталса да, автор ақиқат жолындағы ақ өлімді трагедия ретінде қабылдамайды, соған сәйкес трагедиялық образ жасауға да тырыспайды. Құндылықтар жүйесі айқын ақын қаһарман тұлғаны оқырман-тындарман санасында лайықты биігінде бейнелеп қалдырған [32, 242]. Ал қиссада көлге тасталған күл дариямен ағып, Халаб шаһарына барады. Яғни, шығарма оқиғасы жаңа оқиғаларға ұласады. Халаб патшасының қызы хауызға ағып кірген Мансұрдың мәйітінің күлінің жасыл көбігін көреді. Көбік «Әнә әл-Хақ» деп сөйлеп тұрады, өзге қыздар қанша құса да ұстатпайды. Патша қызының алдына өзі келеді, көбікті жұтып қойған патша қызының аяғы ауыр болады. Қыз аяғының ауырлығы тоғыз ай болғанда, хан мен ханым қыздарын сандыққа салып, дарияға ағызып жіберуді жөн санайды. Іші алтын, сыртқы ағаш, төбесі терезелі үш кез сандық жасатып, көп қазына бірге салып, дарияға ағызып, ата-анасы жылай-жылай қайтады. Сандық дарияда бірнеше күн ағып жүреді, қыз сандық ішінде Аллаға мадақ, хамд, сәнә айтып отырады. Дарияның аяғы Бағдат шаһары болады. Сандық жүзіп, сол шаһардың тұсына келеді. Шаһарда бір кедей балықшы тұрады. Сандықты дариядан сол алып шығады. Сандықты алып үйіне келсе, қатыны босанып, ұл тауыпты. Сандықты бұзып ауызын ашса, ішінен қолында бір ұлы бала бар сұлу қыз шығады. Сандық ішінде туылған ұлдың ғажайып дүниеге келуін:

Қыз көбікті аузынан жұтып еді,
Бойына сонда бала бітіп еді,
Ұғыл тағы түсіпті ауызынан,
Мансұрдан қалатұғын тұқым еді, -

деп ерекше жағдайда суреттейді. Бұдан сопылық ілімнің алдағы уақытқа, келер ұрпаққа жалғасуын көруге болады. Сондықтан да ақын ғажайып дүниеге келген ұлдың суретін бір-ақ жолмен «қыз қолында бір ұғыл бар, өзі нұрлы» деп береді. «Нұр» сөзінің өзі діни сопылық мағынаның көрсеткіші іспетті.

Той қылып екі ұғылдың атын қойды,
Дүниеге келді-ай байғұс, көңілі толды.
Бар Құдай бір-ақ күнде жарылқады,
Шүкір қылып қайғының бәрін жойды.

«Өмір» қойды өз қатыны тапқан ұғылын,
«Ат аспаннан» деген бар мұны білің.
Шах қызынан туғанды «Несіп» қойды,
Екеуін құрдас қылды тағы жылын, -

деп шығарманың екінші бөлімі басталып кетеді. Несіпті дүниеге әкеген хан қызы бұдан былайғы оқиғаға араласпайды. Бұл да - шығарманың алғашқы бөлігіндегі Мансұрды шілтендер шарабын ішіп, дуана халды сопыға айналуына себеп болған қарындасы Әналдың шығарма айтылмай кетуі секілді авторлық

шешім. Балықшы шалдың екі ұлы қатар өседі, сегіз жасқа келгенде, атасы оларды оқытуға молдаға береді. Екеуі қырық баламен сабақ оқып, «әптиекке» келгенде, Несіп Әмірге «Сіз Бағдаттың патшасы, мен диуана боламын. Сіз мені дарға асып өлтіресіз, өлгеннен соң терімді іреп, көзімді ойып, тұлып қып сабан тығып, қайтадан дарға асып қоясыз» деген бөлек әңгіме айтады. Бұған Әмір қатты қапа болады. Ол патша болса, екеуінің тақта бірге отырып, бірге билік қылатынын айтады. Бірақ Несіп айтқанынан қайтпай сөзін қайталай береді. Ағасы өйткенше қазір таудан құлап өлейін деп өзін жартастан жерге тастайды, бірақ ол өлмей қалады. Бір күні мектепке бір диуана келіп, осында бір әулие ұғыл бар деп кетеді. Диуана сөзін сынымақ үшін молда әр балаға бір-бір тауықтан беріп, жасырын бауыздап әкеліндер, -дейді. Барлық бала тауықтарды сойып әкеледі. Несіп «жоқ екен Тәңірі көрмес жері, Тәңір көрмес бір жерді таба алмадым» деп тауығын тірі алып келеді. Молда диуананың айтуымен балаларды тағы сынайды. Бір-бір құшақ отын алып келіндер деп жұмсайды. Бәрі отын әкеледі, пешке салысады, бірақ оттары жанбайды. Несіп тағы кешігеді. Жолда отынымен балшықты суға құлаған Несіп су отын әкеледі. Молда оның отынын пешке салып жағып көреді. Отын дүр етіп жана жөнеледі. Молда баланы «хақиқат ғашық ер» деп түйеді. Осы жерде автор:

Алланың қойған аты Сайд Насим,

Көбінен әулиенің болды басым.

Әуел аты – Несиби, соңғы аты – Насими, - деп оның әулиелік, сопылық атына көшеді, шығарманың бұдан былайғы оқиғасында тек Насим атап отырады. Насим молдамен келісе алмай, «Һуа Хақ» деп жапан түзге безіп кетеді.

Диуана болды Насим хақиқат шын,
Рахат қылып бір жатпады күн менен түн.

Құлан менен киікпен бір жүреді,
Мысалы, түзде жүрген пері мен жын.

Құланменен киікті бағып жүрді,
Дертті болса, ем қылып қағып жүрді.
Алланың хақиқат шын мағшұқ ері,
Болмаса түзде бұлай нағып жүрді, -

деп осылайша оның сопылық, дәруіштік өмірге өткенін жырлайды. Насимнің құла түзде аңдармен бірге өмір сүріп жатқан сәтін ақын таза қазақы фольклорлық, батырлық жыр үлгісіндегі жеті-сегіз буынды өлең өрнегімен әдіптейді. Өлең жолдары да, ырғағы да көрікті өрілген. Мысалы:

Құлан, киік емізіп
Тәңірі қуат береді,
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Екі көзден төгіп жас,
Хақ зікіріне енеді.

Үстінде женде кигені,
Бір Алладан басқа жоқ.
Көңілінде һәр кез сүйгені.
Егесіне ғашық боп,
Бұ дүниені тәрк қылып,
Іші оттай күйгені.
Ғазал айтып тілімен,
Аллаға ғашық ділімен,
Кеудеге сыймай иманы.

Кейіпкердің осылайша суреттелуі шығыстың ғашықтық жыры «Ләйлі-Мәжнүніндегі» Мәжнүннің елден безіп, сахарада аң-құс, хайуандармен бірге жүрген сәттерімен сәйкес келеді. Екі шығармадағы осы суреттеулердің бір ортақ себебі сопылық ілім, таным деуге болады. Осылайша он бес жыл уақыт өтті делінеді. Кейіпкер кісі танымастай өзгереді. Осы уақыт ішінде есегімен отын сатып жүрген бауыры Әмір дәулет құсы басына қонып, Бағдаттың патшасына айналады. Оның бұл оқиғасы шығармада арнайы сөз болады. Бағдат халқының салты бойынша, патша өлсе, оның тағына жақын адамдары отырмайды, дәулет құсы аталатын құс ұшырылады, сол құс төбесіне қонған кісі патша болады. Насимнің бауыры Әмір таз еді, өзі кедей, басы таз, есекпен отын сатып күн көріп жүрген, жыртық тонды жігіттің басына дәулет құсы қонғанда, Бағдат халқы одан жиіркенеді, құсты үш рет қайта ұшырады. Үшеуінде де құс Әмірдің төбесіне келіп қонады. Сонымен Насимнің айтқаны келіп, Әмір патша болады. Осы кезде Насим сахараны тастап, шаһарға келеді. Онан тауға барып, Хаққа ғибадат қылып жатады. Оған өзі секілді екі диуана қосылады. Үшеуі қосылып, шейх Атард деген әулиеге қол беріп, қызмет қылып, үш жыл тұрады. Үш жылдан соң пір әулиеден кетулеріне рұқсат сұрайды, сонда пір шейх Атард әулие диуананың біріне бір күлше нанды қойнынан алып, оңды-солды шапалақпен нанды ұрып барып ұсынады. Екінші диуанаға қызыл алма береді. Насимге де әулие қойнына қол салып, қызыл алма алады, алманы салбыратып мойнынан ұстап, қабығын бітеу сойып, үрлеп береді. Сөйтіп, бата беріп шығарып салады. Насим жолдастарынан пірлерінің бұл істеген амалының жөнін сұрайды. Олар ұқпағанын айтады. Жұмбақтың шешуін өзі айтады. Нан алған дуанаға:

Жеті күннен соң ұстар патша сізді,
Тәңірінің ажал уақты болур изни.
Жерге көміп қойдырып беліңізден,
Атқылатып өлтірер өзіңізді.
Нан ұрғанның мәнісі осы деді.

Алма алған жігітке:

Сіздің жайды айтайын алма берген,

Дүрмен қаның ағар жосы, - деді.

Бұл жолдардан шығарма кейіпкері сопы Насимнің тек сопылық қана емес, көріпкелдігі де бар әулие екендігі көрінеді. Шығармадағы осы сәттер «Жүсіп-Злиха» қиссасындағы Жүсіп пайғамбардың зынданда бірге отырған достарының тағдырын олар көрген түске қарап жоруымен сәйкес келеді. Жүсіп пайғамбар түс жорыса, Насим сопы ұстазының қылығынан оның шәкірттерінің болашақ тағдырын танып тұрғанын болжайды. Бұл - Алла Тағаланың құдіретімен ерекше жағдайда дүниеге келген Насим сопы әулиелік дәрежеде суреттелгенінің көрінісі. Екі досының тағдырын осылайша болжаған Насим өз болашағын онан да ауыр баяндайды:

Өз жайымды құлақ сал, айтайын мен,
Алланың пендесіне рахматы кең.
Терімді бітеу сойдырар патша менің,
Білмеймін падишаға жақпайды нем.
Дарға асар теріме сабан тығып,
Үш күн тұрар терімнен әуез шығып.

Үшеуі де Хақтың тағдырына ризамыз десіп, шаһарға беттейді. Шығарманың осы сәтінде «баршасын рухы көріп Сайд Насим, айтады мінәжат қып бұ ғазалды» деп «Ғазал Саид Насим» деген тақырыпшамен оның мінәжат ғазалын береді. Осы ғазалдан сопылық жол және оның Ясауи хикметтерінде жырланған үлгілері, үндес, әуендес мақамдары аңғарылады.

Қиссада:
Ғалымдықтың белгісі –
Хақтың әмірін білгені,
Һидаят, һиммат қанжармен
Жүрек-бағырын тілгені, -

деген жолдар Ясауи хикметтеріндегі «жанды жаралап, қайғы шегіп, қандар жұтып», «найза алып, жүрек-бауырым тестім міне», «Хақтан қорқып, отқа түспей пістім міне» секілді тіркестермен үндесіп жатыр. Сол секілді Ясауидің :

«Иннә фатиханы» оқып, мәнін білдім,
Нұрын алып, өз-өзімнен дидар көрдім.
Моллам ұрып «Тыныш» деді қарап тұрдым,
Жасымды төгіп шарасыз тұрдым міне.

Ей, надан, тұлға бол деп айтты білдім,
Сонан соң шөлді кезіп Хақты сүйдім...
Зікір салып өттім мен диуанаға,
Хақтан басқа ешнәрсе демедім бейуанаға.
Жарық іздеп кірдім мен пәруанаға
Ессіз болып күйіп-жанып, өштім міне, -

деген жолдар Насим бастан кешкен оқиғалармен, көңіл-күйімен сәйкес беріледі. Бұдан көрінетін жағдай кітаби ақын Мансұр, Насим оқиғаларын жырлағанда Ахмет Ясауи хикметтерін үздіксіз оқып, сабақтастыра жырлап отырғаны анық. Қиссада осы сәт былай өріледі:

Молдадан Саид Насим сабақ алды,
Алдына әптиегін жайып салды.
«Иннә фатахнаға» келгенде молдасына,
«Мағынасы не, - деп, - тақсыр» тұра қалды.

Молда айтты: - Мағынасын не қыласың,
Өзің білмей мағынасын сөз қыласың.
Ашуланып біл салды шапалақпен, -
Оқымай, сұрама, - деп, - сөз мағынасын.

Шапалақ жеді Насим молдасынан,
Құдай оған білгізген о басынан.
Жылап тұрып аятқа мағына берді,
Жауһар тамды жылаған көз жасынан...

«Һуа – Хақ» деп тысқа шықты Саид Насим,
Айдады жапан түзге жалғыз басын...
Диуана болды Насим хақиқат шын

Бұл үзінділерден сопы ақын Ахмет Ясауидің шығармада жырланған Мансұр, Насим сопылардың ілімін қолдағаны және өз хикметтерінде қуаттап жырлап отырғаны көрінеді. Сонымен бірге, кітаби ақын Жүсіпбектің де Ясауи сопылық жолын ұстанғаны, сол ілімді уағыздап «Қисса Мансұр әл-Халажды» жазғаны аңғарылады.

Құл Қожа Ахмет Ясауидің Мансұр, Насим сопылардың ілімін қуаттап, мадақтай жырлағаны ғалым А.Ахметбектің: «Бұл хикмет мазмұнында Ясауи суфизмнің жасырын оқудан ресми түрде тарихи сахнаға шығуы Мансұр есімімен байланысты екенін көрсетеді. Сопылық оқуды күпірлік жаладан сақтап, ислам дінінің бір ағымы ретінде танылуында Мансұрдың еңбегі, қызметі, өзін шейіт қыла білген қаһармандық ерлігі паш етілген. Мансұр сияқты шейіт болсаң да, ғашықтық жолынан бас тартпа деп уағыз айтады:

Нәсімдей Хақты айтқыл, терінді сойсын,
Қожа-молдалар сабан тығып, асып қойсын.
Көзінді жұм, бұ дүниеде нәпсің өлсін,
Хақ тамаша қылып сенің халінді сұрасын.

Бұ халіне Хақ Тағала рақым қылсын,
Бұндай ғашық ессіз болып жүрер әрміш», - деген пікірімен де қуатталады [31, 82].

Шығарманың екінші жартысы арналған Насим оқиғасы оның өзі болжағандай тағдырда, оның өлімімен аяқталады. Тағы да сол бала Насимнің болжағандай ағасы патша Әмірдің қолынан өледі. Насимнің айтқаны келіп, өзі патша болып өз бауырын өз қолымен өлтіргенін кеш білген Әмір осы бәле молдалардан келді деп, молдаларды жиып, қырып, диірменге тартып өлтіреді.

Қиссаның сопы Мансұр, Насим оқиғаларының өліммен аяқталып отыруына үнемі молдалар себепші болып жатады. Ахмет Ясауи хикметтерінде де дін өкілдері - молдалар қатты сыналып отырады. Осы ортақ желінің басты себебі сопылық ілімнің тууы мен таралуында, дәстүрлі дін өкілдері тарапынан үнемі қудаланып отырғаны аңғарылады. Алланың Хақтығын, Бірлігі мен Барлығын, Хақ дидарына ғашықтықты, Алла елшісі Мұхаммедті, төрт шариярды, пәктік пен тазалықты, адалдықты, т.б. жырласа да, сопылық ағым қашан орныққанша, көп қиындық көргені, қудаланғаны танылады.

Кітаби ақын Жүсіпбек Шайхисламұлы Ясауи хикметтерімен сабақтастырып, Мансұр, Насим сопылардың оқиғасын қисса етіп жырлауымен өзі де қатты рухтанып, сопылық үлгіде тоғыз шумақ өлеңді шығарманың соңғы сөзі ретінде жырлайды. Өзінің осы уақытқа дейін жастықпен көп күнә істермен айналыстым деп Алла Тағаладан кешіру сұрайды.

Кітаби ақын Жүсіпбек Шайхисламұлының «Қисса Мансұр әл-Халаж» туындысы - әрі көлемді, әрі қызықты оқиғамен өрілген діни сопылық шығарма. Шығармада негізінен өлең үлгілерінің екі үлгісі он бір буынды қара өлең үлгісі, жеті-сегіз буынды жыр үлгісі алма-кезек қолданылып отырған. Шығарма кіріспесінде кітаби ақынның өзі бұл туындының түп негізі парсы тілді насыр сөзді, одан соң хорезм тілді назым болды, содан қазақи, түркі жазғым келді десе де, шығарманы жазу барысында ақын көп пайдаланған материал Ясауи хикметтері болды деп ойлаймыз. Себебі қисса оқиғасы мен Ясауидің әлденеше хикметтерінде жырланған Мансұр оқиғасы бір-біріне өте жақын өрілген. Сондықтан да Жүсіпбек ақын өзінің нәзиралық қиссасын хикметтердің желісімен жүріп отырып орындаған деуге болады. Бұл - ғасырларға жалғасып жатқан әдеби дәстүр сабақтастығы.

2.2 А.Сабалұлының «Марғұба қатын» және Т.Ізтілеуұлының «Орданың хикаясы» қиссаларындағы сопылық ілім көріністері мен көркемдік ерекшеліктер

«Қисас-ул әнбия» кітабы XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында Қазан, Ташкенттен кітап болып басылып шығып Орта Азия мен Қазақстанға кеңінен тарайды. Ежелгі дәстүр бойынша осындағы шағын хикаяларды кітаби ақындар өлеңмен қайта жырлап отырған. Бұған бір ғана XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің өзінен қаншама мысалдар табуға болады. 1889 жылы Қазандағы университет баспасынан «Хикаят Марғұба қатын» (18 бет) кітап болып шығады. Ақылбек Сабалұлы осы хикаятты өлеңге айналдырып, дамытып қайта жырлаған. Ақылбек Сабалұлы жырлаған «Қисас-и Марғұба» Қазандағы Қаримовтар баспаханасынан 1911 жылы кітап болып басылып шығады. Көлемі 23 бет. Жоғарғыдағы сюжетті негізге алған Ақылбек Сабалұлы өз дастанын сопылық ілімнің негізінде жырлап шыққан. Сопылық ілімнің тереңдігін Низами, Науаи, Физули шығармаларының құдіретімен түсіндірген белгілі шығыс зерттеушісі Е.С.Бертельстің мынандай сөзі бар: «Низами - ақын ғана емес ұлы ойшыл. Оған жазу оңай болғандықтан жазады. Жазу үшін ғана жазған жоқ, осы бағытында оқырмандарына әсер ету үшін жазды» [58, 456]. Шығыстың гуманист ағартушыларының осы мақсатын яғни адам мінезін, қоғамды түзеу үшін көркем әдебиетті үгіттеуге, насихаттауға, түсіндіруге құрал етіп пайдаланғанын білеміз. XIX соңы мен XX ғасырдың басындағы кітаби ақындар әдеби бағыт етіп ұстанады. Бұл ақындар көбінесе, әдебиеттің көркемдік мақсаты - үгіт насихат құралы деп түсінген, сондықтан да шығармаларында осындай дидактикалық оқиғаларға баса назар аударады. Өлеңдерінің көркемдігінен гөрі, оқиғасының мазмұны басым әсер етеді. Міндетті түрде тәрбиелік әсері бар бір оқиғаны алып, соны өлеңмен сөйлеп береді. Ақылбек Сабалұлы өзі өмір сүрген кезеңде көптеген шешімін таппаған күрделі әлеуметтік мәселелер болып жатты. Осының бәріне қарсы тұрарлық таза ілім - сопылық болып көрінгені анық. Бұл туралы Бертельс: «Низами в какой-то мере были свойственны суфийские воззрения. Их отсутствие было бы странно, либо в то время всякий прогрессивный человек именно в суфизме искал ответа мучившие его сомнения» [58, 448]. Ғалым пікірінен сопылық көзқарастың Низами заманында прогресшіл білімді адамдар жоғын тапқан, солардың мұқтажына жауап берген бағалы ілім болғаны көрінеді. Дәл осыған ұқсас пікірді қазақ ғалымы Е.Ысмайловтан да кездестіреміз. Атақты Ақан серінің сопылық жолға түсуін былай түсіндіреді: «Жауыздықтың қабындай беруінің түпкі тамыры қайда деген сұрақтарға жауап іздейді. Ол серілік жолды тастайды, әділдік туралықты іздеп шарқ ұрады. Сондағы іздеп тапқаны - Шығыс елінің ақындарының орта ғасырлардан басталған әдеби-философиялық ағымы - сопылық жолға салынады. Ол бұл сопылық ағымнан адамдардың құлық-мінезін түзеу жолын, өзінің замандастарының, кейінгі жас ұрпақтарының ой-санасын ашу мақсатын, ғылым үйрену, әлеумет өмірін тереңдей ұғыну жолын іздейді» [59, 167]. Бұл пікірді Идрис Шах былай түсіндіреді: «Однако целью поэта- влюбленного мага в суфизме является не только растворение в сиянии истины, которую он постигает. Истина преображает его, и в результате этого он приобретает социальную функцию -

указать людям то направление, в котором они нуждаются, чтобы достичь завершенности» [60, 358].

Көріп тұрғанымыздай, өздері іздегенін осы сопылықтан тапқан ақындардың бірі - Ақылбек Сабалұлы. Сопылық ағымның түркі халықтары әдебиетінде негізін салушы- К.А.Ясауидің негізі ойларымен Ақылбек Сабалұлы жақсы таныс екендігін «Таһир-Зухра» жырын бастаған сөздерінен көруге болады:

Бисмилла мен сөйлейін патша құдай,
Біз ғаріп бенделерде көп қой күнә.
Қыл көпір қияметтен өтерінде,
Болады заманымыз әлдеқалай.
Екінші жәрдем берсін пайғамбарым,
Шапағат қыл үмметіңнің хәммаларын.
...Не болам бір күндерде тіл байланса,
Алуға ажал өлім ыңғайланса,-
деген сөздері Қ.А.Ясауидің «Хикметтеріндегі»
-Ей, достарым, өлсем мен, халім не болар,
Көрге кіріп жатсам мен білмеймін, халім не болар [61, 59]

немесе

Өмірім ақыр болғанда, не қылғаймын Құдай-а,
Жан алушы келгенде, не қылғаймын, Құдай-а [61, 58]
деген жолдармен үндесіп жатыр.

Сондай-ақ, Таһирдің зынданда жатып өзін-өзі жұбатқан сөздері Ясауидің ойымен өте жақын келеді:

Мехнат өтіп ғаріпке,
Рахат бітер күн болар.
Қайғы берген Алламыз,
Алса керек, иншалла.
Айыра білген Алламыз,
Қосса керек, иншалла.
Қасірет берген иеміз,
Шаттық берер, иншалла.
Әр мехнатқа бір рахат,
Болса керек, иншалла [9, 220].

Демек, кітаби ақындар шығармаларында осы Ясауи сопылық ілімінің белгілері байқалады. Сондай кітаби ақынның бірі – Ақылбек Сабалұлы және оның «Марғұба қатын» қиссасы шынайы сопылық ілімнің негізінде жырланған туынды.

«Таһир - Зухра » жырында Низами, Науаи, Физули дәстүрлерімен ғашық болып дүниеге келген ерекше жандардың бір-біріне ынтық сезімі арқылы берілген сопылық таным «Қисса-и Марғұбада» жазықсыз жазаланған адал жанның басынан кешкен азапты өмірі арқылы беріледі. Сопылық ілімнің негізгі принциптері: ғаріпшілдік, көрген қиындыққа шүкіршілік ету, нәпсісін

қанағатпен тыйып ұстау. Алланың қаһарынан қорқып, рахимнан үмітін үзбеу, бұ дүниенің бар қызығын ақыретке айырбастау, яғни рухани тазару, сол арқылы жаратушыға жақындау... Идеялық ұстанған бағыты жағынан гуманист ағартушы болып келетін кітаби ақындардың қай-қайсысы болса да, өздерінің жандарына жақын осы сопылық ілімді насихаттауы сондықтан [62]».

Шығармада сопылықтың негізгі белгілері кейіпкердің басына түскен әр түрлі қиындықтар арқылы талдап көрсетіліп отырады. Ақылбек Сабалұлының «Қисса-и Марғұба» қиссасы идеялық жағынан осы ілімді насихаттауға негізделген. Сондықтан бұл шығарманың мазмұны емес, осы ілімнің қалай берілгені назарда ұсталады. Автор кейіпкерлерін таныстырғаннан-ақ осы сопылық көзқарастан хабар береді.

Бар екен бір қатыны Марғұба атты,
Көркем, бойы сипатты, салтанатты.
Рузе, намаз оқиды, өзі халал,
Ер әмірінен шықпайтұғын асыл затты

немесе:

Сопы екен Мұрат Салих дінін күткен,
Хар бенде ықыласпен хаққа жеткен.

Шығармада сопылық әдебиеттің терминдерін өте көп пайдаланады: ғаріп, «көңілінен таупих қашып, шайтан кірді, ақырда қуанармын», «Мүнша бейнет бергенге шүкір етті», «жүз мың шүкір қылайын хәр не салса», «ақыретке сатайын жалғанымды», «Тәубә қылдым», «Рахметіңнен үмітім үзбен», «дін жолында мехнат тартты», «Артық тамақ ішпейді, ұйықтамайды, Дүниені ақыретке сатты дейді», «Мұсылман иман табар нәпсіні тыйса», «Халал ниет жолында жанын қиса», - деген сөздер қиссаның өн бойында, кейіпкерін сомдау үстінде ұшырасып отырады. Кейіпкер Мұрад Салихтың қаж сапарына аттануы:

Өзі сопы ер еді дінін күткен,
Һәр пенде ықылас бірлән Хаққа жеткен.
«Қағбаға тауап қылып келемін» деп,
Бейшара қажыға баруға ниет еткен.

Ойлайды қажыға барып келейін деп,
Раузасын Пайғамбардың көрейін деп.
Әулие, машайыққа зиярат қылып,
Топырағына жүзімді сүртейін деп.
Қажыға барған болады күнәдан пәк
Қажын қабыл қылсын бір Ақ»,-

деп жырлануы да осы ілімнен хабар береді. Сондай-ақ:

Қажы парыз болады малы барға,
Нәсіп болсын һәр мумин мұсылманға.
Екі дүние рахатын бірдей берсін,
«Лә иләһә иллә Алла» деген жанға.

Қажы сапарына кеткен Мұрат Салих әйелі Марғұбаны өз інісіне аманат етіп кетеді:

Тапсырдым алғанымды, Кұдай, саған,

Тірі көрсет көзіме есен-аман.

Қатынын тапсырады інісіне:

- Әл-ауқатын біліп тұр һәр күн таман.
Інім келіп біліп жүр әл-ауқатын,
Марғұба зар жылайды ғаріп қатын.
Інісі қабыл көрді айтқан сөзін,
Тапсырған ағасының аманатын.

Таза жолдағы адамдардың көп қайғыға ұшырауы, әдетте жолдан тайған, құдайдан қорықпайтын залым пенделердің кесірінен болады. Марғұбаның да басына қиындық әкелетін - өздері сенген, жақын адамы болып шығады.

Бір күні жеңгесіне келді дейді,
Керек-жарақ нәрсесін берді дейді.
Марғұба шашын тарап отыр екен,
Дидарын жеңгесінің көрді дейді.
Көрді де ашық болды Марғұбаны,
Ашықтықтан қиналды ғаріп жаны.
Жеңгесіне бір күні арыз айтты,
Тыңдасаңыз айтайын сізге анық.
Жігіттің кеудесіне сайтан кірді,
Марғұбаға һәр күніш келіп жүрді.
«Қойныңа ал» деп айтады жеңгесіне,
Көңіліндегі дерттерін айтып салды [63,85].

Осы кезде Марғұба адалдық жолындағы пенде ғана емес, адалдық үшін күрескер дәрежесіне көтеріледі. Марғұбаның сұлулығына қызығып, нәпсісін тыя алмаған қайнысына асқан сабырлықпен, білімділікпен жауап береді:

«Ғаріп қатын есітті мұндай сөзді,
Есітіп қайнысынан күдер үзді.
Құдайдан мұны айтарға қорықпаймысың,
Аманат деп тапсырды саған бізді.
Аманат деп тапсырды ағаң,-дейді,
Бұл ниетің мұсылманға жаман,- дейді.
Құдайдан қорық, ұял пайғамбардан,
Мұндай сөзді есіттірме маған,- дейді [63, 85].

Қайнысын сабырға шақырып, арамдық ойлатып тұрған шайтанның ісі екендігін ескертіп, тәубеге келуге көмек жасағысы келеді. Адамды кінәлаудан ой аулақ. Нәпсісін қозғаған шайтанды жазғырып, шайтан жолынан адалдық жолына түсуге үгіттейді:

Шайтан сенің көңілге кірген шығар,
Көңілді шайтан бұзып жүрген шығар.
Тәубе қыл, бұл ниетің жаман болар,
Құдай біліп сырыңды тұрған шығар.
Құдайдан қорқып, ұял адамзаттан,
Тәубе қылып қайт, жаным, бұл ниеттен.
Ақыретте береміз не деп жауап,
Ынсапсыз, қорықпаймысың ақыреттен [63, 86].

Өзі сенген ақ жол Марғұбаны еш адастырмайды. Өзі де сенеді, өзгені де сендіруге күш салады. Нәпсің қозғалса қанағат қыл, қиындық көрсең шүкіршілік ет, жаман ойыңды өзгеден жасырсаң да, Тәңірден жасыра алмайсың, тобаңа кел. Істеген ісіңе ақыретте жауап берер күн туады. Сол күндерді ұмытпа. Періште келіп, істеген ісіне жауап сұрағанда, бұл өмірдегі бар іс-әрекетіңмен соған дайын бол. Азғана күнгі тірлігіңді мәңгілік деп есептеме, шайтан жолына еріп азғындама. Марғұбаның бар іс-әрекеті осыны насихаттайды.

Қайнысы бұ сөзді естіп ашуланды,
Қасына жеңгесіне жетіп барды.
- Сені жұртқа масқара қыламын,-деп,
Өлтірем, деп қатынға қорқу салды.
Көңіліңді қоспадың маған, -дейді,
Көп ашу көрсетемін саған,-дейді.
Қылармын сені жұртқа мен масқара,
Кел, мойынымнан құшақта жылдам,-дейді.

Мұншалықты сөзді есіткен Марғұба өзінің ар-намысын, иман-ибасын жоғалтпастан ерлікпен жауап береді.

Мен бермеймін ағаңның аманатын.
Өлім артық дүниеде жаман аттан,
Жан есенде бермеймін аманаттан.
Тұр, кет менің қасымнан, жүзі қара,
Мен қорықпай зина қылман аманаттан [63,86].

Қайнысы Марғұбаға қастық жасауды ойлайды.
Көңілінен тауфиқ қашып,шайтан кірді,
Қазыға айтайын деп кері жүрді.
Дарбаза төрт жігітті алып келіп,
Қазыға арыз-нама жазып берді.
Арыз-нама ішінде жазған мұны:
«Жеңгем ойныс қылар-ды күні-түні.
Көзбен көрген төрт кісі куәһім бар,
Айтқалы алып келдім сізге оны.
Арыз қылдым, әй, тақсыр, сізге келіп,
Айтпасам күнәһ болар көзім көріп.

Жалған куәлердің сөзінен соң, ақ-қарасы ажыратылмастан жалған сөйлеп ақша үшін құдай сөзінің айтып тұрған төртеудің сөзіне шүбәсіз иланған қазы үкімімен Марғұбаға, зина жасаған әйелге кесілетін шариғаттық «тас боран» жазасы бұйырылады.

Төрт адамның куәлік сөзіменен,
Қатынды алдырыпты хукім қылып.
Қайнысы, даукер төрт жігіт куәһ болды,
Ұрып ғаріп қатынды алып келді.
Шариғат хукімі бірлән жан берген соң,
«Тасқа тұтып, өлтір» деп хукім қылды.
Қатынды белуардан көмді дейді,

Көп халайық отырған көрді дейді.
Жиылған адамзаттың қисабы жоқ,
Қолдарына бір-бір тас берді дейді.
Шариғат хүкім бірлән таспен атып,
Жұрт тарқап үйлеріне кетті қайтіп.
Төбе болды қатынға үйілген тас,
Бір күнәһ бейшараға қылды қайтіп» [63, 87].

Адалдығын дәлелдей алмай, ақша үшін жанын беріп куә болған жандардың, нәпсі үшін адамдықты аяққа басып, ол ойы іске аспағанда, өзіне келер сөзден қорқып, кісі өлтіруге шімірікпей бара алатын қара ниетті қайнысының жапқан жаласының құрбаны болған Марғұба аузынан ешбір қарғыс, тағдырына нала естілмейді:

Құдай-ай бастан күнәһым асқан шығар,
Зинадан ғаріп көңлім қашқан шығар.
Құдай-ай, сізге аян барлық сырым,
Періштелер жазуға жазған шығар.
Ыбраһымға жақпадың Намруд отын,
Сақтадың пайғамбарды қалған жетім.
Ысмайылға көк қошқар құрбан бердің,
Құдай-ай, менің сенден бар үмітім.
Жүсіпке Зылиханы қауыштырдың,
Жетпіс жылда Жақыпқа табыстырдың.
Жүністі балық жұтты дариядан,
Құдіретіңмен һәр істің бәрін көрдің
Айубты қырық жыл құрттар жеген етті,
Мұнша мехнат бергенге шүкір етті.
Құдайым, құдіретіңе бел байлап мен,
Жақынына бүгін маған мехнат жетті.
Жер-көкке патша қылдың Сүлейменді,
Өміріне қаратты һәр бір жанды.
Құдіретіңе бір ісі душар болып,
Патшалықтан айырылып аз күн жатты.
Атам жоқ қаһарланып айқай салса,
Анам жоқ жалғыздықта қасыңа алса.
Біз түгіл, пайғамбарлар һәләк болған,
Жүз мың шүкір, Құдайы һәріне салса.
Иә, аман көрсет алғанымды,
Арман қылдым артынан қалғанымды.
Құдай өзі патшаһ бермес пе екен,
Ақыретке сатайын жалғанымды.
Үмітім көп, Құдай-а, сенден,- дейді,
Тәубе қылдым, қабыл қыл менден,- дейді.
Бұ мехнаттан ғарібіңе халастық бер,
Рахматыңнан үмітім үзбен,- дейді.

Құдай-а, саған мәлім бар күнәһым,
Бір өзіңе жетпесе менің аһым.
Патшалықпен білесің барша істі,
Сеннен басқа кім білер менің халім?
Тәңірім саған тапсырдым ғаріп басым,
Қалмады жылай-жылай көзден жасым.
Ғаріп қатын құдайға жылағанда,
Қорғасындай балқытты қара тасты.
Құдай-а, үмітім көп менің сеннен,
Тәубе қылдым, қабыл қыл ғаріп меннен.
Әнбия, әулиенің құрметіне
Өлгенше құрметіңнен күдер үзбен,-дейді [63, 88].

Кейіпкер адам баласының төзімі, сенімі сынға түскен қиын сәттерде қанша қиналып тұрса да, Алланың рахымынан ғана үміт етеді. Өзінің тек Алланың жаратылысы екендігін, бәрін жаратушы құдай қылатындығын бұ дүниенің сынақ екенін жадынан ұстайды. Өзі түгілі пенделіктен пәк адамдыққа адал пайғамбарлар да сыналып, азап шеккенін ойлай келе өзінің басынан өткен оқиғаларға, тартқан тауқыметтеріне тәубе деп қарайды. Нәпсі жолына түсіп, арамдық жасаған жанды «надан» деп біледі. Көңіліне сәуле түспеген, адал жолды көрмеген жандарға көкірегі ояу, сопылық іліммен сусындаған Марғұба биіктен қарайды.

«Жалғыз қайным жөн білмей болды надан» [63, 86],- деп қайнысының адам айтқысыз жауыздығын надандықтан, көзін ашып, көңіліне сәуле түсіретін Хақ жолын танытатын танымнан мақұрым қалуынан деп біледі. Өзіне жәрдем берер жалғыз жаратушы ғана екеніне нық сеніп, Алла жақсылығын сол сеніммен күтеді. Кейіпкердің басына түскен бейнетке төзіп, Аллаға шүкіршілік еткен сәттері сопылық сарында былайша өріледі:

Біз түгіл пайғамбарлар құлың болған,
Жүз мың шүкір қылайын хәр не салса...
... Құдайым өзі маған бермес пе екен,
Ақыретке сатайын жалғанымды.
Үмітім көп құдайым сенен дейді,
Тәубә қылдым қабыл қыл менен дейді.
Бұл бейнеттен ғаріпке халастық бер,
Рахыметіңнен үмітім үзбен дейді [63, 88].

Шығармада өлім халінде жатқан кейіпкердің пәктігі, адалдығы, Алла рахымының шексіздігіне соншалықты сенімі оның аман қалуына себеп болып жырланады:

Сақтай гөр, Қадір Ием, ғаріп жанды,
Жолменен бір ғараби пайда болды...
Зарлаған құлағына дауыс келді.
Келіп тұрды ол адам тас жанына,
Жылаған құлақ салды налашына.
Құданың күдіретіне қайран қалды,

Жылаған тас балқыды көз жасына.
Тасты ақтарып қараса, бір адам бар,
Ғараб қазып ақтарып тартып алды [63, 89].

Бұл арқылы ақын Алланың сүйген пендесін өзі сынаққа салып, өзі құтқарып отыратынын сопылық іліммен осылайша жеткізеді.

Шығармада кейіпкер бір қиындықтан құтылып, екіншісіне тұтылып отырады. Бұл - қиссаның негізгі тақырыптық ерекшелігі. Кейіпкер сол қиыншылықтың бәріне төзіп, жеңіп шығуы тиіс. Оның бұл күресінде демеуші Бір Алла деген сопылық ой-таным бар. Марғұбаны ажалдан арапалаушы араб жігіт те оның сұлулығын көріп, ғашық болады, некелі жар еткісі келеді, ұсыныс жасайды.

Таң қалды мұның көріп нұрлы жүзін,
Енді айтады қатынға арыз сөзін:
- Некаһ қылып алайын қатындыққа,
Ризалықпен маған ти сенің өзің.
Ашық болдым мен сіздің өзіңізге,
Туған айдай балқыған жүзіңізге.
Ерге тимек қатынға ұят емес,
Мойын қой, ғаріп қатын, сөзімізге,-

деп айтқан сәтінде де Марғұба өзінің өмірлік ұстанымын, қасиетті неке, некелі жар туралы түсінігін дінмен, шариғат жолымен сабақтастырады.

...Сақта деген қатынға ер аманатын,
Бір қатынға екі ер дұрыс па екен?
Пайғамбардың ойлап көр шариғатын
Менің ерім қазірде тірі,-дейді,
Меккеде қажылардың бірі,- дейді.
Байы тірі қатынға ерге тимек
Шариғатта дұрыс па, сұра?- дейді [63, 91].

Шығармада басты кейіпкер көп адамдардан жәбір көреді, жапа шегеді. Әйтсе де, осы кейіпкер-араб жігіті оның пікірімен келіседі. Бұл шығарманың айтпақ болған бір ойын танытатын секілді: ол – қоғамдағы адамдардың барлығы бірдей жаман емес арагідік болса да жақсы жандардың ұшырасып отыратыны.

Жігіт айтқан сөзіне тәубе қылды,
Шариғаттың әміріне мойынсұнды.
Қияметтік сен маған қарындас бол,
Үйіме алып барайын өзіңді енді.
Айтқаның дұрыс кірді құлағыма,
Таң қалдым әлгі айтқан жауабыңа.
Есен келсе, еріңе мен тапсырып,
Бейшара, аз қалайын сауабыңа» [63, 91].

Адалдық, парасаттылық салтанат құрады. Алланың қағидаларын орындап, нәпсінің емес, иманның жолынан үн қатып азда болса, Марғұбаға жәрдем беріп Алланың сауабын алайын деп өзінің ағалық қолын ұсынады. Жат

деп емес, жақыным деп құшақ ашады. Бұл да кейіпкерлердің адамгершілік туралы ислам діні қағидаларымен, сопылық іліммен астасып жатқан әрекеті. Әйтсе де сопылық ілімнің басты ұстанымы болған дәруіштік жол көп қиындық көру, ғаріптікте болуымен сабақтастықта туындаған Марғұба кейіпкердің көрер қиыншылығы жалғаса түседі. Сол қиыншылық арқылы Аллаға жақын болу, Оның мейір-шапағатына бөлену. Осындай себептерге, сопылық ұстанымдарға сай шығарма сюжеті де шебер шиеленістерге құрылған.

Бұл рахаттан өтеді талай заман,
Ғарібін тәңірім сақтап есен-аман.
Марғұбаны асыраған ғарабидің
Бір інісі бар еді залым жаман.
Марғұбаны көрді де ашық болды,
Пендеде не қылса да Тәңірім ісі [63, 91].

Үйіне паналатып, қияметтік қарындас қылған жігіттің інісі Марғұбаға «ғашық болады», оның тағы да қиындық көруі, қасірет шегуі басталады.

Тәубе қыл күнәһлы іске мойын қойма,
Тәубе қыл жақсы ниет көңіліңе алып.
Мен басымды Тәңірге тапсырғанмын,
Дүниеде зина қылман, білсең анық, - деп Марғұба оған да өзінің

Надан жан әйел айтқан сөзге қатты ашуланады.

-Жігіт қатын сөзіне қайран қалды,
Сөзіне Марғұбаның ашуланды.
«Сені жұртқа масқара қылайын» деп,
һәрбір түрлі қатынға қорқу салды [63, 93].

Бәле салып масқара етіп өлтірмекті ойлайды. Ол өз ойын жасырмастан:

-Жұртқа сені қылайын мен масқара,
Сөзіме құлағың қой, бермен қара.
Не өлтіріп қоярмын, не күйдіріп,
Әгәр мойын қоймасаң, әй, бейшара.

Марғұба жігіт сөзіне:

- Құдай-а, сиынамын саған,- дейді,
Есітгірме сөзіңді маған,- дейді.
Өлсем, жақын болармын Құдайыма,
Өйткенше иман берсін маған,- дейді».
«Марғұба жалғыз Хаққа жалбарады,
Іші қайнап, жүрегі оттай жанып» [63, 93].

Надандықты санасына сіңірген меңіреу жан бейшара қатынның айтқан ақиқат сөзін елеместен:

«Ойлайды: - Марғұбаны өлтірейін,
Басына бір жамандық келтірейін.
Бір бәлені қатынға көрсетейін,
Бұған мен жігіттігім білдірейін» [63, 93]

Адал жанға жала жауып қиянат іске баруды «жігіттік» деп түсінеді. Залым жігіт шімірікпестен өз бауырының жалғыз перзентін өлтіріп жаласын

Марғұбаға жабады.

«Бар еді Ғарабидің жалғыз ұғылы,
Жалғызым деп сүйеді күндіз-түні.
Андан басқа жоқ еді һеш перзенті».
«Ол жігіт бұғазлады бұ баланы,
Бір түнде күнәһы жоқ бейшараны.
Қан қылды Марғұбаның қолы-басын».
«Марғұба білмей мұны ұйықтап жатты,
Бейкүнәһ бұғазланды бала пақыр.
Қанды пышақ жастыққа тығып қойып,
Білдірмей шығып кетті жігіт кәпір».

Айта кететін бір жайт бұл «ғашықтар» ақын өзі қастерлеген, Алла сыйлаған қасиетті сезімнің иелері емес, Ясауи айтатын «жалған ғашықтар» екенін көрсетіп отырады. Олардың «ғашықтығы» - нәпсі құмарлық. Нәпсі құмарлық пен мөлдір сезім, адам жанын жуып-шайып тұратын таза ғашықтықтың арасы күн мен түндей. Бірі үшін бірі жанын қиған Таһир мен Зухра, Бозжігіт пен Хануза сезімі күндей алаулап, ол жандарды тек адалдыққа, биікке көтерсе, Марғұбаға кезіккен «ғашықтар» түндей түнеріп өздері «ғашық» болған күнәсіз бейшараның басына небір қиямет-қайымды еш шімірікпей орната салады. Олардың жүрегінде Алланың нұрымен құйылған адал сезім емес, шайтан салған күнәһар лас пиғыл ғана бар.

«Ғашық» болған қайнысы жұрт алдында масқара өлім жазасын сыйласа, келесі «ғашығы» сәби өлімінің жаласын жабады. Басында мұңы, азабымен қашып келе жатып өзгеге сауапты іс жасаймын деп басына тағы бір бәлені тауып алады.

«Амандасып Марғұба кетті дейді,
Көкіректе қайғысы көп-ті дейді.
Бір күн, бір түн пиада жүріп қатын,
Бір шаһардың қасына жетті дейді».
«Базарда жиналып тұр сансыз адам,
Марғұба келе жатты соған таман.
-Халайықтар жиылған себеп не?-деп,
Ғаріп қатын сұрайды бір адамнан.
-Патшаның бір жігітте хақысы көп,
Борышын төлейтұғын һеш пұлы жоқ.
Хақыңды бермедің деп ашуланып,
Дарға алып келді жігітті асамын деп [63, 96].

Осы сәтте Марғұба Алланың ақ жолында жүрген, жаны жомарт, жақсылыққа жаны жақын тұратын мейірімді жан екенін байқатады.

«Марғұба дар түбіне келді дейді,
Қарызы бар жігітті көрді дейді.
«Қарызыңыз қанша?» деп сұрады да,
Төрт жүз алтын ұлыққа берді дейді»
«Жігітті жіберді олар алтын алып,

Жомартына қатынның қайран қалып.
Бейшара өлімнен құтылған соң,
Аяғын құшақтайды жігіт барып».

Қарызын етей алмай дарға асылып тұрған жігітті сопылық жолдағы Марғұба ақшасын төлеп өлімнен құтқарып қалса да, бұл жігіт те оған өзгелердей «ғашық» болады да қалады.

«Ол жігіт Марғұбаның көрді жүзін,
Құлдық қылып қатынға айтты сөзін.
Марғұбаны көрген соң ашық болды,
Еш бұрмастан қарайды екі көзін
Көрді де Марғұбаға ашық болды,
Көзіне қан аралас жастар толды.
«Саған ғашық болдым» деп жүзі қара,
Ұялмай Марғұбаға арыз қылды.
-Көрдім де ашық болдым мен бейшара,
Жүрегім бұзылып тұр пара-пара.
Қылдай белден қысайын, қызыл жүздім,
Бетіңнен бір сүйейін бермен қара».

Сопылық жолды ұстанған, ақ жолдан айнымас Марғұба:

Ынсабың барма сенің,
Қайғы бірлән тұтанар менің жаным.
Алтын беріп өлімнен алып едім,
Құтылғанда айтқаның мынау сенің».
Қатын сөзіне құлақ аспаған жігіт:
«Сен мені сатып алдың,
Жүзің көріп бәлеге енді қалдым.
Өлсем тыныш болар ем бұнан-дағы,
Сен мені судан алып, отқа салдың» [63, 97].

Жігіттің өзі айтып отырғанындай, ол Марғұбаның оның көркіне, сұлу сымбатына құмар болады. Ал Марғұбаның өзіне өмірлік жол етіп ұстанған сопылық ілімнің негізгі қағидасы тән қалауы емес, жан қалауы еді. Сондықтан да оған Марғұба:

- Басымды, Тәңірім, саған бердім,-дейді,
Құтылмайтұғын бәлеге қалдым, -дейді.
Іздегенім бұл ма еді ғаріп басым,
Өзіме бәле сатып алдым,-дейді.
Өлімнен сатып алдым малым беріп,
«Зина қыл» деп айтасын маған келіп.
Ақыреттің күнінде Кәрім сұраса,
Неңдей жауап бересің анда тұрып?
«Зина қыл» деп айтасын маған, -дейді,
«Тәубе қыл» деп айтамын саған,-дейді.
Ондайдан Тәңірім қылсын аман дейді,
Махшарда зина қылған жаман,-дейді [63, 97].

Кейіпкердің бұл ойларымен жігіт ниет алған жолынан қайта қоймайды, өршелене түседі. Айтылған сөзден ғибрат алмаған ниеті харам жігіт қатты кектеніп:

- Қосылмай қалман,-деді,
Құлағым ондай сөзге салман, - деді.
Өзім өлмей, болмаса сені өлтірмей,
Жаным барда артыңнан қалман, - дейді [63, 98].

Жігіттің өз ойынан қайтпайтынын түсінген шарасыз Марғұба одан қашып құтылмақ болады:

Жүріп кетті Марғұба мұнан тұрып,
Келе жатыр соңынан жігіт еріп.
Қатын қашып, артынан жігіт қуып,
Жетеді бір күн, бір түн қуып жүріп.

Шарасы таусылған әрі қажыған, бірақ әрқашан Бір Аллаға берік сенімді Марғұба қатты жалбарынады. Оның тілегі қабыл болады:

Марғұба келді дария жағасына,
Сиынды медет бер деп Алласына.
Жүретін уақытқа әзір болған
Жолықты керуендердің кемесіне [63, 98].

Бірақ ойға алған ниетіне қолы жетпеген жігіт сұрқия айлаға көшеді, Марғұбаны күнім деп кеме керуеніне сатады. Міне осылай «жалған ғашық» жанның жасаған қаскөйлігінің нәтежесінде жасаған жақсылығы сұмдық болып оралып, Марғұба күн болып сатылып кетеді. Бірақ әрқашан жақсылық ойлайтын, алдағы күннен күдерін үзбейді:

Көнді қатын күн болып сатылғанға,
Жігіттің жапасынан құтылғанға.
Құдайға шүкір қылды ғаріп қатын,
Бірқатар жолықтым деп мұсылманға [63, 98].

Бірақ оның алдағы күнге деген сенімі, жақсы ниеті тағы да алдамшы болып шықты. Оның көркіне қызығып ойы бұзылғандар тағы да жолықты. Солайша кейіпкер бастан кешетін тағдыр тәлкегі жалғаса түседі. Бұл да көркем шығарманың түпкі тақырыптық мақсатымен сабақтасып жатқан, кейіпкерін сынай түсетін, шындай түсетін сопылық ілім ұстанымдары деуге болады. Оған ендігі көңілін білдіруші «ғашық» жан керуен басы болды. Ол:

Керуен басы қатынға көңлін айтты.
-Мен сені сатып алдым, малым беріп,
Кел, мойнымнан құшпақта, бермен келіп.
Ай жүзің бұ жаһанды жарық қылар,
Мен саған ашық болдым жүзің көріп [63, 98].-

деп Марғұбаға сөз салады. Сонда қисса кейіпкері:

«Мен ғаріпті сақта» деп зары қылып,
Тәңірден тілеп тілек тілейді енді.
Намазрамсың, қарама жүзімізге.
Мен біреудің некаһты қатынымын,

һеш қатасыз наныңыз сөзімізге.
Бір қатын екі ерге барар ма екен,
Ер қатынын өзге ер алар ма екен?!
Байы тірі қатынды алам деген,
Шарифатқа һеш дұрыс бола ма екен?! [63, 99].

Санасы тұманданған керуенбасы тек өз қалауын орындау мақсатында адамдықтан аттап, айуандық надандық іс бастайды:

«Керуенбасы қатынға қолын салды,
Жағын ұрып, шашынан ұстап алды»...

Сопылық жолды ұстанатын Марғұбаның жаны қайғыдан қиналып, жүрегі қанжылап жалғыз жәрдемшісі Тәңірден медет сұрайды:

- Әуелі жад етемін Тәңірім заты,
Қиналды бейшараның ғаріп жаны.
Зина бірлән дүниеде әсер қылып,
Шерменде мехшар күнде қылма мені.
Иләһи, барлық сырым мағлұм менің,
Зұлымдардан қалмады жаным менің.
Өзің жәрдем қылмасаң ғарібіңе,
Қалмады осы күнде халім менің [63, 99].

Марғұбаның бұл наласынан оның бүкіл жан дүниесі, өмірлік ұстанымы, рухани тазалығы Бір Аллаға деген сенімі көрінеді және беки түседі. Кейіпкердің шектен тыс сұлулығы шығармашылық тұрғыда екі себептен туындаған секілді: бірі – шығыс фольклоры мен әдебиетіндегі сұлу әйелдердің еріне деген опасыздығының көп жырлануы, екіншісі – сұлу әйелді жолынан тайдыруға барша жұрттың құштар болуына қарсылық ретінде сомдалған, бүкіл жан дүниесі сопылық іліммен кемелденген Марғұбаның бейнесі нәзіралық туындының басты шығармашылық идеялық, көркемдік ұстанымы болып табылады. Сондықтан да шығармада бейшара әйелдің Аллаға зарланып айтқан мұң-наласын есіткен кеме үстіндегі барша керуен адамдары жиналады. Бірақ олар қатынның нұр дидарын көрген сәтінде оған араша болудың орнына өздері де құштарлық танытады. Бұл сәт:

Таласты Марғұбаға бәрі келіп.
«Бұрын бәле бір еді, мың болды» деп,
Ғаріптің зәресі ұшты мұны көріп [63, 100], - деп беріледі.

Бұл шешім кейіпкердің адамдардан қайыр болмасына налуына алып келеді. Бұл да - қисса авторының шығармашылық көркемдік мақсатының көрінісі. Жалпы дін мәселесінде, сопылық ілімде тілек өзгелерге емес тек Тәңірге бағышталуы тиіс екендігі кейіпкердің мінәжатынан көрінеді:

«Иләһи, тілек менден, себеп сенден,
Бұ жерде үмітім жоқ һеш адамдан.
Құдіретіңменен ғарібке халастық бер,
Жаһанда мұңлы болмас бұ күн менден.
Тіледі бір Тәңірден қолын жайып,
Қылмадым бір жақсы іс сізге лайық.

Рақым (ет), Падишаһ, күнәһымды кешіре гөр,
Өзіме-өзім қылдым жүз мың айып» [63,101].

Жоғарыда айтылғандай, кейіпкердің діни ой, сопылық ілімінен туындаған, Тәңіріне риясыз сенген дұғасы қабыл болады.

Түтінге дария жүзің толды дейді.
Күн күркіреп, аспаннан қар, мұз жауып,
Қиямет дария жүзі болды дейді.
Бұларға Қадір Ием қаһар қылды,
Аспаннан бір бөлек от хазір болды.
Дарияның ішінде Құданың құдіретімен
Адамның бәрі күйіп күлдей болды.
...Кемедегі алтындар аман қалып,
Адам қалмай бәрі де жанып бітті [63, 101].

Кеме ішінде пейілі пәк, ниеті ақ, жаны адал, сопылық ілім, таным иесі жалғыз Марғұба ғана қалады. Бұл да Ясауи сопылық ілімімен сусындап өскен діни кітаби ақынның енгізген идеялық шығармашылық деталі. Сондықтан да бұл сәтті автор мұсылманшылықпен сабақтастырып, Құдайым барша жанға тауфик берсін, Бұзықтық мұсылманға жаман дейді деп көрсетеді.

Ақылбек Сабалұлы шығармадағы кейіпкерге қарсы іс-әрекет үстінде көрінетін «ғашық» жандарды надан қалыпта сипаттайды. Таза, діни болмысты ақынның танымы бойынша, ғашықтық - кіршіксіз сезім, таза, адал жүректерде ғана орын тебе алатын қасиетті нәрсе. Шын ғашықтық - нәпсіні ғана қанағатандыратын қара дүрсіндіктен жоғары, биік те пәк сезім. Шығармадағы жалған ғашықтар – надан нәпсіқұмарлар, кісі өлтіргіш жауыздар, кейіпкер Марғұбаның басына сан түрлі қайғы салушылар. Мұсылманшылықта «күніне мың пәле көрсең де, үміт үзбе Бір Алладан» деп айтылатынындай, Марғұба әрқашан адалдығынан таймайды. Өліммен қорқытқан надандарға «Өлсем жақын болармын құдайыма, Өлгенде иман берсін маған дейді», - деп лас өмірден иманды өлімді жоғары қояды. Ақ адал өлімнің өзі жақсы, іштей тазару арқылы, жаратушының дидарын көру - ақын насихаттап отырған ілімнің қағидасы.

Ақыретті түсінуге, Алла құдіретін ұғуға, шынайы ғашықтық сезімнің мөлдір тазалығын сезінуге олардың ой-өрістері, білімдері жетпейді. Айналасы осындай жандарға толған, ғаріп жанға қол ұшын созар бір қасиетті жан табылмағанда, әйелдің үміт етері - тек Алланың рахымы. Оның жаны өлімнен емес, залымнан шошиды.

Зинамен дүниеде әуре қылып,
Шерменде мақшар күнде қылма мені.
Жанымды алсаң айырма иманымнан,
Халал жолда жанымды қиғанымнан.
Зинамен дүниеде әуре етіп,
Мақшарда мақұрым қылма дидарыңнан.
Құдайымнан болмаса ақыр себеб,
Адамнан еш шапағат болмайды енді - деген сөздер арқылы

Марғұбаның ой-танымы көрініс береді. Қанша бейнет көрсе де, ақ жолынан таймаған пендесіне ақыры Алланың рахымы түседі де, жауыз жандар Алланың қаһарына ұшырайды. Алланың рахымы түсіп кейіпкер сопы патшаға жолығады, ол Марғұбаның бастан кештен оқиғаларына әрі таң қалады, әрі қатты қайғырады, көзіне жас алады. Марғұбамен бірге барып, падиша алтын, күміс асылдың бәрін ордаға алып келеді. Өзі әділ сопы падишаның кісі ақысына адалдығы шығармада былай беріледі:

«Біреудің қақы менде қалмасын», - деп,
Хан оңаша сарайға салды дейді.
Малдың бәрін түгелдеп салды хатқа,
Қиянат бола ма деп аманатқа.
Жерден тауып алғанды олжа көріп,
Қалмайын ақыретте жаманатқа» [63, 103].

Марғұба осыншама азаптардан кейін пенделіктің көп қызығынан қашып, тек Аллаға мінәжат етіп, түнде ұйықтамай, күндіз тоя тамақ ішпей біржола сопылық ілімді ұстануға ниет етеді. Патшаға:

Разы үй берсеңіз болар едім,
Тәңіріме күндіз-түні жылар едім.
Ораза, намаз оқып өлгенімше,
Тағат қып құлшылығын қылар едім.
Ниет қылдым сол үйден шықпайын деп,
Дүниенің бұзық сөзін ұқпайын деп.
Күні-түні Құдайға тағат қылып,
Жан бірлән иман қамын жоқтайын деп, -

сопылық жолда көмек етуін өтінеді. «Патша қатынға үй салып берді дейді, Марғұба ғаріп үйге кірді дейді. Күндіз-түні Тәңірге шүкір қылып, Құлшылық оңаша үйде қылды дейді» деген Марғұбаның сопылық өмір суреттері беріледі.

Шығармадан діни қиссашыл Ақылбек ақынның Ясауи сопылық ілімін меңгеріп, шығармашылығына арқау еткені «Дін жолында мехнат тартты дейді, Артық тамақ ішпейді, ұйықтамайды. Дүниені ақыретке сатты дейді, Мұсылман иман табар нәпсі тыйса, Дүниеде ізгілік сауап жыйса. Тәңірі бенде тілеуін бермей қоймас, Халал ниет жолында жанын қиса» деген өлең жолдарынан анық аңғарылады.

Адал ниеттен таймаған, көп бейнет шегіп шүкіршілігінен қайтпаған Марғұбаға Алланың ерекше мейірімі түседі. Ол ерекше қасиетке ие болады. Осының өзі шығармада адалдық жолынан таймаған кейіпкерге Алланың мейірімінің түсуі деп түсіндіріледі. Марғұбаға Алла Тағала тарапынан дарыған ерекше қасиет шығармада былай жырланады:

Ғаріпке дұға қылса қабыл болды,
Құдай берді қатынға кереметті.
Әулие қатын болды ниетінен,
Өзін Хаққа тапсырған құрметінен –
Ақсақ, соқыр, шолақ пен тілсіз келсе,
Бата алса жазылады бұ қатыннан.

Мұңлы кісі қатынға келеді екен,
Келген жанға батасын береді екен.
Келген жан мұратына бәрі жетіп,
Тәңірім қабыл дұғасын қылады екен.
Һәркімге дұға қылса қабыл болды,
Құдай берді қатынға кереметті.

Көп мехнат шегіп, ақ жолынан танбаған адал жанға Алланың шапағаты төгілсе, рахымы түссе, пенделіктен жоғарылап, шынайы бақытқа қолы жетпек. Сопылық ілімнің түсіндірері, қарапайым тілмен айтсақ, осы болмақ. Марғұбаның ерекше қасиетті, керемет жанға айналуы ақын тарапынан діни сопылық ойлармен сабақтастырылып түсіндіріледі. Кейіпкерге Алланың берген кереметтерін ақын тағы да нақтылап былай жырлайды:

Ақсақ келіп бата алса, аяқ бітті,
Саңырау келіп бата алса, құлақ бітті.
Жарлы келіп бата алса, малды болып,
Қатынның талай жерге даңқы кетті.
Соқыр келіп бата алса, көзді болды,
Тілсіз келіп бата алса, сөзді болды.

Адал жанға Алланың рахымы болса, жазықсыз жанды азапқа салған, нәпсінің құлы болған, ақыретін ойламаған пенделерге Алланың қаһары бар. Оны да ұмытуға болмайды. Ясауидің сөзімен айтқанда:

Қаһар атты қаһарынан қорқып жылар Қожа Ахмет,
Рахман атты рахымыңнан үміт тұтар Қожа Ахмет [61, 15].

Алланың рахымынан Марғұба қамқор патшаға жолығып, керемет қасиетке, ен дәулетке ие болып, халық арасына даңқы кеткен уақытта, залым жандарға Алланың қаһары да келіп жетеді.

Бұл арада етеді бір жаз, бір күз,
Баршаға ғаділ болған Құдайыңыз,
Не қылса шыда алдыңа келмей қоймас.
Күнінде келмейді деп асықпаңыз.
Келмей қалмас, жақсылық қылсаң-дағы.
Жер жүзіне падиша болсаң-дағы,
Дүниеде алдыңа бір келтірер,
Жаман ниет жолында жүрсең-дағы.

Әділ қазы-Құдайдың пенделерінің іс-әрекетіне қарай рахымымен қаһарын көрсетер тұсы - қиссадағы композициялық шиеленістердің шешімі болып шығады. Мұнда ешбір іс-әрекеттің себепсіз болмайтыны, қандай іс, не амал қылсаң да әр істің өзіне тән өтеуінің болатыны, жақсылыққа жақсылық, қайырымға қайырым, жамандыққа жамандық өтеуі болып жырланады. Осындай шығарма оқиғаларының шешімі Марғұба бастан кештен қиянаттардың ретімен жүйеленіп беріледі. Алдымен, шығарма оқиғасының бастауында баяндалған қайнысының қиянаты оның екі көзінен айырылып, зағип болып қалуы: «Марғұбаға өтірік жала қылған Жігіттің соқыр болды екі көзі», - деп жырланады. Жігіттің ағасы Марғұбаның күйеуі Мұрадсауыт інісін

осы дерттен айықтырам деп талай дәрігерлерге барады, інісінің денсаулығы үшін көп мал шапады. Бірақ ешқайсысынан шипа болмайды. Әбден үміттері үзілген шақта:

Бір шаһарда әулие қатын бар, -деп,
Себеп сонан болар,- деп есіттілер.
Бұлар іздеп ойлайды, баралық деп,
Тапқан малын алдына салалық деп.
Тәңірім берсе, бір себеп болмас па екен,
Қатынның фатихасын алалық деп», -

атағы алысқа шыққан шипагер әйелді іздеп жолға шығады. Жолай олар Марғұбаға сәби өлтірді деп жала жапқан жігіттің ағасының үйіне түседі. Ол жігіт те Алланың қаһарына ұшырап, аяқ-қолынан айырылып жатыр екен. Ал Марғұба өзі өлімнен төрт жүз дилдә төлеп падишадан алған жігіт те Марғұбаның қарғысынан ауыр дертке ұшыраған екен. Ол да осылармен ілесіп жолға шығады. Ұзақ жол жүріп, олар Марғұба тұрған шаһарға да жетеді. Емшінің үйін де табады. Бірақ сансыз көп адамды өз үйінде қабылдайтын емші бұларды танып, өзін танытпай, оларды хан сарайында қабылдайтынын айтады. Ханға хабар жетіп, ол ел-жұртын тегіс жияды. Марғұба хан ордасында дүйім жұрттың алдында олардың еткен күнәлы істерін түгел айтуын талап етеді, себебі бұлардың еткен үлкен күнәлы істері болып, соған тәуба қылмай, содан дертті болуы мүмкін дейді. Олар өздерінің еткен күнәлы істерін ел алдында айтуға қатты сасып қиналады, Марғұба ондай болса, өзінің бата бермейтінін айтып талап етеді. Олар амалсыз көнеді де, әрқайсысы өз ретімен көп алдында бір бейшара әйелге еткен қиянаттарын, жасаған зорлықтарын жайып салады. Жиылған жұрт олардың істеген қиянаттарына қайран қалады, сол сәтте Марғұба өзінің кім екенін жария етеді.

- Сақтаса, Тәңірім өзі болар қорған,
Үш залым бір қатынға жапа қылған.
Сол бейшара қатынмын мен Марғұба,
Залымдардың қолынан халас болған, - деп

бастап өзінің қанша қорлық көрсе де, бір Аллаға сиынудан танбағанын айтады. Сондықтан да Тәңірінен өзінің жақсылық көргенін, қиянатшылдардың Тәңіріден қорықпай, залымдық етуінің нәтижесінде қор болып алдына келіп отырғанын баяндайды. Жұртқа өзін де, күйеуін де таныстырады:

Мұрат Салық – халалым, ерім менім,
Түркістаным – шаһарым болар жерім менім.
Елімнен шығып жүрген мәнім осы,
Қалмады айтылмаған сырым менім, -

дей келе залымдардың Тәңірге тәубе қылуын талап етеді. Өзінің де батасын беретінін айтады:

Құдайға бұлар тәубе қылсын, - дейді,
Жаман ниет көңілден қалсын, - дейді.
Райдан қайтқан адам сауап табар,
Мен батамды берейін, алсын, - дейді, - деп дін, сопылық ілім

жолындағы адамның кешірімшіл болатынын көрсетеді. Сонша жанына азар берген жандар алдына келгенде де, жүрегіне Алланың нұры құйылып рухы тазаланып тұрған Марғұба залымдарды тәубесіне түсіріп кешірімін береді. Күйеуіне қосылып, еліне – Түркістан шаһарына қайтады. Күйеуі Мұрат Салық Құдай бақ беріп, патша болады:

Бақ берді Марғұбаға патша Құдай,
Жанның бәрі ескерсін мұнан былай.
Адамзат өз пиғылынан күнәһ табар,
Құдайдың құдіретінің бәрі осылай.
Марғұба қаңғырыпты талай жаққа,
Қараңызшы, Құдайым берген баққа.
Өзінің ниетінің дұрысынан
Отырды Мұрат Салық алтын таққа.

Сөйтіп, сопылық ілімді негіз етіп жырланған діни хикаялық қисса кейіпкерлері барша мұрат-мақсаттарына жетеді. Олардың мұрат-мақсаттарына жетуінің кілті – өздерінің хақ пейілділігі мен жан тазалығында. Бұл - олар ұстанған сопылық ілімнен бастау алып жатқан арна. Ниеті адал, көңілі таза жандарға осылай бақ қонады. Қоғамды рухани тазарту жолы деп, сонау Ясауи бабамыздан бастау алған сопылық іліммен діни кітаби нәзирашыл ақын Ақылбек Сабалұлы адал жар Марғұба оқиғасын қисса етіп жырлап шығады. Олар қоғамның бұзылған реңін көріп қиналады, соның емі ретінде сопылық ілімді ұсынады. Жан азығын, іздеген жан жоғын осыдан табады. Бұл ілімдегі Аллаға деген ғашықтықты кітаби ақындар адам баласының рухани жарақатын емдейтін таптырмас дәру деп бағалайды.

Діни нәзирашыл сопы ақындар осындай шығармалары арқылы ел көңіліне адалдық, мейірім, әділдік нұрын ұялатқысы келеді. Алла жолына адал мейірімді, жомарт бола білген адамның кемелдікке жол алатынын айтады. Демек, сопылық ілімді насихаттаудың өзі ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамына қажеттіліктен туындаған діни ағартушылық идеясын насихаттау болып табылады. Сопылық пен діни ағартушылық ұстанымдары қабысып кеткен тұстары діни ақындар тарапынан терең түсіндіріледі. Сопылық - көр соқыр қараңғылық, жоққа сену емес, терең білімге ұмтылып, Хаққа, ақиқатқа жету. Ақиқатқа тек білімділер ғана қол жеткізеді.

Тұрмағанбет Ізтілеуұлының шығармалар жинағы кеңес дәуірінде «Назым» деген атпен 1972, 1982 жылдары кітап болып басылып шығады. Бір атаумен екі рет жинақталып шыққан ақын мұрасының кейінгі 1982 жылғы үлгісі алдыңғыдан көлемі толықтырылып шықты. 320 беттік көлемде. Осы жинақтардың «Дастандар» аталып берілген бөлімінде ақынның «Марғұба» қиссасымен тақырыптас нәзиралық туындысы «Рауа Бану» деген атпен берілген. Көлемі 25 бет, 643 жолдан тұрады. 2007 жылы ақын мұрасы «Т.Ізтілеуұлы. Шығармалары» деген атпен 588 беттік көлемде басылып шықты. Мұнда алдыңғы жинақтарда «Рауа Бану» атауымен беріліп келген туынды кітаптың «Мысал, хикая, дастандар» бөлімінде «Орданың хикаясы» болып

беріледі. Көлемі жинақтың 398-414 беттер аралығын қамтиды. Жоғарыдағы сюжетті негізге алған Тұрмағанбет Ізтілеуұлы өз дастанын діни сопылық сарында жырлайды. Ақынның кеңес дәуірінде жинақталған шығармаларында оның дінге, сопылық ілімге қатысты жырланған ой-пікірлері алынып тасталған. Сондықтан да алдыңғы жинақтар мен кейінгі жинақтағы шығарманың арасында мәтіндік айырмашылықтар көрінеді. Мәселен, 1972 жылғы жинақта берілген «Рауа Бану» мынадай өлең жолдарымен басталады:

Тоқталмай топ ішінде, тілім, сөйле,
Дауамат тұра алмайсың мұндай тейде.
Жаһанның тұрақсызы түсіп ойға,
Қалмай ма қапаланып көңлің кейде.
Жеті ықылым жетегінде болғанменен,
Киерсің үш-ақ қабат бөзден жейде.
Жай жатпай сондықтан да жаз хикая,
Айтылып жүретұғын әр кірәйда.
Есіркеп есіткендер есіне алар,
Жан жорытпас жатқаныңда бір түлейде.
Нәһанын сеннен сұрап тұр жұрт,
«Отыр,- деп,- өте терең бүркемейде»
Шешенсіп шелиюдiң керегi не,
Сөзiндi сақтап қойып құр көмейге» [64,172].

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі ақын жинағында бұл жолдар өз қалпына келтіріліп, ақын сөзі мен ойы орнына қойылып былайша беріледі:

Тоқталмай топ ішінде, тілім, сөйле,
Дауамат тұра алмайсың мұндай тейде.
Жаһанның опасызы ойға түсіп,
Қалмай ма қапаланып көңлің кейде?
Жеті ықылым жетегінде болғанменен,
Киерсің үш-ақ қабат бөзден жейде.
Халін біл, Хақ үкіміне мойынсұнып,
Ерте-кеш ет пенделік, едірейме.
Жатпа тек және дағы жаз хикая,
Айтылып жүретұғын әр кірәйда.
Есіркеп естігендер етер дұға,
Жан жорытпас жатқаныңда бір түлейде.
Нәһанын сенен сөздің сұрап тұр жұрт,
«Отыр,- деп,- өте терең бүркемейде».
Шешенсіп шелеюдiң керегi не,
Сөзiндi сақтап қойып құр көмейге» [65, 398.б].

Шығармаға кіріспе ретінде жырланған бұл жолдардан ақынның діни және сопылық ілімдік ойларын танытатын сөздердің кеңес дәуірінде арнайы алынып тасталып отырғаны анық аңғарылады. Осындай өзгешеліктер мына өлең қатарларынан да көрінеді.

1982 жылғы нұсқада:

Елінде Ысырайылдың бар ед қатын,
Деуші еді «Рауа Бану» оның атын.
Жазы-қыс жақсылықты жадына алып,
Уәли ед өне бойы отыратын [64, 172].

2007 жылғы нұсқада:

Елінде Исрайылдың бар ед қатын,
Деуші еді «Орда Бану» оның атын.
Жазы-қыс Жаппар Хақтың жадын айтып,
Уәли еді өне бойы отыратын [65, 398].

Бұл үзінділерден кеңес дәуірінің дінге, сопылық ілімге қатысты ұстанған саясаты көрініс табады. Ал ақынның өзі жырлағалы отырған шығармасының кіріспелік ой толғамында бұл жалғанның өтпелілігін, сондықтан Хақ үкіміне мойынсұнып, иманды момын халде өмір сүрудің қажеттілігі шығармашылық адамның елдің одан күткен көркем де, даналықты жырлайтын туындылар сұрауына лайықты жауап беріп, ер артында сөз асылының қалуын дұрыс деп біледі. Ақын замандастарына, кейінгі жас толқынға өзінің діни ойлары мен адал өмірді уағыздайтын насихатын «Орданың хикаясы» аталатын түп тамырын шығыстан тартқан әрі пәлсапалық, әрі діни сопылық нәзиралық туындысы арқылы ұсынады. Өмір бойы шағатай-түрки, араб, парсы тілдерін және сол тілдердегі әдеби, діни шығармаларды оқып қалыптасқан ақынның өлкемізге кең таралған Ясауи сопылық ілімін жете танығаны, шығармаларында жырлағаны анық.

Қазақтың ұлттық фольклоры, әдеби мұрасы және шығыс классикалық әдебиетінен нәр алып өскен ақын еліне қажет рухани азықты бір замандарда айтылған аңыз-эпсаналардан, ертегілерден алуды, шығыс дастандарынан жырлауды мақсат етеді. Замана құбылысын, замандас келбетін оның ішкі әлемінің жүдеуін, жадағай тартуын ұлттық рухпен, діни сопылық іліммен және шығыс діни фәлсафасымен нәрлендіруді қалайды, заман адамының рухани әлемін байытуды көздейді. Т.Ізтілеуұлының «Рауа Бану» дастаны да «Марғұба» қиссасы секілді нәзиралық туынды. Нәзирашыл ақындардың әрқайсысының жырлау ерекшеліктерімен қатар, шығармашылық қиял, ой ұшқырлығы әрқилы. Соған орай шығармалар оқиғалар барысы, сюжеттік желісі нәзиралық дәстүр аясында болса да, өзіндік өзгешеліктермен беріліп отырады. Шығарманың жырлануы, кейіпкерлер әлемі, сюжеттік-оқиғалық желінің өрілуі және шығармашылық шешім нәзирашыл ақындардың бір сопылық іліммен сусындағанын, туындыларын толықтай сопылық ілім негізінде жырлағанын аңғартады.

Ақындар шығармаларында сопылық әдебиетке тән сөздер мен сөз тіркестерін көп пайдаланады: ғаріп, «көңілінен тауфих қашып, шайтан кірді, ақырда қуанармын», «Мұнша бейнет бергенге шүкір етті», «жүз мың шүкір қылайын һәр не салса», «ақыретке сатайын жалғанымды», «Тәубә қылдым», «Рахыметіңнен үмітім үзбен», «дін жолында мехнат тартты», «Халін біл, Хақ үкіміне мойынсұнып», «Ерте-кеш ет пенделік, едірейме», «Жазы-қыс Жаппар Хақтың жадын айтып», «қаһарынан қорық Құдайдың», «Өмірімше отырамын

сақтап ер хақын», «Жеткізер Жаппар несібемді», «Алланың әмірінен асылы аума», «шамадан тыс шүкір қылды», «Ерте ізде... тауфиқ, тәуба» т.б.

Марғұбаның ері қажылық сапарға аттанса, Тұрмағамбет ақын кейіпкері Орда Банудың ері әлеуметтік ахуалдарының төмен болғандығынан, амалсыздан алыс сапарға аттанады.

Адал ниетті жандардың көп қайғыға душар болып, азаптануы көбіне көп тура жолдан тайған, азғындаған, Жаратушының қаһарынан қорықпайтын надан, харам жандардың кесірінен болып жатады. Орда Банудың да көп тауқымет тартуы жаттан емес, жанына жақын, өздері сенген жандардан келеді. Күйеуі кеткеннен соң қайнысы Ордаға бұлай деді, отырғанда мәжіліс құрып:

-Ей, жеңге, жан-діліммен едім ғашық!
Кетті ағам келе алмайтын жолға қашық.
Өткізбей өмірді бос балалықта,
Тұрайық татулықпен араласып.
Етейік енді ұзамай ойын-күлкі...
Етті,- деп, - тілегімді Тәңірі қабыл.

Осы кезде Рауа Бану ниеті ақ, пәк жүректі пенде ғана емес, ақтық яки әділет үшін күресетін күрескер дәрежесінде көрінеді. Сұлулығына қызығып, нәпсісін тия алмаған қайнысына асқан сабырлықпен, білімділікпен жауап береді:

Ағаң жоқ болғанымен Алла дайын,
Аз өмір, әлі-ақ заман батар айың.
Қатынды қасиетсіз қайдан таптың,
Батпаққа батыратын белден байын?
Отырам өле-өлгенше сақтап хақын,
Отырма, олай десең, маған жақын.
Көзіме көрінбе енді, кет үйімнен,
Дініңе диуана екенсің ұрған зақым!

Үзіндіден адал әйелдің Алла жолына берік екендігі, бұ дүниемен қатар о дүниенің қамын да ойлайтындығы, еріне адалдығы көрінеді.

Қайнысын сабырға шақырып, нәпсінің жетегіне ермей ақырет күнді ойлауға, ағасының ақ төсегін аяққа таптай алмайтындығын айтып ақылға шақырады. Әйтсе де, қайнысы алған бетінен қайтпайды, дегеніне көнбеген жеңгесінен кек алуға кіріседі. Шығармадағы кейіпкерлердің осылайша қарама-қайшылықта сомдалуының өзінің де шығармашылық, көркемдік себептері бар. Туынды діни тақырыпты болуы себепті іс-әрекетке әзәзіл араласады. Ол әрқашан негізгі кейіпкерге қарсы бейнелерді қайрап салушы, азғырушы болып отырады. Орда Банудың рухани тұрғыдан әлсіз қарсыластары үнемі оның жетегінен табылып жатады.

Артынан әзәзіл де оның жетіп,
Өз-өзін үйреніскен жар-дос етіп, -
деп қайнысының түзу жолдан таюына түбегейлі себепкер болады.

- Қорқытсаң айтқаныңды етер,- деді
Жігіттік желдей зулап өтер,- деді.

Барында базарыңның құдай шалқы,
Қайта бар, тұрмай мұнда бекер деді.

Ібілістің дегеніне көнген қайнысы Бануды тағы азғыра бастайды.

Өзі сенген адалдық, ақтық тазалық жол Орда Бануды еш адастырмайды. Ол бүгінгіне ғана емес, ертеңіне ақырет күніне еш шүбәсіз сенеді. Өзі сенген сенімге, адалдыққа өзгелерді де сендіруге күш салады. Нәпсі қозғаса қанағатты ойла, қиындық кездесе, ол үшін мойыма шүкірлік етіп, тәубенді ойла. Егер арам пиғылың болса, оны өзгеден жасырғаныңмен Алладан жасыра алмайсың, тобаңа кел. Сен жаратушы емес, тек жаратылысың ертеңгі күні ақырет сәтінде сұрақтарға жауап беріп бес күндік фәни тіршіліктегі әр бір ісіннің жауабын алады. Сол күндерді ұмытпа. Періште келіп істеген ісіңе жауап сұрағанда, бұл өмірдегі бар іс әрекетіңмен соған дайын бол. Азғана күнгі тірлігіңді мәңгілік деп есептеме, шайтан жолына еріп азғындама. Адамдығыңды аяққа таптап, пенделіктің қамытын киме, жасанды, алдамшы тіршіліктегі құлқыңды нәпсі үшін нәсіліңді ұмытып адалдықтан аттама. Орда Банудың бар іс-әрекеті, міне, осыны насихаттайды. Сондықтан да Орда Бану қайнысына батыл да, шешімді жауабын:

Орда: - Арманым жоқ, - деді, - өлсем,
Жолында Жаппар Хақтың жаным берсем,
Боламын қияметте қара жүзді
Егерде айтқаныңа сенің көнсем, -

деп береді. Айтқанын етпеген соң қайнысын ашу қысып, жалған төрт куәні жалдап алып, жеңгесін зинақор деп айыптайды. Ібілістің жетегінде кетіп, ой-санасын бүтіндей нәпсі жаулап алып, көңілін қапас қараңғылық тұманы жайлаған қайнысы Орда Бануға жала жабады. Оған зина жасаған әйелге кесілетін шарифаттың «тас боран» жазасы бұйырылады.

Шынайы діни дүниетанымда, сопылық ілімде адам баласы төзімі, сенімі сынға түскен қиын сәттерде қанша қиналып тұрса да, Алланың рахымынан ғана үміт етеді. Өзінің тек Алланың жаратылысы екенін, бұ дүниенің өтпелі жалған екенін, сынақ екенін жадынан шығармайды. Өзі түгілі пенделіктен пәк пайғамбарлар да азап шеккенін, олардың көрген сынағының қасында өзінің басынан өтіп жатқан оқиғалардың түк еместігін ойлап, қиямет күніне тәубе етеді. Нәпсі жолына түсіп, азғындаған адамды - «надан» дейді. Көңіліне сәуле түспеген, адал жолды көрмейтін жандарға көкірегі ояу, сопылық іліммен сусындаған Орда Бану биіктен, сабырмен көз тастайды. «Жалғыз қайным жөн білмей болды надан», - деп қайнысының адам айтқысыз жауыздыққа баруын надандықтан, көзін ашып, көңіліне сәуле түсіріп тұратын Құдай жолын үйрететін білімнен мақұрым қалғандығынан деп түсінеді. Жәрдем берер жалғыз жаратушы ғана екеніне нық сенеді. «Санасызға айтқан сөз, Құмға сіңген су мен тең» - деген сөзді ұстанғандай, оған артық оғаш сөз шығындамайды. Тарихаттан мысалдар келтіріп, Алланың жақсылығын нық сеніммен күтеді. Басына түскен бейнетке шүкіршілік етеді.

Үйілген тас астында қалып, өлім аузында жатқан Орда Банудың өзінің адалдығына, Алланың рахымдылығына соншалықты сенімі, шындығында,

адамды таң қалдырады. «Марғұба қатын» қиссасында Марғұбаны тас астынан құтқаратын жай бір жүргінші Ғараб деп берілсе, «Орда Бану» дастанында араб деп нақты бір ұлттың атын айтады.

...Сол жерге шаруа бір араб келген,
Кідіріп, тындады да тұра қалды.
Шыққан соң шамалы ыңыл осы жерден,
- Дыбыс,- деп тұрды қарап, - қаяқтағы?
Қолында бар еді оның таяқ-тағы.
Түртілеп тасты аударып көре берді,
Итеріп етігімен аяқтағы.

Орда Банудың сондай сеніміне лайық оны Құдайдың күдіретімен бір араб жігіті құтқарып алады. Бұл арқылы ақынның айтпағы Алланың өзі сүйген пендесін сынаққа салғанмен ажал аузында қалдырмайтындығын сопылық іліммен жеткізеді. Бұл нәзирашыл кітаби ақындардың мұсылмандық шығыстың діни-рухани білімімен сусындауының, сопылық ілімнен нәр алуының айғағы. Шығарма кейіпкерінің сынағы онан әрі жалғаса түседі. Тас астынан аршып, өлімнен арашалап, емдеп сауықтырып алған жігіттің де оған көңілі ауады:

Ордаға оның-дағы кетіп ғишқы,
Қалжындап, қиқарсып кеп қолын қысты.
Тітіреп тұла бойы қорқып Хақтан,
Ойла, - деді, - ақиретте болар істі, - деп Орда Бану оны ақылға, сабырға шақырады. Өзінің Алланың ақ жолынан айнымайтынын, шарифаттың заңын аяққа баса алмайтынын айтады. Араб жігіті де оның айтқанымен келісіп:

Деген соң, «олай болса, тәубе еттім» деп,
Ордамен ақиреттік дос болады.

Адалдық, парасаттылық салтанат құрады. Алланың қағидаларын орындап, нәпсінің емес, иманның жолынан үн қатып, аз да болса Ордаға жәрдем беріп Алланың сауабын алайын деп өзінің ағалық қолын ұсынады. Жат деп емес, жақыным деп құшақ ашады. Әйтсе де, Орданың көрер қиындығы жалғаса береді. Өйткені автор мен туындының тақырыптық және шығармашылық мақсаты бойынша сопылық таным иесі-кейіпкер дәруіштер көрер қиындықтардан өтіп, ғаріпшілдіктің ауыр сынынан соң ғана Алланың мейір-шапағатымен мұрат-мақсатына жетуі тиіс. Бұл жағынан алғанда, туындылар көркемдік шешім тұрғысынан ұқсас. Туындыларда кейіпкерлердің көптеген қиын сынақтар арқылы бақытқа жету идеясы өрілген. Шығарма композициясы осындай идеямен жабдықталып, соған орай шебер шиеленістерге құрылған.

«Марғұба қатын» қиссасында ақын өз кейіпкерін сындарлы сынақтардан өткізуді жөн санайды. Достық пейілмен есігін ашқан арабтың інісі Марғұбаға ғашық болып, пейілі ақ жанның басын шырғалаңға салса, «Орданың хикаясында» үйіне паналатып, қияметтік қарындас қылған жігіттің есік алдындағы қара құлы «ғашық болып» кейіпкерге көп қиындық келтіреді. Ол шығармада былай беріледі:

Бір қара құл бар ед коңқақ мұрын,
Көрген жан «кұрсын» деуші ед оның түрін.
Оның да Ордаға ғишқы кетіп,
Субх уа шам салушы еді көздің қырын.

Арам пиғылды, надан құл Орданың адалдық, тазалық туралы айтқан сөзіне қатты ашуланады. «Кеуіліне кейігенін кек тұтынып, Осы құл ортасында тұрып түннің» адал жанға жала жауып, қиянат жасайды. Залым құл шімірікпестен өз қожайынының жалғыз перзентін өлтіріп, жаласын Орда Бануға жабады. «Марғұба қатын» қиссасында арабтың інісі нәпсінің жетегіне еріп, туған ағасының емшектегі нәрестесін бауыздайды.

Баласын баярының барып шалды,
Ұйықтап ед ол уақытта жұрттың алды.
Десін,- деп,- осы өлтірген үйдің іші,
Үстіне Орданың жақты қанды.
Мысықтай маймалаңдап барып қана,
Пышағын бас жағына тықты жана,
Кеуіліне келді едәуір мақтаншылық,
«Кегімді алдым ғой, - деп, - көрген мана.

«Марғұба қатын» қиссасында Марғұбаның нақақ жаланың құрбаны болғанына имандай кәміл сенген Ғараби «әйелімнің мінезі нашар, кектесіп жүрер. Сенің ақ екеніңе күмәнім жоқ» деп Марғұбаны шығарып салса, бұл оқиға барысы «Орданың хикаясында» былай суреттеледі:

«Бәрі де: - Бұл айтқаның дұрыс,- деді,
- Жаламыз біздің еткен бұрыс, - деді.
- Кешіріп қатемізді осы қылған,
Ал бізден төрт жүз теңге күміс,- деді.
Ордаға беріп баяр төрт жүз теңге,
Күніңді ет, келгенше ерің шығып кеңге.
Біреудің кесепаты тағы тиер, -
Деп жылады, - емес ед,- деп,- ойым өңге».

Осылайша Орда Бану сапарға аттанады. Бір шаһардың базарында жұрт шуласып бір жерге жиналып жатыр екен. Ортада үлкен дарақта бір жігіт асып өлтіруге бұйырылған екен. Жөнін сұраған Бануға оның төрт жүз теңге борышты болып, өлім жазасына кесіліпті. Сопылық ілімді ұстанған Алла жолына шүбәсіз сенген Орда Бану еш қысылмастан жігітті ажал аузынан алып қалуға ұмтылады. Ақшадан адам өмірін биік қойып, өзінің ой парасатының биік екенін тағы да дәлелдейді. Бірақ бұл да оның жасаған жақсылығын сол сәтте ұмытып, «ғашық» болып, бәле болады. Бұл сәт те Марғұба оқиғасымен сәйкес келеді.

«Марғұба қатын» қиссасындағы оқиғалық желі «Орданың хикаясында» да ұқсас болып, қайталанып жырланады. Өзінің басына сор боп жабысқан, шексіз сұлулығымен, нәзік жанды әйел болғандығын ескеріп тағы да басыма қиыншылық туар деген ниетпен істейтін іс-әрекеті «Орданың хикаясында»

өзінің жынысын жасырып, еркекше киінуімен көрінеді. Сопылық іліммен сомдалған тұлғалар Марғұба мен Орданың ой түйюлерінше, оларға көп қиындық келтіретін кейіпкерлер ақыретті түсінуге, Алла құдіретін ұғынуға шынайы ғашықтық сезімнің мөлдір тазалығын сезінуге ой-өрістері, білімдері жетпейді. Айналасы осындай жандарға толған, ғаріп жанға қол ұшын созар жан табылмағанда, әйелдің үміт етері әрқашан бір Алла және оның рахымы болып отырады. Кейіпкерлердің өлімнен емес, залым жандардан жаны шошиды. Қанша бейнет көрсе де, Хақ жолынан таймаған кейіпкерлерге шығарма соңында Алланың рахымы түседі де, жауыз жандар Тәңірдің қаһарына ұшырайды. «Орданың хикаясында» рахымы түскен пендесін Алла сопы патшаға жолықтырады, бұл да - шығарманың тақырыптық тұрғыдағы өзіндік ерекшелігі, шешімі. Сондықтан да сопы патша «Патша еді фазылатты дәті берік» деп суреттеледі. «Көңіліне жан екен, орнаған нұр» деп падиша Орданы пір тұтынады. «-Дауамат дуғаңыздан тастама», - деп, өтініп отырады. Патшаның осылайша қадірлеп өзгеше қабылдауынан, жағдай жасауынан кейін Орда Банудың біржола дін жолына қызмет етіп, сопылық іліммен өмір сүруіне толық мүмкіндік туады. Алланың рахымымен Орда Бануға керемет емшілік қасиет дарып, ен дәулетке ие болып, атақты болады. «Орданың хикаясындағы» осыдан кейінгі оқиғалар «Марғұба қатын» қиссасында жырланбайды. Демек, өзегі бір нәзіралық екі туындының түйінді шешімі дербес шығарылған. Тұрмағамбет ақын жырлауында Орда Бануды үлкен құрметте қарсы алған патша ауыр науқасқа ұшырайды:

Падиша бір күндері болды хаста,
Жақындап, жазылуы тағдыр баста.
Орнында отыратын ұлы жоқ ед,
Сол үшін түсті уайым кәрі жасқа, - деп сопы патша тағдыры үшін ел-жұртының патшасы үшін шын қайғырғаны жырланады. Дертті меңдеген патша Алланың жазмышымен бақыл боларының алдында жамағатын жинап, өзінің орнына, патшалыққа Орда Бануды ұсынып кетеді. Бұл сәт шығармада:

Падиша:- Жыламаңдар,- деді, - халқым,
«Шәрбатын» бұл өлімнің татады әркім.
Орныма осы жігіт отырсын,- деп,
Жаһаннан жұмып көзін болды марқұм, - деп беріледі. Артында қалған елі Орданы ортаға алады:
«Дүниеден өмірі бітіп өтсе де өзі.
Біздерге бар еді,-деп,-сондай сөзі»,
Орданы үлкен-кіші ортаға алып,
Өтінді «падишаның бол,-деп, - көзі».

Бұл жолдандан шығарманың өзіне тән, тақырыптық ерекшелігіне орай патша, патшалық, ел-жұрт өзгеше әуенде сопылық танымда жырланғаны аңғарылады. Соған орай, Орданың шешімі де, патшалықтан бас тартуы да лайықты жырланады. Ол адал ниетінің арқасында «Жетістім мәртебеге бұл сияқты, Өзіндей хақын сақтап ердің,-деді» дегеніндей жан жарымен қайта қауышып, бақытқа қол жеткізеді. Шығарманың бұл шешімі автордың діни

сопылық ойларымен сабақтастықта «Қайтадан қосып, Алла, осы екеуін, Тудырды өздерінен төрт ұғылды. Пайғамбар төртеуін де етті Тәңірім, Алланың айтты олар халыққа әмірін» деп, адал ниет, ер хақын сақтау бақытты перзентті өмірге, перзенттерінің Алла Тағала пайғамбарлары болуымен байланыстырылып беріледі.

Шығарма соңында автор оқырман қауымға арнап діни сопылық ойларымен қорытынды жасайды:

Олардай артым абат болсын десең,
Алланың әмірінен асылы аума!
Қолыңа туралықтың туын алғын,
Жазылған жақсылыққа ұшырауға...
«Хаққа – дос, халыққа бас» болам десең,
Ерте ізде, елеуремей, тауфиқ, тәуба...

Хазіреті Мұхаммед пайғамбарға алғаш құдайдан келген бұйрық «оқы» екендігі баршамызға аян. Мүмкін бұл Орта ғасырлық кезеңде ғылым, білім жөнінде алғаш айтылған сөз болса керек. Демек, мұсылмандық жол – білім жолы, ал сопылық – рухани білім жолы. Ислам діні бойынша әрбір мұсылманның білім іздеуі парыз екендігі шариғат үкімдері бойынша анық дәлелмен белгіленген. Оған адамзат баласына алғаш келген аяты - «оқы» деп басталатын Құраннан да, «бесіктен қабірге дейін білім ізде» - деген хазіреті Мұхаммедтің (ғ.с) хадистерінен де көптеген мысалдар келтіруге болады.

Ахмет Ясауидің Пақырнамасындағы шариғат мақамдарының жетіншісі - «ғылым үйрену».

Құл Қожа Ахмет ғалымдарға қызмет істе,
Ғалымдардың сөзін естіп амал істе.

Амал істеп, Хақ жолына жаныңды бер, - деп Алла Тағала дидарына ғашық болудың өзін ғылым-біліммен сабақтастықта жырлайды. Сондықтан мұсылман әлемінің сопылық ілімінің негізгі бастауы ғылым-біліммен тығыз сабақтастықта қарастырылды. Сол себепті де діни кітаби ақындар жырлаған қиссалардың біршама бөлігі ғылым-білімді тақырыптық өзек етті, уағыздады. Сол арқылы қазақ әдебиетін тақырыптық, жанрлық және көркемдік жағынан өсірді. Осы әдеби үдерістің бір көркем көріністері ретінде «Сұлтан патша» қиссасын, Базар жыраудың «Айна-тарақ» дастанын, сол материалдармен сабақтастықта дүниеге келген Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелік» романын айтуға болады.

«Сұлтан патша» дастанының сюжеті “Мың бір түннен” алынған [66]. Шығарманың басында ол туралы жырлаушы «Бұл өзі өлең емес, әңгіме екен» деп береді. «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 24-томында «Қытайдағы қазақ фольклоры. Хикаялық дастандар» қатарында беріледі [67].

Сұлтан патшаның үш ұлы да уәзірдің қызын өздеріне жар еткісі келеді. Патша үшеуін алыс сапарға ғылымның жаңа жетістіктерін меңгеріп, алып келуге жұмсайды. Үлкені өлген адамды тірілтетін шиша, ортаншысы алысты көретін айна, кішісі ұшатын тақтай алып келеді. Олар қайтар жолда кездесіп айнадан қыздың өліп қалғанын көреді. Тақтаймен ұшып келіп, шишамен

тірілтіп алады. Үшеуі қызға таласып, бір шешімге келе алмаған соң Сұлтан патша ғылым-білімнің нәтижелі ісін шешуді білімді молдаға тапсырады. Молданың ұйғарымы бойынша патшаның кенже ұлы уәзірдің қызын өзіне жар етеді. Осылайша білімге ұмтылу, ғылым жетістігін пайдалану діни кітаби ақындар тарапынан да таза ұлттық дәстүрдегі ақын-жыраулар тарапынан да қолдау тауып, жырланып жатты. Сондай еңбектің бір нәтижесі Базар жырау Ондасұлы жырлаған “Айна-тарақ” дастаны. Екі шығарманың жалпы мазмұны бірдей. Дегенмен “Айна-тарақ” дастанының аталған қиссадан айырмашылығы жоқ емес, мысалы, бұл дастанда үш ағайынды жігіт қызға таласып емес, кезекті саяхатқа шығады. Бір шаһарға келіп, бірі – алыстағыны көретін айна, біреуі - өлген адамды тірілтетін тарақ, енді бірі – ұшатын кілем сатып алады. Айнадан өліп жатқан ханның қызын көреді. Кілеммен ұшып келіп, тарақпен тірілтіп алады. Қыз тарақ сатып алған жігітті таңдайды. Сюжеттері ортақ екі шығармада ағайынды үш жігіт таласқан қыздың тағдыры әртүрлі шешіледі. Қызды “Сұлтан патша” қиссасында білімді молда тақтаймен ұшып келген жігітке ұйғарса, “Айна-тарақ” дастанында қыз тірілтетін тарақ сатып алған жігітті қалайды.

“Сұлтан патша” қиссасында шығыс дастандарындағыдай сипаттау, суреттеу жоқ. Кейіпкерлердің бір-біріне айтатын ғазал, монологтар мүлде кездеспейді. Қисса назиралық шығармалардың көпшілігінен өзгеше басталады. Дәстүр бойынша қиссашыл ақындар шығарма басында кіріспе ретінде Алла Тағаланы, оның елшісі Мұхаммет пайғамбарды, сахабаларды жырлап барып, негізгі оқиғаға көшіп жатса, бұл шығарманы жырлаушы бұл үлгіні ұстанбайды. Әйтсе де, ақынның бұл тақырыпты жырлауға рухани тұрғыдан мол даярлықпен келгені аңғарылады. Соған қарағанда, шығарманы жырлаушының ескіше жақсы сауатты болғаны көрінеді. Ол:

Ойладым бұл өлеңді жазайын деп,
Кейбіреу нәпсіден жүр азайын деп, -

деп мұсылманшылық, сопылық ойлар айтады. Шығарманың негізгі оқиғасы:

Болыпты бір патша салтанатты,
Халқына әмірлері жүрген қатты.
Атын айтсам мұның баян етіп,
Аты екен патшаның Сұлтан атты.
Малы көп кереметті патша екен,
Үш ұлы бар білмеген жаман атты, -

деп патшаның аты, оның үш ұлы бар екенін айтумен басталады. Ақын қазақы ұғыммен патшаның үш ұлына қалың бермей жүргендігін айтады:

Жүріпті үшеуіне қалың бермей,
Ұлдарын жаман-жақсы, тәуір демей.

Бұл ақынның шығыс фольклорлық материалын ұлттық дәстүрмен сабақтастырып жырлауын көрсетеді.

Күндердің күнінде патша үш ұлын шақырып алып, патшалықтағы кімнің қызына үйленгілері келетіндіктерін сұрайды. Ойланып келуге мұрсат береді. Үш ұл да Шаһибаз уәзірдің қызын алғысы келетінін айтады. Бұл іске не деп жауап беретінін білмеген патша оларды ұзақ сапарға өнер үйрену, ғылым-білім

меңгеру мақсатында Ерен деген шаһарға жұмсайды. Үш ұлдың ұзақ сапарда шынығуы, түрлі қиын істерде шешім таба білуге дағдылануы, түрлі өнер үйреніп келуі мақсат етіледі. Бұл:

Азық-түлік үш ұлы алды сонда,
Сапар жүріп үшеуі шықты жолға.
Тілеуі үш ұлының бір болды енді,
«Бере гөр, бізге өнер осы жолда» деген өлең жолынан көрінеді.

Үзіндіден ақынның ағартушылық мақсат ұстанып, тақырып таңдап отырғаны аңғарылады. Кіші ұл базардан бір жарқылдаған асыл тақтай сатып тұрған кісіге жолығады. Бала қызығады. Тақтайдың мәнісін сұрайды. Иесі тақтайдың кереметін былай баяндайды:

Қас қаққанша басады жылдық жолды,
Зуылдап кетер ұшып оң мен солды.
Алсаң да, алмасаң да тек өзің біл,
Бос қойып отырасың екі қолды.

Бала қызыққан тақтай кейбір ертегілердегі ұшатын кілем секілді ұшатын тақтай болып шығады. Кіші ұлдың бұл сәттегі оқиғасы осы ұшатын тақтайды сатып алуымен байланысты:

-Тәуекел, - деді бала, - алайын деп,
Өнерін байқап енді қарайын деп.
Мың ділдәға тақтайды сатып алды,
Еліме жылдамырақ барайын деп.

Шығарма оқиғасы барысында кіші ұлдың ұшатын тақтайды сатып алуы оның сапары мақсатының орындалуын, алдағы оқиғалар шешіміне қатыстылығын көрсетеді. Сондықтан да шығарма оқиғасы ортаншы ұлдың жайын баяндауға ойысады. Шығармада кіші ұлдың ұзақ та, қиын сапары егжей-тегжейлі баяндалса, ортаншы ұлдың сапары оның бір қалаға келгенімен басталады. Бұл мәселе кіші ұлдың шығарманың негізгі кейіпкері дәрежесінде суреттелгенін көрсетеді. Ортаншы ұл да бір шәріге жетеді. Ол да базар аралайды. Бір айна сатып жүрген кісіге жолығады. Айнаның иесінің көңілі қалаған нәрсені ұзақ жерден көрсететін кереметі бар екен. Ортаншы ұл оқиғасы қысқа ғана жырланып, оның осы керемет айнаны сатып алуымен аяқталады. Оқиға сарыны үлкен ұлға ауысады. Оның да ұзақ сапары толық баяндалмайды. Тек бір қалаға келіп, базар аралап жүргені сөз болады. Үлкен ұлдың сатып алатын кереметті заты өлген кісіні тірілтетін су болады. Сатушы: - Мұны құйса, тірілер өлген адам.

Аспайды уақыты сол сағаттан,
Асып кетсе болмайды әр жаһаттан, - дейді.
- Керек екен, - дейді де әлгі жігіт,
Шипаны сатып алды саудаласқан.

Сұлтан патшаның үш ұлы кері қайтып үш айрық жолдың басында жолығады. Сөйтіп, қыздың не істеп жатқанын көргілері келеді. Айнаменен қараса, қыз өліп қалыпты. Ел-жұрт жиылып жерлегелі жатыр екен. Үш жігіт дереу ұшатын тақтайға мініп, жетіп келеді. Қызды жерлеуге алып кетіп бара жатқан

көпшілікке «тоқтаңдар» деп айқай салады. Үлкен ұл өлгенді тірілтетін суынан қызға ішкізеді. Ол сол сәтте тіріледі. Енді үш ұлдың арасында қызды кім алуы керектігі жайында дау туады. Кіші ұл «менің керемет тақтайым болмаса, жете алмас едік» дегенді айтады. Ортаншы ұл «менің айна болмаса, қыздың өлгенін білмес едік» дейді. Үлкен ұл сиқырлы суы болмаса, қыздың тірілмейтінін айтады. Сұлтан патша бұл мәселенің шешімін «Біреуі көрді, біреуі жылдам жетті, енді бірі жан салды» деп көпке салады. Халық істің мәнісін шеше алмайды. Сонда Сұлтан патша ұзақ жерде бір үлкен молданың барлығын айтады. Кісі жібереді. Молда мәселені дұрыс шешу үшін кітап ашады. Бұдан көрінетін жайт: ақынның білім, кітап мәселесін жоғары көтере жырлап тұрғаны аңғарылады. Молданың шешімі бойынша қызды кіші ұл алады. Шығарма оқиғасы осымен аяқталады. Тақырып және шығармашылық мақсат – негізінен, сопылық ілімнің бір саласы болып табылатын білім мен өнерді, ғылым жаңалығын уағыздау, халықты оқуға үндеу.

Шығыс халықтарының ертегілерінің сюжеттік желілерін негіз етіп, қисса, дастан жырлау шығармашылығымен тек діни ақындар ғана емес таза ұлттық жыраулық-ақындық дәстүрде тәрбиеленіп, қалыптасқан ақын-жыраулар да айналысты. Шығармашылығының үлкен саласын жыраулық дәстүр туындылары алатын Базар жырау Оңдасұлы да - жыраулық терме, толғау жаратумен бірге шығыс тақырыбына да көптеп барған ақын. Оның «Айна-тарақ» дастаны да «Мың бір түн» ертегілерін желі етеді [68]. Бұл шығарма - жоғарыда айтылып өткен «Сұлтан патша» қиссасымен оқиғалас, өзектес туынды.

«Айна-тарақ» - сюжеті шымыр құрылған шығарма. Ағайынды үш жігіт бір қызға ғашық болады. Бірақ бірін-бірі білмейді. Үш жігіт мал саудасымен ұзақ жолға жүрмек болып, әрқайсысы жеке-жеке қызға келіп: «көңіліңе ұнаған нәрсенді айт, әкеп беремін»- дейді. Қыз жігіттердің үлкеніне кілем алуды, ортаншысына айна, ең кішісіне тарақ әкелуді ұсынған. Бір ай жол жүріп, Бұхара шаһарына жетіп, базарға айдап барған малдарын сатып болған соң, үлкен мың ділдәға кілем, ортаншысы мың ділдәға айна, кішісі үш мыңға тарақ сатып алады. Кілемді мініп алып ұшуға, айнаны биік жерге қойып дүниенің төрт бұрышын көруге, ал тарақты кеудесіне қойса үш күн бұрын өлген кісі тіріледі екен. Айнаның кереметін көру үшін биік жерге қойып, өз ауылдарына көз салған.

...Айнаның кереметі болған артық,
Сәулесі түседі екен күнмен балқып,
Дүниенің төрт бұрышын жақындатып,
Алысты алады екен леппен тартып,

Көп адам бір нәрсені көтерісіп,
Шаһардан бара жатыр сыртқа таман.

Кәдімгі хан қызы екен опат болып,
Жиналған жаназаға сонша адам [69, 58].

Үш жігіт кілемге мініп алып ұшып, жаназа тарқамай-ақ елге жеткен. Тарақты кеудесіне қойған кезде өлген қызға жан еніп, түрегелген. Тірілген қыз жігіттердің біреуіне ғана берілуі тиіс. Жігіттердің әрқайсысы өзінің алғанын орынды көріп, қызды бір-біріне қимай көп таласады. Бұл таластың түйінін шешуді хан қазылар алқасына тапсырған.

Шешпекке шиеленген мүшкіл сырды,
Сарапқа қазы салып кеңес құрды.
Тексеріп туралықпен түрлі жағын,
Ақылдың мизамымен өлшестірді.
Әбжаттың есебімен екшегенде
Тарақтың сан-салмағы болып тұрды,
Кілем мен айна парқын қосқанда тек,
Болыпты бағасы әрең тарақ құрлы.
Тарақтың тағы айрықша бір қасиеті
Жан беріп өлген қызды тірілдірді
Сондықтан қызды қосып кенжесіне
Кетірген көңіліндегі басқа кірді.
Қосылып екі ғашық бір-біріне,
Деп,- айтады өле өлгенше дәурен сүрді [69, 60].

«Сұлтан патша» қиссасы мен Базар жыраудың «Айна-тарақ» дастаны өзектес туындылар. Әйтсе де, әр шығарманың өзіндік ерекшелігі, бөлек көркемдік шешімі бар. Қиссада шығыс фольклоры материалы негізінде жырланған туындының шығыстық сипаты көбірек сақталған. Ал жырау туындысында ұлттық фольклорлық сипат басым көрінеді.

«Сұлтан патша» қиссасы мен Базар жыраудың «Айна-тарақ» дастаны арасындағы жалпы сабақтастық «Мың бір түннің» бір ертегісін негізге алғаны, ал шығарма оқиғаларындағы әрбір детальдар кітаби ақын тарапынан, Базар жырау тарапынан өзгеріске ұшырап отырған. Әрине, «Сұлтан патша» қиссасы «Мың бір түн» ертегісі нұсқасына жақын, ал Базар жырау дастанында көп жайттар ұлттық психология, ұлттық салт-дәстүр аясында беріледі. Мәселен, қисса мен дастанның басталуынан-ақ өзіндік өзгешеліктер анықтала түседі. Қиссада: үш ұл Сұлтан патшаның перзенттері, ұлдар ғашық болған қыз - уәзірдің қызы. Ал дастанда, біріншіден ұлдар – байдың, қыз – ханның перзенттері. Екіншіден, қиссада патша, дастанда хан деп беріледі. Мұның өзі - дастанның ұлттық санамен жазылғандығы, оқырманға түсінікті болуы ескерілгендігі. Сондай-ақ, қиссада патша ұлдары Ерен деген шаһарға сапарға аттанса, дастанда бай балалары мал сатуға барады. Қиссада патшаның ұлдарының кетерде қызбен жолығулары көрсетілмейді, дастанда хан қызымен мал сатуға кетіп бара жатқан бай балалары жеке-жеке кездеседі, олардың әрқайсысы «базарлыққа не әкелейік» деп сұрайды. Хан қызы үлкен ұлға кілем, ортаншы ұлға жақсы айна, кіші ұлға малы өтіп, пұлы жетсе, жақсы бір тарақ әкелулерін табыстайды. Екі шығармада да айна айна болып беріледі, ал ұшатын кілем ұшатын тақтаймен, өлгенді тірілтетін тарақ шөлмек сумен ауысады. Дастандағы кілем - қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінің ықпалының нәтижесі.

Қисса мен дастанда үш ұлдың сапарлары екі түрлі беріледі: қиссада үш ұл үш жол айрығына келеді, бірі - барса келер жолды үлкен ұлы таңдайды. Не келіп, не келмейтін жолды екінші ұл қалайды. Барса-келмес жолды кенже ұл қалауға мәжбүр болады. Үлкені мен ортаншысының жолда кездескен қиындықтары сөз болмайды, ал үшінші ұлдың жолының қиындығы ерекше болып, жыландармен, қалың ормандағы аюлармен соғысуы егжей-тегжейлі сөз болады. Ал дастанда малдарын сатқан ұлдар өздеріне тапсырылған заттарын Бұхар шәрінің қан базарынан алғандары ғана сөз болады. Мұндай құбылыс әдебиетте нәзиралық дәстүр делінеді. «Мың бір түннен» алынған «Сұлтан патша» қиссасы мен «Айна-тарақ» дастанын нәзиралық автор әрқайсысы өз қалауынша өзгеріспен жырлайды.

Дәуірінің ағарту саласындағы озық ойлы қайраткерлердің бірі болған Т.Жомартбаев ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің дамуына да мол үлес қосқан қаламгер болды [70]. Оның «Қыз көрелік» романы - осы кезеңдегі қазақ әдебиетіне ақын-жазушылар шығармашылығы арқылы еніп жатқан жаңа жанр романның қазақ топырағында өркендеуіне үлес болып қосылған туынды [71]. Шығармада жоғарыда айтылып өткен сюжеттік желі шамалы ғана өзгеріспен ХХ ғасыр басындағы қазақ өмірімен байланыстырылып беріледі. Кейіпкерлер де, оқиға желілері де қазақыланды. Сюжеттері ортақ үш шығармада ағайынды үш жігіт таласқан қыздың тағдыры әртүрлі шешіледі. Қызды “Сұлтан патша” қиссасында білімді молда тақтаймен ұшып келген жігітке ұйғарса, “Айна-тарақ” дастанында қыз тағдырын қазы-билер шешіп, қызды тірілтетін тарақ сатып алған жігітке балайды. Ал «Қыз көрелік» романында жазушы заман талабына сай оқыған қыздың өз қалауына салады. Автор ертегі сюжетін пайдаланғанымен, ол жігіттерді емес өзі теңдес оқыған Мұхаметғалиды таңдайды. ХХ ғасыр басындағы тақырып - әйелдің бас бостандығы. Бас бостандығы өзінде ХХ ғасырдың жаңа адамы Ғайникамал өз тағдырын өзі шешеді. Мұның өзі автордың оқырманды ілім-білімге, оқуға үндеуі деп білуге болады. Осылайша қазақ әдебиетінде «Мың бір түннің» бір ертегісінің желісін өзек еткен үш нәзиралық шығарма дүниеге келген. Үшеуі де сопылық ілімнің негізгі тақырыптарының бірі - білім, ғылым өркендеуінің адамзат баласының игілігі үшін зор мүмкіндіктер туғызатын ерекшелігін үндейді. Әйтсе де, осы арада бір дәстүр аясында туған үш туындыдан үш түрлі әдеби құбылысты аңғаруға болады. «Сұлтан патша» қиссасында прозалық туынды поэзиялық шығармаға айналу үдерісін бастан кешті. Сонымен бірге, қисса авторының өзі тарапынан ғылым-білімге үндеген өмірдегі таза бейілге, көңіл тазалығына, түрлі жаман пиғылдан арылуға, нәпсіні тыйып ұстауға шақырған қиссашыл діни ақынның сопылық ойлары анық аңғарылады. Ал Базар жырау ертегі оқиғасын қазақ еліне, хандық дәуірге алып келеді. Өлең өрнектері де 7-8 буынды толғау, жыр үлгісінде өрілген. Т.Жомартбаев романы ХХ ғасыр басындағы қазақ оқығандарының ағартушылық ойын, жастардың оқу оқуын, қазақ қызының теңіне қосылуын, жалпы, қазақ жастарының жарқын болашағын білім алу, өнер үйренумен бірлікте қарастырған көлемді прозалық шығарма, әрі жаңа роман жанрының туындысы.

Қорыта айтқанда, Ясауи хикметтері арқылы қазақ мәдениеті мен әдебиетіне айрықша сіңген сопылық ілім дәстүрлі жазба әдебиет өкілдері кітаби ақындар шығармашылығында, сол секілді ақындық-жыраулық поэзияда да ерекше көрініс тапты. Сондай-ақ, XX ғасыр басындағы жаңа реалистік жазба әдебиетте де заман талабына сай ықпал-әсерін жалғастырып, ағартушылық ой-өрнегімен астасып жатты.

Оқу үлгісін

Қорытынды

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ әдебиеті дамуындағы ерекше көрінген жай – ежелгі дәстүрлі жазба әдебиеттің қайта

өркендеп, Ясауи сопылық ілімі мен сол ілімді негіздеген оның хикметтері сопылық ілім тұрғысынан да, поэзиялық дәстүр тұрғысынан да кітаби ақындар шығармашылығында қисса-дастандар арқылы көрінуі.

Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы, сопылық ілімі дербес мектеп болып қалыптасып, ғасырларға ұласты. XII ғасырлардан бастап Алтын Орда, қазақ хандығы дәуірлері әдебиетінде, жыраулар поэзиясында Ясауи сопылық ілімі, дәстүрлік өрнегі жалғасын тапты. Сондай-ақ, бүгінгі әдебиеттану ғылымында «отарлық дәуір» аталатын XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің зар заман сарынында ерекше көрінді. Әсіресе, Ясауи сопылық ілімі XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында қатты өркендеген кітаби ақындар шығармашылығында діни қисса-дастандар сипатында көрініс берді.

Қазақ әдебиетінің тарихында кітаби ақындық және оның басты шығармашылық дәстүрі – нәзирагөйлік Ясауи, Бақырғани шығармаларынан бастау алып, Алтын Орда дәуірінде ұлы Ұлыстың мемлекеттік рухани қазығы ретінде мұсылман дінін берік бекіту, ұлыстың түрік жұртының ислами өркениетін қалыптастыру мүддесімен қабыса келіп туындады. Кітабилықтың кейінгі кезеңі орыс отарлығына қарсы қолданылатын рухани қару, діни, әдеби, жалпы өркениеттік, бүгінгі тілмен айтқанда, діни ағартушылық қозғалыс ретінде XIX ғасырдың екінші жартысында қайта туып өркен жайды. Олар жырлаған басты тақырып дін болды. Сондықтан да дін тақырыбында көптеген қиссалар тудырды. Сонымен бірге, өзге тақырыптарды жырлаған, мысалы, ғашықтық, хикаялық қисса-дастандарды да «Мың бір түн», «Кәлилә мен Димнә», «Тотынама», «Шаһнама» желілерінен алып, дербес нәзиралық туындылар етіп, діни-сопылық іліммен сабақтастықта жырлады. Бұл кітаби ақындықтың діни тақырыптан туындаған, өскен, өркен жайған, әдеби үдеріс ретінде дамыған көрінісі еді. Бұлай дейтініміз, олар жырлаған әр туындыда дерлік діни, діни-гуманистік, діни-фәлсафалық сарын шығарманың ішкі өзегіндегі діни, арқауы болып өріліп жатады. Бұл бұрынғы діни фәлсафалық-сопылық, кейінгі діни ағартушылық аталған бағыт екені анық. Ясауи сопылық ілімі мен оны негіздеген хикметтері олардың діни ағартушылық және діни-әдеби шығармашылықтарына басты бағыт-бағдар болған. Қожа Ахмет Ясауи өзінің сопылық ілімін хикметтерінде жырлағанда басты-басты тақырыптары мыналар болды: Алланың бірлігі мен барлығы және Алладан қорқу, Хақ дидарына ғашық болу, мейірімділік, қайырымдылық, төзімділік, адал еңбекті үндеу, білім мен ғылым.

Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілімінің, өмірлік ұстанымының негізін танытатын хикметтері қазақ ақындары тарапынан ғасырлар бойы жырланып келді. Сопы ақын хикметтерінің мәні мен маңызы қазақ ақындары жырлаған дәуірлер тынысына өзек боп өрілді. Жыраулар поэзиясы өкілдері шығармаларында көрініс беретін мұсылман діні, мұсылманшылық туралы ойлары Ясауи ілімімен, Бақырған шығармаларымен, Алтын Орда дәуірінде өркендеген мұсылмандық өркениетімізбен сабақтасып жатады. Әсіресе, отарлық дәуір аталатын XIX ғасыр ақындары шығармаларындағы зарлы әуен, зар заман сарыны Ахмет Ясауидің дәуір, дәуір тынысына орай құбылған адам

болмысы туралы өрілген ойларымен тығыз сабақтастықта жырланды десек артық болмайды. Зар заманның ұлы жыршылары деуге болатын Дулат, Шортанбай, Мұрат шығармалары, Кердері Әбубәкір толғаулары Ясауи толғаған заман жайымен үндесіп жатты. Бұл жайт олардың мұсылмандық оқуында Ясауи хикметтері үлкен орын алғанын, үлгі-өнеге болғанын көрсетеді. Қазақтың отарлық дәуірі әдебиетіндегі бұл мәселе Ясауи сопылық ілімі мен дәстүрі тақырыптық, көркемдік тұрғыда Абай поэзиясына онан Шәкәрімге ұласты.

Сопылық ілімді негіз етіп жырлаған діни хикаялық қисса кейіпкерлерінің де барша мұрат-мақсаттарына жетуінің кілті – өздерінің хақ пейілділігі мен жан тазалығында. Бұл - олар ұстанған сопылық ілімнен бастау алып жатқан арна. Ниеті адал, көңілі таза жандарға осылай бақ қонады. Қоғамды рухани тазарту жолы деп, сонау Ясауи бабамыздан бастау алған сопылық ілімімен діни кітаби нәзирашыл ақын Ақылбек Сабалұлы адал жар Марғұба оқиғасын қисса етіп жырлап шығады. Кітаби ақын қоғамның бұзылған кейпін көріп қиналады, соның емі ретінде сопылық ілімді ұсынады. Жан азығын іздеген жан жоғын осыдан табады. Ақын бұл ілімдегі Аллаға деген ғашықтықты адам баласының рухани жарақатын емдейтін таптырмас дәру деп бағалайды.

Діни нәзирашыл сопы ақындар осындай шығармалары арқылы ел көңіліне адалдық, мейірім, әділдік нұрын ұялатқысы келеді. Алла жолына адал мейірімді, жомарт бола білген адамның кемелдікке жол алатынын айтады. Демек, сопылық ілімді насихаттаудың өзі ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамына қажеттіліктен туындаған діни ағартушылық болып табылады. Сопылық пен діни ағартушылық ұстанымдары қабысып кеткен тұстары діни ақындар тарапынан терең түсіндіріледі. Сопылық - көр соқыр қараңғылық, жоққа сену емес, терең білімге ұмтылып, Хаққа, ақиқатқа жету. Ақиқатқа тек білімділер ғана қол жеткізеді. Сондықтан сопылық ілімнің ерекше бір насихаттайтын бір тақырыбы – ғылым-білім.

Мұсылмандық жол – білім жолы, ал сопылық – рухани білім жолы. Оған адамзат баласына алғаш келген аяты - «оқы» деп басталатын Құраннан да, «бесіктен қабірге дейін білім ізде» - деген хазіреті Мұхаммедтің (ғ.с) хадистерінен де көптеген мысалдар келтіруге болады. Ахмет Ясауидің Пақырнамасындағы шарифат мақамдарының жетіншісі - «ғылым үйрену».

Ясауи хикметтері арқылы қазақ мәдениеті мен әдебиетіне айрықша сіңген сопылық ілім дәстүрлі жазба әдебиет өкілдері кітаби ақындар шығармашылығында, сол секілді ақындық-жыраулық поэзияда да ерекше көрініс тапты. Сондай-ақ, ХХ ғасыр басындағы жаңа реалистік жазба әдебиетте де заман талабына сай ықпал-әсерін жалғастырып, ағартушылық ой-өрнегімен астасып жатты.

Кітаби ақындардың өздері жырлаған қисса, хикаяларда Ясауи сопылық ілімін негізгі идеялық өзек етіп ұстануының қарастырылуы – «Кітаби ақындар шығармашылығында сопылық ілімнің жырлануы» атты магистрлік диссертацияның ғылыми **жаңалығы** саналады. Жүсіпбек Шайхысламұлының сопы Мансұр әл-Халлаж туралы жырланған қиссасы Ахмет Ясауи

хикметтерімен сабақтастықта, салыстырыла қарастырылды. Сонымен бірге кітаби ақын Ақылбек Сабалұлының «Марғұба қатын» қиссасы мен Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Орданың хикаясы» дастанының Ясауи негіздеген сопылық поэзия рухында жасалған туынды екені көрсетіліп, шығарманың көркемдік сипаты ашылды. Шығармалардың қазақ әдебиетіндегі мәні мен орны анықталды.

Кітаби ақындардың шығармалығындағы Ясауи сопылық ілімінің көріністерін ашу, талдау, саралау – осы зерттеу жұмысының басты мақсаты болды. Осы мақсатқа сай, зерттеу жұмысының барысында біршама міндеттер атқарылды. Қазақ әдебиетіндегі кітаби ақындар шығармашылығының тақырыптық ерекшелігі сараланып, ислам дінінің сопылық іліміндегі ясауиа тарихатының негізін салушы сопы ақын Ахмет Ясауидің діни әдеби мұрасы зерделенді. Кітаби ақын Жүсіпбек Шайхысламұлының «Қисса Мансұр әл-Халлаж» туындысы Ясауи сопылық ілімі, хикметтерімен сабақтастықта талданды. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі хикаялық қисса-дастандардың сопылық ілімде жырлануы сараланып, кітаби ақын Ақылбек Сабалұлының «Марғұба қатын» қиссасындағы сопылық көріністері мен көркемдік ерекшеліктерін нақтыланды. Сонымен бірге, Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Орданың хикаясы» дастанын Ясауи негіздеген сопылық поэзия рухындағы туынды екенін көрсетіп, шығарманың көркемдік сипаты ашылып, діни кітаби ақындар жырлаған қиссалардың ғылым-білімді тақырыптық өзек етуі мен уағыздауы сараланды. Осы әдеби үдеріс негізінде дүниеге келген «Сұлтан патша» қиссасы, Базар жыраудың «Айна-тарақ» дастаны, сол материалдармен сабақтастықта дүниеге келген Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелік» романындағы ғылым-білімді уағыздаған сопылық ілім көріністері, аталған шығармалардың осы әдеби құбылыс арқылы қазақ әдебиетін тақырыптық, жанрлық және көркемдік жағынан өсіруі, шығармалардың қазақ әдебиетіндегі мәні мен орны анықталды.

Зерттеу жұмысынан алынған нәтижелер:

- XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің үлкен саласы діни ағартушылық бағытта дамыды. Бұл бағыт өкілдері мұсылманша оқыған, соған орай бүкіл шығармашылығы ислам дінімен, мұсылмандық шығыс фольклоры, классикалық әдебиетімен сабақтастықта дамыған дәстүрлі жазба әдебиет өкілдері –кітаби ақындар болды.

- Дәстүрлі жазба әдебиет өкілдері – кітаби ақындардың негізгі шығармашылық жанры қиссалар болды, сонымен қатар назым, дастан, хикая секілді жанрлық атауларды қолданып отырды. Бірақ ең көп қолданған жанрлық атауы қисса болды. Бұл туындылар мұсылмандық, діни сопылық әдеби дәстүрге орай көп жағдайда Алла Тағалаға мадақ, хамд, сәнә жырлаумен басталып отырды. Осыдан кейін Мұхаммед пайғамбардың пайғамбарлық қызметі, дін жолындағы қайраткерлік еңбегі ерекше жырланды. Сонан соң төрт шарияр, дін жолында қызмет еткен сахабалар мадақталды. Осы жолдардан кейін қисса авторы өзі жайлы, шығармашылық мақсаты туралы діни ойларын, өзі жазып отырған нәзиралық туындының түп негізі туралы мағұлматтарды да

жасырмай көрсетіп отырды. Бұл - өзінше кітаби ақындарда шығармашылық дәстүр болып қалыптасқан ерекшелік. Бұл шығармашылық дәстүрдің бір бастау арнасы Ахмет Ясауи хикметтерінің жырлану үрдісінде жатыр. Кітаби ақындар сопы ақынның хикметтерінің жолымен Мұхаммед пайғамбарды, төрт шариярды, сахабаларды жеке-жеке қиссалар етіп жырлаған.

- Кітаби ақындар шығыс әдебиетіндегі түрлі тақырыпты қамтыған шығармаларды нәзира дәстүрінде жырлаумен қатар, төл фольклорлық, түркі-шағатайлық әдеби туындыларды да қайта жырлап жатты. Сондықтан да олардың көпшілігі қазақ арасына кең таралып, қазақ әдебиетіне сіңісті болып, фольклорлық дәстүрлермен ұштасып, төл туынды дәрежесіне жетіп жатады. Сондай сипаттағы шығармалардың бірі - «Шәкір-Шәкірат» дастаны. Халықтық сипатта жырланған «Шәкір-Шәкірат» поэма-дастанының басты идеясы - адам өмірін жақсарту, тұрмыста кездесетін қиыншылық, ауыр азаптан құтылуда адамның күш-қуаты, ақыл, парасаты бәрінен де зор екендігіне мол сенім арта жырлауы сопылық іліммен сабақтасып жатқаны даусыз. Сондай шығармалардың қатарында адал жардың өмірін арқау еткен «Марғұба қатын», «Орданың хикаясы» қиссаларын ерекше атауға болады. Шығармалардың түп негізі Алтын Орда дәуірі әдебиетінің классикалық жәдігері «Қиссау-л-әнбиядан» бастау алады. Ясауи шығармашылық дәстүрі мен сопылық ілімі өзінен кейінгі ғасырлар поэзиясына Алтын Орда дәуірі әдебиетіне, онан қазақ әдебиетіне өтті. Осы дәстүр сабақтастығының Алтын Орда дәуірі әдебиетіндегі көріністері ретінде Рабғузидің «Қисасу-л-әнбия», Махмуд Кердерінің «Наһжу-л-фарадис», сопы ақын Исламның «Муғину-л-мурид», авторы Шәрәф немесе Уафаи деп беріліп жүрген «Раунақул-ислам» секілді еңбектерді атауға болады. Айтылып өткен жайлардан аңғарылатын мәселе – Ясауи сопылық ілімі мен оның ақындық мектебінің дәстүрі Алтын Орда дәуірінде жалғасқаны діни әдебиетке ұласқаны көрінеді. Осы дәстүр ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басында ерекше дамыған дәстүрлі жазба әдебиетке және оның өкілдері-кітаби ақындар шығармашылығына жалғасқаны Ясауи хикметтері мен Рабғузи қиссалары көптеген діни ғашықтық, хикаялық қиссаларға бастау болғаны анық көрінеді.

- Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығында көп жырланатын, айрықша мадақталатын, жұртқа сопылықтың үлгісі ретінде ұсынылатын хикметтер кейіпкері – сопы Мансұр әл-Халлаж және оның оқиғасы. Оның сопылық жолын кітаби ақын Жүсіпбек Шайхисламұлы «Қисса Мансұр әл-Халлаж» атты дербес туындыға айналдырған. Кітаби ақын Жүсіпбек Шайхисламұлы Ясауи хикметтерімен сабақтастырып, Мансұр, Насим сопылардың оқиғасын қисса етіп жырлауымен өзі де қатты рухтанып, сопылық үлгіде тоғыз шумақ өлеңді шығарманың соңғы сөзі ретінде жырлайды. Кітаби ақын Жүсіпбек Шайхисламұлының «Қисса Мансұр әл-Халлаж» туындысы - әрі көлемді, әрі қызықты оқиғамен өрілген діни сопылық көркем шығарма. Шығармада негізінен өлең үлгілерінің екі үлгісі он бір буынды қара өлең үлгісі, жеті-сегіз буынды жыр үлгісі алма-кезек қолданылып отырған. Қисса оқиғасы мен Ясауидің әлденеше хикметтерінде жырланған Мансұр оқиғасы бір-біріне өте

жақын өрілген. Жүсіпбек ақын өзінің нәзіралық қиссасын хикметтердің желісімен жүріп отырып орындаған. Кітаби ақын Жүсіпбек Шайхысламұлының «Қисса Мансұр әл-Халлаж» туындысы Ясауи сопылық ілімі, хикметтерімен идеялық сабақтастықта жырланған шығарма. Ахмет Ясауидің бірнеше хикметтерінде жырланатын сопы Мансұр әл-Халлаж оқиғасы Жүсіпбек шығармашылығында тұтастану, даралану үдерістерінен өтіп, дербес көркем шығармаға айналған. Бұл - ғасырларға жалғасып жатқан әдеби дәстүр сабақтастығы.

- XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі қисса-дастандардың көркемдік идеялық қазығы Ясауи сопылық ілімі болуына орай кітаби ақын Ақылбек Сабалұлының «Марғұба қатын» қиссасы мен Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Орданың хикаясы» дастаны секілді көптеген шығармалар Ясауи негіздеген сопылық поэзия рухында жырланған туынды болды. Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Марғұба» қиссасымен тақырыптас нәзіралық туындысы ақынның түрлі жинақтарында «Рауа Бану», «Орданың хикаясы» деген атаулармен беріледі. Ортақ сюжетті негізге алған Тұрмағамбет Ізтілеуұлы өз дастанын діни сопылық сарында жырлайды. Ақынның кеңес дәуірінде жинақталған шығармаларында оның дінге, сопылық ілімге қатысты жырланған ой-пікірлері алынып тасталған. Сондықтан да алдыңғы жинақтар мен кейінгі жинақтағы шығарманың арасында мәтіндік айырмашылықтар бар. Сопылық іліммен сомдалған тұлғалар Марғұба мен Орданың ой түйолерінше, оларға көп қиындық келтіретін кейіпкерлер ақыретті түсінуге, Алла құдіретін ұғынуға шынайы ғашықтық сезімнің мөлдір тазалығын сезінуге ой-өрістері, білімдері жетпейді. Айналасы осындай жандарға толған, ғаріп жанға қол ұшын созар жан табылмағанда, кейіпкерлердің үміт етері әрқашан бір Алла және оның рахымы болып отырады. Қанша бейнет көрсе де, Хақ жолынан таймаған кейіпкерлерге шығарма соңында Алланың рахымы түседі, ал оларға үнемі қиындық келтіріп отыратын, мейір-шапағаттан ада пенделер Тәңірдің қаһарына ұшырайды. «Орданың хикаясында» рахымы түскен пендесін Алла сопы патшаға жолықтырады, бұл да - шығарманың тақырыптық тұрғыдағы өзіндік ерекшелігі, шешімі. «Орданың хикаясындағы» соңғы оқиғалар «Марғұба қатын» қиссасында жырланбайды. Демек, өзегі бір нәзіралық екі туындының түйінді шешімі дербес шығарылған. Тұрмағамбет ақын жырлауында шығарманың өзіне тән, тақырыптық ерекшелігіне орай Орда Бану, патша, патшалық, ел-жұрт өзгеше әуенде, соған орай, Орданың патшалықтан бас тару шешімі де сопылық танымда жырланғаны аңғарылады. Шығарманың бұл шешімі автордың діни сопылық ойларымен сабақтастықта «Қайтадан қосып, Алла, осы екеуін, Тудырды өздерінен төрт ұғылды. Пайғамбар төртеуін де етті Тәңірім, Алланың айтты олар халыққа әмірін» деп, адал ниет, ер хақын сақтау бақытты перзентті өмірге, перзенттерінің Алла Тағала пайғамбарлары болуымен байланыстырылып беріледі. Шығарма соңында автор оқырман қауымға арнап діни сопылық ойларымен қорытынды жасайды.

- Діни кітаби ақындар жырлаған қиссалардың біршама бөлігі ғылым-білімді тақырыптық өзек етті, уағыздады. Сол арқылы қазақ әдебиетін

тақырыптық, жанрлық және көркемдік жағынан өсірді. Осы әдеби үдерістің бір көркем көріністері ретінде «Сұлтан патша» қиссасын, Базар жыраудың «Айна-тарақ» дастанын, сол материалдармен сабақтастықта дүниеге келген Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелік» романын айтуға болады. Мұндай құбылыс әдебиетте нәзиралық дәстүр делінеді. «Мың бір түннен» алынған «Сұлтан патша» қиссасы мен «Айна-тарақ» дастанын нәзиралық автор әрқайсысы өз қалауынша өзгеріспен жырлайды. Қазақ әдебиетінде «Мың бір түннің» бір ертегісінің желісін өзек еткен үш нәзиралық шығарма сопылық ілімнің негізгі тақырыптарының бірі - білім, ғылым өркендеуінің адамзат баласының игілігі үшін зор мүмкіндіктер туғызатын ерекшелігін үндейді. Әйтсе де, осы арада бір дәстүр аясында туған үш туындыдан үш түрлі әдеби құбылысты аңғаруға болады. «Сұлтан патша» қиссасында прозалық туынды поэзиялық шығармаға айналу үдерісін бастан кешті. Сонымен бірге, қисса авторының өзі тарапынан ғылым-білімге үндеген өмірдегі таза бейілге, көңіл тазалығына, түрлі жаман пиғылдан арылуға, нәпсіні тыйып ұстауға шақырған қиссашыл діни ақынның сопылық ойлары анық аңғарылады. Ал Базар жырау ертегі оқиғасын қазақ еліне, хандық дәуірге алып келеді. Өлең өрнектері де 7-8 буынды толғау, жыр үлгісінде өрілген. Т.Жомартбаев романы ХХ ғасыр басындағы қазақ оқығандарының ағартушылық ойын, жастардың оқу оқуын, қазақ қызының теңіне қосылуын, жалпы, қазақ жастарының жарқын болашағын білім алу, өнер үйренумен бірлікте қарастырған көлемді прозалық шығарма, әрі жаңа роман жанрының туындысы. ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі қисса-дастандар отарлық дәуір тынысына орай діни-ағартушылық сапада қызмет етумен қатар қазақ әдебиетінің жанрлық, тақырыптық, көркемдік жағынан өсуіне көп ықпал етті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы //Егемен Қазақстан. 4 желтоқсан, 2014.
- 2 Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері.- Алматы: Ғылым, 1973.
- 3 Ахметов З., Бөжеев М. Қазақ әдебиетінің тарихы. -Алматы: Ғылым, 1960-61. 1-2том.- 738б.-581б.
- 4 Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. - Алматы: Санат,1994.-311б.
- 5 Дүйсенбаев Ы. Қазақтың лиро-эпосы. -Алматы: Ғылым, 1973.-149б.
- 6 Келімбетов Н. Шәді ақын -А.: Жазушы, 1974.-95бб.
- 7 Күмісбаев Ә. Терең тамырлар. – Алматы: Ғылым, 1994. – 320 б.
- 8 Қыраубайқызы А. Шығыстық қисса-дастандар. - Алматы, 1997.
- 9 Ғашықнаме. - Алматы: Жазушы, 1976, -461б.
- 10 Ғашықтық дастандар. -Алматы: Ғылым, 1994, -440б.
- 11 Батырлық дастандар. -Алматы: Ғылым, 1995.-371б.
- 12 Дастандар.1, 2-том. -Алматы: Жазушы, 1990 / Ел қазынасы – ескі сөз / В.В. Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері/ Алматы: Ғылым, 1994.-616 б.
- 13 Маханов К.О. Нұралы Нысанбайұлы және оның ақындық мұрасы. Алматы, 1992.
- 14 Оспанұлы Ә. Қаратау шайырлары: Көмекші оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 192б.
- 15 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. - 240б.
- 16 Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы: Білім, 1998. – 256б.
- 17 Қамзабекұлы Д. Әдеби – тарихи процесс: ағымдар, концепциялар. (ағартушылық кезең): филол. ғыл. докт. ... дисс. - Алматы, 2002. – 365б.
- 18 Жаксылыков А. Образы мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – С. 428с.
- 19 Камалқызы Ж. Ақылбек Сабалұлының әдеби мұрасы: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Түркістан, 1999. – 137б.
- 20 Маханов Қ. Нұралы Нысанбайұлы және оның ақындық мұрасы: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 1992. – 168б.
- 21 Сәлімгерейұлы Қ. Нұржан Наушабайұлының әдеби мұрасы: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2001. – 148б.
- 22 Бермағамбетов С. Діни ағартушылық және Кердері Әбубәкірдің әдеби мұрасы: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1995. – 28б.
- 23 Әбілов М. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жыраулары поэзиясындағы діни-ағартушылық ағым (XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы): филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2001. – 24б.
- 24 Байбосынова Ұ.М. Сыр бойы ақын-жыраулары шығармашылығындағы ислам тақырыбы: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2006. – 126б.
- 25 Қансейітова Ә. Діни дастандардағы тарихи шындық және көркемдік уақыт. (XIX ғасыр және XX ғасырдың бас кезі): филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2005. – 146б.

- 26 Қоңыратбаев Ә. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: МерСал, 2004. – 516 б.
- 27 Қыраубаева А. Қазақ әдебиетіндегі шығыстық қисса-дастандардың түп-төркіні мен қалыптасуы: филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 1997. – 336б.
- 28 Бердібай Р. Жұлдыздар жарығы. – Алматы: Білім, 2000. – 248б.
- 29 Азибаева Б.У. Казахский дастанный эпос. – Алматы: Ғылым, 1987. –368б.
- 30 Әбдуов М. Қазақтың діни эпосы. Діни эпостың типологиялық және поэтикалық мәселелері. – Қарағанды: Қазақ университеті, 2006. – 264б.
- 31 Ахметбек А. Қожа Ахмет Йассауи. -Алматы: «Санат», 1998.
- 32 Әбдірәсілқызы А. Қожа Ахмет Йасауидің ақындық әлемі. -Алматы, 2007
- 33 Ергөбек С. Қазақтың дәстүрлі жазба әдебиеті. -Түркістан, 2012, -320б.
- 34 Eraslan K. Divan-i Hikmetten seçmeler. -Ankara, 1983.
- 35 Жармұхамедұлы М. Қожа Ахмет Иасауи және Түркістан. - Алматы, 1999
- 36 Дәуітұлы С. «Диуани хикмет» және қазақ поэзиясы. –Алматы: Экономика. 2001. -350б.
- 37 Жандарбеков З. Түркістанның қысқаша тарихы. -Түркістан, 2000.
- 38 Атик М.К., Дәуренқұлов Қ., Мырзабеков М. Ясауитану оқу құралы. -Түркістан, 2002.
- 39 Sebecioglu E. Tasavvuf Terimleri ve Deyimler Sözlüğü. -Ankara, 1997.
- 40 Köprülü F. Türk edebiyatında İlk Mutasavvıflar. -İstanbul, 1993.
- 41 Mert H. Hoca Ahmet Yesevi. -Ankara, 1999
- 42 Eraslan K. Divan-i Hikmetten seçmeler. -Ankara, 1983.
- 43 Eraydın S. Tasavvuf ve Tarikatlar. -İstanbul, 1981.
- 44 Зейбек Н.К. Қ.А.Ясауи жолы және таңдамалы хикметтер. -Анкара, 2003
- 45 Кенжетаев Д. Қ.А.Ясауи дүниетанымы. -Түркістан, 2004
- 46 Сәтбаева Ш. Әдеби байланыстар. - Алматы: Жазушы, 1974. -216 б.
- 47 Жолдасбеков М. Асыл арналар. Әдеби мақалалар. - Алматы: Жазушы, 1990.-348 б.
- 48 Амин аль Холи. Связи между Нилом и Волгой в XIII-XIV вв //Труды XXV международного конгресса востоковедов. -М., 1960.
- 49 Қыраубаева А. Шығыстық қисса-дастандар. -Алматы: «Өнер», 2010, 344 б.
- 50 Қамзабекұлы Д. // «Егемен Қазақстан» газеті, 1 қаңтар, 2015 жыл
- 51 Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
- 52 Сейфуллин С. 5 томдық шығармалар жинағы. 5-том. –Алматы, 1988.
- 53 Құдаш С. Жастық шақтың ізімен //«Жұлдыз» журналы, 1986, №11.
- 54 Рабғузи. Қисса-сул-әнбийя-й. Адам-Атадан Мұхаммед ғалайһи-уәссәләмға дейін. Қазақ тіліне аударған Роза Мұқанова. – Алматы: «Санат», 2001. -248 б
- 55 Әдеби жәдігерлер. 8-том. Насируддин Бурхануддин Рабғұзи. Пайғамбарлар қиссасы. -Алматы: Таймас баспа үйі, 2010. -340б.
- 56 <http://muslim.kz>
- 57 Қожа Ахмет Йассауи. Хикметтер (Шағатай тілінен аударылған). -Алматы: «Дайк-Пресс», 2000. -208 б.
- 58 Бертельс Е.Э. Избранные труды. Низами и Фзули. -Москва, 1962, -548 с.
- 59 Ысмайылов Е. Әдебиет жайлы ойлар. -Алматы: Жазушы, 1968. – 320б.

- 60 Идрис Шах. Суфизм. - Москва, 1994, -445 с.
- 61 Қ.А.Иасауи. Диуани хикмет. -Түркістан, 1993. -144б.
- 62 Камалқызы Ж. Ақылбек Сабалұлының әдеби мұрасы: филол. ғыл. канд. ...дисс. Автореф. – Түркістан, 1999. – 25 б.
- 63 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. –Астана: «Фолиант», 2004. Т.5. -344 б.
- 64 Ізтілеуов Т. Назым. - Алматы: «Жазушы», 1982. -320 б
- 65 Ізтілеуұлы Т. Шығармалары. - Алматы: «Дешті Қыпшақ», 2007. -588 б
- 66 Мың бір түн. Төрт томдық. Т. 1. / ауд. Қ.Әбдіқадыров. – Алматы: ҚМКӘБ, 1961. – 407 б.
- 67 Бабалар сөзі. Жүз томдық. Қытайдағы қазақ фольклоры. Хикаялық дастандар. 24-том. -Астана, 2005. -352 б.
- 68 Мың бір түн. Төрт томдық. 2-том. - Алматы, 1993. -405 б.
- 69 Базар жырау. Шығармалары. - Алматы, 1986, 200 б.
- 70 Бисенғалиев З. XX ғасыр басындағы қазақ романы. -Алматы: «Өлке», 1997. 250б.
- 71 Қалың мал, Қамар сұлу, Қыз көрелік. -Алматы, 1986.